В связи с интенсивными интеграционными процессами, происходящими в мире, остро встает вопрос о повышении качества образования. Данный сегмент является приоритетным и стратегически важным для Республики Казахстан. Построение независимого государства потребовало перемен, в том числе и в содержательной части образования. Происходит качественная оптимизация способов и технологий организации образовательного процесса, а также переустановка целей и результативности образования.

В связи с главными задачами, направленными на вхождение в единое европейское образовательное пространство, формирование содержания образования Республики Казахстан должно протекать с учетом не только мировых, западных, но и казахстанских тенденций и реалий.

Настоящее предполагает глубокое осмысление, понимание и принятие современных, гибких методологических подходов к конструированию содержания образования

В марте 2010 года Республика Казахстан подписала Болонскую декларацию, став не только полноправным участником, но и первым Центрально-Азиатским государством – членом Болонского процесса. Это событие и определило основные направления и приоритеты модернизации высшей школы.

Реформы, происходящие в системе образования в целом, исследуемая нами проблема в частности, актуализируют уточнения основных ключевых понятий, требуют глубокого понимания проблемы отбора содержания образования. Возникает необходимость конкретизировать понятия «содержание образования», «компетенции/компетентность», «компетентностный подход».

Итак, после принятия в 2007 году нового Закона Республики Казахстан «Об образовании» в системе образования Казахстана регламентирована возможность реализации многоуровневой подготовки специалистов (бакалавриат-магистратура-докторантура), которая предусматривает движение от общего к частному. Сущность данной подготовки заключается в том, что сначала человек получает широкое образование по какому-либо направлению, а затем постепенно переходит к более узкой подготовке через образовательные программы, ориентированные на специализацию и компетентность будущего специалиста.

Таким образом, данная трехуровневая система подготовки кадров явилась катализатором для глобальной переориентации оценки результативности образования.

Анализ психолого-педагогической литературы (А.Г. Бермус, В.А. Болотов, В.Н. Введенский, Г.Б. Голуб, А.Н. Дахин, И.А. Зимняя, О.Е. Лебедев, Н.В. Кузьмина, Г.К. Селевко, В. Хутмахер, А.В. Хуторской, О.В. Чуракова, и др.) показал, что, несмотря на довольно частое употребление рассматриваемых категорий в педагогической практике, в настоящий момент отсутствует однозначная трактовка понятий «компетенция» и «компетентность».

Категории «образованность», «воспитанность», «подготовленность» заменены современными категориями «компетенция», «компетентность» обучающихся [1, с.164]. Кроме того, расходятся мнения ученых относительно соотношения данных категорий, их классификаций и видов [2, с.102]. В 1984 году появляется работа Джона Равена «Компетентность в современном обществе». Автор не только приводит развернутое определение компетентности, но и излагает свои представления о природе компетентности, различает виды компетентностей и осуществляет их классификацию. Компетентность трактуется Дж. Равеном, как жизненный успех в социально значимой области [3, с.12]. Он выделяет 39 видов компетентностей, которые отождествляет с «мотивированными способностями». Среди выделенных Дж. Равеном видов: способность к самообразованию, самоконтроль, критическое мышление, готовность к решению сложных проблем, уверенность в себе, настойчивость, способность к совместной работе, персональная ответственность и другие [3, с.15]. Данная работа послужила толчком для исследователей во всем мире, в том числе и в России, к активной работе по проблеме определения понятия и видов компетентностей.

Понятия «компетенция» и «компетентность» стали довольно актуальными и часто употребляемыми не только в современной педагогике, но в быту и литературе, они стали обиходными уже в 60-ых годах прошлого столетия.

Толкование данных терминов приводится во многих словарях, где также применяются разные подходы к раскрытию сущностных характеристик понятий «компетенция» и «компетентность». К примеру, в толковом словаре русского языка С.И. Ожегов понятие «компетентность» рассматривает, во-первых, как круг вопросов, в которых кто-нибудь хорошо осведомлен. Во-вторых, круг чьих-нибудь полномочий, прав: «компетентность суда» или же «дело не входит в чью-нибудь компетенцию» [4].

В современном словаре рассматриваемая категория как исходное от латинского «competo» - добиваюсь; соответствую - подхожу рассматривается как круг полномочий, предоставленных законом, уставом или иным актом конкретному органу или должностному лицу, а также как знания, опыт в той или иной области.

А.А. Андреев в научной статье «Знания или компетенции?» данное понятие определяет следующим образом:

а) круг полномочий, делегированных субъекту (должностному лицу, органу управления, группе и т.д.);

б) предметная область, в которой субъект имеет опыт, информационный ресурс, знания и проявляет готовность к выполнению деятельности;

в) индикатор эффективности деятельности, показателями которой могут выступать соотношение ценности результатов и затрат на их достижение или степень успешности разрешения проблем, значимых для субъектов или организации. [5, с.3]

По мнению А.Г. Бермуса: «Компетентность представляет собой системное единство, интегрирующее личностные, предметные и инструментальные особенности и компоненты» [6]. М.А. Чошанов считает, что компетентность - это «не просто обладание знаниями, а постоянное стремление к их обновлению и использованию в конкретных условиях» [7, с.4].

А.М. Ароновым компетентность определяется, как «готовность специалиста включиться в определенную деятельность» [8, с.60], П.Г. Щедровицким - как атрибут подготовки к будущей профессиональной деятельности [9, с.15].

О.Е. Лебедев определяет компетентность как «способность действовать в ситуации неопределенности» [11, с.3].

И.А. Зимней «компетентность трактуется «как основывающийся на знаниях, интеллектуально и личностно обусловленный опыт социально-профессиональной жизнедеятельности человека» [9, с.35].

А.В. Хуторской, различая понятия «компетенция» и «компетентность», предлагает следующие определения:

Компетенция - отчужденное, заранее заданное социальное требование (норма) к образовательной подготовке ученика, необходимой для его эффективной продуктивной деятельности в определенной сфере. Компетентность – владение, обладание учеником соответствующей компетенцией, включающее его личностное отношение к ней и предмету деятельности. Компетентность – уже состоявшееся качество личности (совокупность качеств) ученика и минимальный опыт деятельности в заданной сфере.

Компетентность - совокупность личностных качеств ученика (ценностно-смысловых ориентаций, знаний, умений, навыков, способностей), обусловленных опытом его деятельности в определенной социально и личностно-значимой сфере [12].

Тем самым можно выделить 2 соотношения данных понятий:

Позиция равенства: компетенция = компетентность.

Понятие компетенции стало актуальным благодаря новым требованиям экономики к человеческим ресурсам. Новые законы экономического рынка требуют от человека своевременной адаптации к резко меняющимся условиям. Для нового формата трудового рынка человек, обладающий компетенцией, способен гибко и без минимальных моральных, материальных потерь решить ту или иную проблемы в профессиональной области, а также поддерживать и создавать новые связи сотрудничества. Компетенция, прежде всего, ориентирована на развитие собственной культуры мышления, аналитической рефлексии, самостоятельности и ответственности за принятие решений; компетенция устанавливается в стандартах посредством определения критериев деятельности (определение качества выполняемых функций), области применения и требуемых знаний [13, с.24]. В рамках такого равного сопоставления понятий, многие авторы делают акцент на прикладной характер компетенций.

Позиция противопоставления: компетенция компетентность в 1965 году..

Н. Хомский был одним из первых, кто предложил термин «компетенция» в рамках исследования по теоретической грамматике, которое проводилось в Массачусетском университете. Как следствие этого исследования в США набрало обороты образование, ориентированное на компетенции (competence-based education). По его определению, компетенция - это знание и понимание языка, а саму компетентность - умение употреблять язык в конкретных ситуациях. То есть компетентность - умение реализовать на практике компетенцию [14, с.9].

В рассмотрении компетенции (компетентности) в рамках нашего исследования, важно обратиться к теории деятельности, разработанной Р.Х. Шакуровым. Его теория гласит, что отношения человека с окружающим миром представляют собой активную форму взаимодействия, направленного на преодоление различных преград, возникающих на пути удовлетворения его потребностей. Наша жизнь состоит из процесса преодоления непрерывной цепочки барьеров - физических, духовных, социальных, ценностных, информационных и т.д. - в целях удовлетворения наших потребностей, жизнь есть борьба. Для преодоления преград, мешающих достижению целей, человеку нужны не только знания и умения, но и воля, изобретательность, способности, характер, т.е. не только то, чему человека обучают, но и то, что заложено в его личностных качествах [15, с.36].

По мнению ученого, любая целостная система, состоящая из элементов, обязана своему существованию барьерам, препятствующим ее распаду. Барьер всегда является элементом какой-то системы, он взаимодействует с другими ее элементами. Это не просто объект. В качестве барьера выступают не только наличие, но и отсутствие элемента системы, а также пространство и время. Барьер - это определенное отношение элементов, оказывающее воздействие на систему в целом или на его части. Специфику этого воздействия можно описать такими словами, как сопротивление, торможение, сдерживание, противодействие, блокирование, лишение и др. Все эти эффекты носят ограничивающий характер.

В общей форме понятие «барьер» можно определить как такое отношение между элементами системы, которое ограничивает свободу одного из них. Следовательно, суть барьера кроется в оказываемом воздействии. Он обладает энергетическим потенциалом, проявляющимся в ограничении какого-то движения.

Анализируя историю развития данных двух терминов, можно сказать о том, что в 60-е годы XX века понятия «компетентность» и «компетенция» начали употребляться в обиход, сопоставлялись и противопоставлялись друг другу. Проведенный анализ работ Н. Хомского, Р. Уайта, Дж. Равена, Н.В. Кузьминой, А.К. Марковой, В.Н. Кунициной, Г.Э. Белицкой, Л.И. Берестовой, В.И. Байденко, А.В. Хуторского, Н.А. Гришановой и других позволил условно выделить три этапа становления компетентного подхода в образовании.

Первый этап – 1960–1970 гг. – вводится в научный оборот категория «компетенция», создаются условия для дифференциации понятий «компетенция», «компетентность». Начинаются исследования разных видов компетенций, но все они проводятся в рамках трансформационной грамматики и теории обучения языкам. Д. Хаймсом вводится понятие «коммуникативная компетентность».

И. А. Зимняя ключевые компетентности представляет как результативно - целевая основа компетентного подхода в образовании [16, с.19].

Второй этап – 1970–1990 гг. – на данной этапе категории «компетенция», «компетентность» используются в теории и практике обучения языка, профессионализма в управлении, руководстве, менеджменте, в обучении общению. В частности используются в аспекте изучения иностранного языка. В это же время исследуется сущностная характеристика понятий «социальные компетенции/компетентности». В Лондоне в 1984 году выходит в свет книга «Компетентность в современном обществе», где дается развернутое толкование компетентности. Это явление, которое «состоит из большого числа компонентов, многие из которых относительно независимы друг от друга, при этом некоторые компоненты относятся скорее к когнитивной сфере, а другие - к эмоциональной, эти компоненты могут заменять друг друга в качестве составляющих эффективного поведения». При этом виды компетентности представляют различные мотивированные способности человека [3, с.9].

Исследователи второй половины XX века начинают выдвигать предложения по систематизации данного понятия. Более ранее Дж. Равен предлагал классифицировать 37 категорий компетентности. Также учеными предлагается построение обучения, нацеленное на конечный результат, таковым является формирование компетентности.

Естественно, под формированием компетенций подразумевались специфические компетенции, свойственные разным видам профессиональных областей.

Данная идея нашла распространение в европейской системе, в частности в контексте европейских тенденций глобализации Совет Культурной Кооперации (СДСС) среднего образования Европы выделил ключевые компетенции для овладения молодыми европейцами.

На третьем этапе научная категория компетентности находит отражение в российских и отечественных исследованиях: И.А. Зимняя, Б.Т. Кенжебеков, В.Д. Шадриков, Ш.Т. Таубаева, К.Ж. Аганина, Т.Е. Исаева и др.

Ш.Т. Таубаева одна из первых казахстанских ученых начала заниматься исследованиями компетентности. В частности, в область ее исследования попадет категория «профессиональная компетенция» учителя. В своей работе, которая представляет для нас особую значимость, ученый намечает пути формирования этнопедагогической компетентности в системе повышения квалификации педагогических кадров [17, с.206]. Она трансформирует сущность

профессиональной компетентности учителя на его этнопедагогическую деятельность, подчеркивает, что этнопедагогическая компетентность - характеристика теоретической и практической подготовленности специалиста к этнопедагогической деятельности, представленная совокупностью общепедагогической, этнопедагогической, социальной, технологической, коммуникативной и рефлексивной компетенциями и выражающаяся в способности самостоятельно, ответственно, эффективно выполнять определенные функции как этнопедагога. Этнопедагогической компетентностью педагога, по мнению ученого, являются:

- а) познавательная активность педагога в области народного воспитания;
- б) развитое критическое мышление, умение осуществлять анализ этнопедагогических фактов, явлений и процессов;
- в) самообразование, направленность на овладение этнопедагогической культурой, на совершенствование педагогической рефлексии [17, с.205].

Таким образом, были подчеркнуты две составляющие педагогической компетентности: деятельностная и коммуникативная. На данном этапе социальное понятие *компетенции/компетентности* получает широкое развитие в трудах отечественных исследователей в педагогической психологии; Н.В. Кузьминой, А.К. Марковой, Л.М. Митиной, и др. В образовательном контексте различия между понятиями *компетенция* и *компетентность* полноценно охарактеризованы в работах Ю.З. Фролова и Д.А. Махотина, где:

1. *компетенция* определяется как предметная область, в которой индивид хорошо осведомлен и проявляет готовность к выполнению деятельности;
2. под *компетентностью* понимается интегрированная характеристика качеств личности, выступающая как результат подготовки выпускника для выполнения деятельности в определенных областях (компетенциях) [18, с.19].

Н.В. Кузьминой и А.К. Марковой была также предпринята попытка типизации профессиональной компетентности. Так, профессионально-педагогическая компетентность, по Н. В. Кузьминой, включает пять элементов или видов компетентности:

3. специальная и профессиональная компетентность в области преподаваемой дисциплины;
4. методическая компетентность в области способов формирования знаний, умений у учащихся;
5. социально-психологическая компетентность в области процессов общения;
6. дифференциально-психологическая компетентность в области мотивов, способностей, направлений учащихся;
7. аутопсихологическая компетентность в области достоинства и недостатков собственной деятельности и личности.

В структуре профессиональной компетентности учителя А. К. Маркова выделяет четыре блока:

8. профессиональные (объективно необходимые) психологические и педагогические знания;
9. профессиональные (объективно необходимые) педагогические умения;
10. профессиональные психологические позиции, установки учителя, требуемые от него профессией;
11. личностные особенности, обеспечивающие овладение учителем профессиональными знаниями, умениями и навыками.

Таким образом, понятие *компетенции / компетентности*, разработанное изначально в сфере профессионального менеджмента и управления, поэтапно распространилось на социальную сферу, лингвистику и достигло образовательной сферы.

Третий этап развития понятий компетенции и компетентности завершается появлением в материалах ЮНЕСКО круга компетенций, которые должны рассматриваться во всем мире как желаемый результат образования.

Список литературы

- 1 Плотникова Н.А. Сущность компетентностного подхода. Ключевые компетенции // Вестник КАСУ. – 2008. - №2. – С.164.
- 2 Кострова Ю. С. Генезис понятий «компетенция» и «компетентность» // Молодой ученый. - 2011. - №12. Т.2. - С.102-104.
- 3 Равен Джон. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. – М.: Когито-центр, 2002. – 395 с.
- 4 Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка [Электронный ресурс] / С. И. Ожегов, Н. Ю. Шведова. –4-е изд., доп. –Москва: Азбуковник, 2000. –940 с. – Режим доступа: <http://www.ozhegov.org/index.shtml>
- 5 Андреев А.А. Знания или компетенции? // Высшее образование в России.- 2005. - №2. - С.3-11.
- 6 Бермус А.Г. Проблемы и перспективы реализации компетентностного подхода в образовании [Электронный ресурс] // Интернет-журнал «Эйдос». - 2005. - 10 сентября. - Режим доступа: <http://www.eidos.ru/journal/2005/0910-12.htm>.
- 7 Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения: Методическое пособие – М.: Народное образование, 1996. – 160 с.
- 8 Аронов, А.М., Кайдалова, Т.А., Баранова, Е.В. Становление аналитической компетенции как профессиональной в педагогической магистратуре // Современное образование в условиях реформирования: Материалы II Всероссийской научно-практической конференции 14 апреля 2011 г./ под общей ред. академика РАО А.И. Таюрского. – 2011. - с. 59-66.
- 9 Щедровицкий, П. Г. Избранные труды / П. Г. Щедровицкий. – М., 1995 – 759 с.
- 10 Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании // Школьные технологии. – 2004. – № 5. – С.3-1.
- 11 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. - 2003. - №5. - С. 34-42.
- 12 Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты [Электронный ресурс] // Интернет-журнал «Эйдос». - 2002. - 23 апреля. – Режим доступа: <http://eidos.ru/journal/2002/0423.htm>.
- 13 Глоссарий терминов профессионального образования и рынка труда // Авт. сост.: Олейникова О. Н., Муравьева А. А. - М.: Центр изучения проблем профессионального образования, 2001. - 63 с.
- 14 Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса. – М., 1972 (англ. 1965). – 258с.
- 15 Шакуров Р.Х. Эмоция. Личность. Деятельность: (Механизмы психодинамики) / Р.Х. Шакуров; Рос.акад.образования. Поволж. регион.отд-ние. - Казань: Центр инновац.технологий, 2001. - 182 с.

16 Зимняя И. А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентного подхода в образовании. Авторская версия. - М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. - С. 40

17 Таубаева Ш.Т. Формирование этнопедагогической компетентности учителей в системе повышения квалификации. - Атырау, 2005. - С.204-206.

18 Фролов Ю.В., Махотин Д.А. Компетентностная модель как основа качества подготовки специалистов / Ю.В. Фролов, Д.А. Махотин // Высшее образование сегодня. – 2004. – №8 – С.31-41.

Түйін

Мақалада білім беру мазмұны мәселесі қарастырылады. Онда «құзыреттілік» деген ұғымның контекстік мағынасы ғылыми тұрғыда ашылып, оларға сипаттамалар беріледі.

«Құзыреттілік» деген ұғым білім беру категориясы ретінде талданып, олардың даму кезендері беріледі.

Resume

The article reveals the problem of the educational content development. The author considers the different scientific approaches to the disclosure of the essential characteristics of the concepts «skills» and «competence».

The differences between the concepts skills and competence are shown, as well as the stages of their development in educational context.

ӘОЖ 614.1

Е.А. АБЫЛКАСИМОВ

PhD докторант,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ҚҰНДЫ ҚАТЫСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ГЕНЕЗИСІ

Аннотация

Мақалада салауатты өмір салтына құнды қатысты қалыптастыру мәселесінің генезисі қарастырылады. Қарастырылып отырған мәселе қоғамның даму тарихында салауатты өмір салты, денсаулық сақтау, нығайту және адам денесінің өзіндік резервтері мен мүмкіндіктерін дамыту мәселесі маңызды әлеуметтік-ғылыми мәселе ретінде жалғасын тауып келе жатқандығы сөз етіледі. Бұл мәселенің дамуына қазақ ағартушылары мен ғалымдары еңбектері арқылы сипаттама беріледі.

Түйін сөздер: салауатты өмір салты, құндылық, генезис, денешынықтыру, спорт, педагогикалық ой-пікірлер.

Зерттелу мәселесін логикалық, толыққанды ашу мақсатында біз үшін негізгі категориялары «денсаулық», «өмір салты» «салауатты өмір салты» мәнін нақтылау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ата заңы ережелеріне сәйкес адам мемлекет пен қоғамның аса маңызды құндылығы болып саналады. Сондықтан да дене тәрбиесі адамзатты дене шынықтыру мәдениеті әлеміне енгізіп, қыр-сырын үйрету барысында осы

Ата заң нормалары талабына сай болуы тиіс. Адамзатты дене тәрбиесі әлеміне ендіру процесі барысында әртүрлі дене тәрбиесі қызметі түрлерімен сырттай ғана шектеліп қалмай, оны жеке тұлғаның дене шынықтыру мәдениетін қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылуы шарт.

Салауаттану, тұтасымен алғанда, жеке тұлғаның, қоғамның, табиғаттың денсаулығы туралы ғылым болып танылды, денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі қазіргі педагогикалық ғылымдағы басымдықтардың бірі ретінде жарияланды.

Бүгінгі студент жалпы мәдени даму деңгейі, оқыту оның дене және рухани мүдделерін қанағаттандыруы, өмірі, оның болашағы туралы идеялар тек оның денсаулық жағдайының көрсеткішіне тікелей байланысты.

Қазіргі педагогика ғылымдарының пайымдауынша, дене шынықтыру салауатты өмір салтын қалыптастырудың тиімді және маңызды құралы ретінде белгілі.

Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» (02.12.1999 ж.) қабылданған заңында «Оқу процесіндегі дене шынықтыру – салауатты, дене бітімі және рухани кемелді, ойы тұрақты өскелең ұрпаққа, денсаулықтың тиімділігін арттыруды насихаттауға, сондай-ақ адам өмірімен шығармашылық мерзімін ұзартуға бағытталуы қажет» екендігі айтылған [1, 4-б.].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы №1113 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарламасында Президент Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Еліміздің дамуының жаңа кезеңіндегі мемлекеттік саясаттың бір бағыты медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту мен денсаулықты сақтаудың жоғары технологиялық жүйесін дамыту болуы керек», – деп атап көрсетті.

2010 жылғы Жолдауында Президент таяу онжылдыққа нақты міндеттер қойды. Оның ішінде Нұрсұлтан Әбішұлы «Саламатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидаты. Міне, осылар денсаулық сақтау саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс» екендігін атап көрсетті [2, 12-б.].

Жоғарыда аталған жағдайлар мемлекеттің қоғам және оқу орындарына қойып отырған міндеттеріне байланысты, студенттерге дене шынықтыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттауды жалғастыру, денсаулықтарын сақтау және нығайту мәселесін шешудің тиімді жолдары мен құралдарын іздестіру, педагогика ғылымының басымды бағыттарына айналып отыр.

Қоғамның даму тарихында салауатты өмір салты, денсаулық сақтау, нығайту және адам денесінің өзіндік резервтері мен мүмкіндіктерін дамыту мәселесі маңызды әлеуметтік-ғылыми мәселе ретінде жалғасын тауып келе жатыр.

Біздің ата-бабаларымыз табиғатпен үйлесімді жақын қарым-қатынас жасай отырып еңбек арқылы өмір сүрген.

Әрине, ата-бабаларымыз әрбір маусымды, олардың өзіндік өмір сүру мерзіміне байланысты қалпына келтіруге қамқорлық керек екенін жақсы білетін болған. Себебі олардың ойынша, денсаулық өз Отанын қорғауға дайын болуға, салауатты, мықты, барлық қиындықтарға төтеп беруге қабілетті, рухани даму, жасау мүмкіндігін береді деп есептеген.

Қазақ халық ауыз әдебиетінде денсаулық мәселесі жүйелі түрде насихатталып отырған. Олардың қай кезеңде болмасын еңбегі ауыр болғандығы тарихтан белгілі. Ауыр дене еңбегімен айналысқан ата-баба, өз денсаулығын табиғаттың ең үлкен байлығы ретінде қабылдаған. Оны халықтың нақыл сөздерінен аңғаруға болады, онда денсаулық туралы былай делінген: «Денсаулық зор байлық», «Тазалық – денсаулық негізі», «Денсаулық – байлық негізі», «Денсаулық – баға жетпес қазына», т.б.

Атамыз қазақтың «Бірінші байлық – денсаулық», немесе «Денсаулық – зор байлық» деген даналық сөздері тіршіліктің нағыз өзегінен алынған. Денсаулықтың қадірін, маңызын айрықша ұғынып, оны игіліктің барлығынан жоғары қойған. Тағы да «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп жан мен тән саулығын қоршаған орта аясында дұрыс сақтап, нығайтуға түрлі пайдалы әрекеттер жасап отырған. Қазақ халқы дене тәрбиесі факторларын біліп қана қоймай, сондай-ақ тәжірибе арқылы бірқатар емдеу әдістерін ойлап тауып, оны халық арасына кең таратқан. Мысалы: «Ас тұрған жерде – ауру тұрмайды», «Тер шықпаған кісіден – дерт шықпайды», т.б.

Ортағасырлық педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында аты әлемге әйгілі ортағасыр данышпандары – Әл - Фараби, YIII ғасырда Сыр бойында өмір сүрген ежелгі түркілердің көрнекті ағартушысы, ойшылы, әрі ақын, сазгер, әрі күйші, тарихта ерекше рухани із қалдырған Қорқыт Ата тағылымдарында денсаулық, еңбекке жарамдық, қоғамның ең маңызды мәселелердің бірі болып саналып, жастардың салауатты өмір салтын білуін, салауатты өмір зиянды әдеттермен үйлеспейтіндігін, жаман қылықтардан аулақ болуды халық арасында кең насихатталып отырған. Олар өмір тәжірибесімен дене шынықтырудың оңтайлы және тиімді әдістерін, балалар мен жастарды әлеуметтендіру тетіктерін айқындаған. Ал оның жарқын дәлелі ретінде көне заманнан ұштасып келе жатқан салт-жоралғылардың, мерекелерде қазіргі уақытқа дейін өзгеріссіз кең тарап отырған ұлттық ойын түрлерін айтуға болады.

Денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын білім беру жүйесінің барлық аспектілерін мұқият және дұрыс түсіну негізінде денсаулықты халық мәдениетіне негізделген болатын, олар фольклорлық, батырлық жырлар, шынықтыру әдістері, ұлттық спорттық және дене қимыл ойындары жүйесі [3, 97-б.].

Қазақ халқының өткен әлеуметтік өмірінде біз жас ұрпақтың дене тәрбиесі, денсаулық сақтау және оның қалыпты, дене дамуына қамқорлық тақырыбы барлық қоғамның даму кезеңінде үздіксіз көтеріліп отырғанын көреміз.

Ұрпақтың салауатты өмір салты мәселесіне Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, одан бері XX ғасырдың 20-30 жылдардағы А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов жастардың салауаттылық біліміне баса назар аудару керек, өйткені денсаулық қоғамның байлығы, сондықтан оны сақтау үшін шығатын шығын қаншалықты қымбат болса да, соны жұмсау қажет екендігін атап айтқан.

Абай өзінің «Қара сөзінде», «...адамның өміріндегі ең құнды қасиеттерді қалыптастыратын жақсы уақыт – ол жастық шақ», – деген. Кім жастық шағын ақылмен өткізсе, кез келген уақытта, қоғамға, адамдарға пайдалы болады алады. Бұл әрекетті орындау үшін, өмір жолында дұрыс жүру керек. Жастық шағын босқа өткізген, денсаулығын нығайту және сақтау туралы ойлануға уақыты болмаған адам, қартайғанда өкінетін болады деп тұжырым жасайды [4]. А. Байтұрсынов ұлттық тәрбиенің басты міндеті дені сау азаматты тәрбиелеу деген қорытынды жасайды. Оны өз көзқарасы тұрғысынан дамытып, ағартушы ұрпақ тәрбиесінде оның денінің сау болуын негізгі міндет етіп қойып, дені сау ұрпақ қалыптастырудың жолдарын ғылыми тұрғыда көпшілікке түсіндіреді. «Ауру астан» яғни дұрыс тамақтана білмеуден деп түсінген А. Байтұрсынов өзінің зерттеулерінде «тіс», «асқазанымыз», «тамақ жеу», «қай кезде көп жейміз», «сіңімді ас», «сіңімсіз ас», «асауыңа қарай жасауың», «ас адамның арқауы» деген тақырыптар арқылы бүкіл тамақтану мәдениетін жүйелеп көрсетеді. Бұл бүгінгі салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы өзекті мәселелерді шешуде таптырмайтын кеңестер болып табылады.

Аурудың бәрі астан болғандықтан асты андап ішуге байланысты ақыл-кеңес береді. Ақын: «Андап ішу дегеніміз – тамақтың жақсы, жаманын талғап ішуді; дәмділігіне қызығып шамадан тыс артық ішіпжемеуді; тамақты баспалатып, әлсін-әлсін ішпеу болып табылады. Тамақты ішетін қалыпты мезгіл болуы керек. Мезгілінде дамылдауға үйрету керек. Күнде солай істеген соң организм мезгілсіз тамақты керек те қылмайды. Көп жасаған адамдардың өмірінің тұтынған қалпы осы болған», – деп тамақтану мәдениетін

сақтаудың ұзақ өмір сүру кепілі болатынын айтады. Осылайша ақын «Тамақ жеу үшін өмір сүруді емес, өмір сүру үшін тамақ жеу» салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі ұраны болуы керектігін ұсынады.

Ал жұмыссыз және еңбексіз ештеңеге қол жеткізілмейді, сондықтан дененің күтімі адам денсаулығын сақтауға қаншалықты маңызды екендігіне назар аударады. Ең алдымен тазалыққа мән беру керек, дене тазалығын ұмытпаңыздар, денсаулықтың тамыры – рух саулығын қамтамасыз етеді. А. Байтұрсынов жан мен денені ажыратуға болмайды, бірінің кемшіліктері екіншісіне әсер етпеуі мүмкін емес деп санайды. Сондықтан рухани кемшіліктер дене кемшіліктеріне әкеліп соғатынын айтып кеткен. Оның ойынша, барлық ой мүшелердің нашарлауына және де денеге зиян келтіреді [5, 23-б.].

Белгілі қазақ ағартушысы Ж. Аймауытов, сондай-ақ адам денесінің дамуы туралы ғана емес, сонымен қатар өзінің рухын көтеруге ақыл, сана, ерікіне қамқорлық керек, жаны мен дене сипаты сәйкес келмесе, онда ол ақсақ адам сияқты болады деген ой тұжырым жасаған.

Ж. Аймауытов «біз білім беру жауапкершілігі мәселесіне келсек, онда мұғалім немесе тәрбиеші дәрігерлерден де артық болуы керек» деп атап көрсетті. Дәрігер жеке ауруларды емдейді және мүшеге денсаулық берсе, ал мұғалім жан мен ақылды қоса емдейді. Егер саналы және білімді адамдардың саны өссе, онда олар қоғамымыздың саналы және сенімді қорғаушылары болады. Бұл қоғамның мұғалімдерге Отанымыздың болашағын сеніп тапсырған екенін білдіреді [6, 241-б.].

М. Жұмабаев тәрбие түрлерін бөлімдерге бөліп, оларға мынадай сипаттамалар берген. Жаңа туған бала бір кесек ет қана деуге болады. Оның жан тұрмысы әлі білінбейді. Сондықтан ата-ана жас баланы тәрбие қылғанда күшінің көбін баланың дене тәрбиесіне жұмсауға міндетті. Дене тәрбиесіне де жеңіл қарауға болмайды. Жан дұрыс тәрбие қылынса болады, дененің қанша керегі бар деп ойлау дұрыс емес. Дене – жанның қабы. Қап берік болса, ішіндегі затта берік болмақ. Дене – жанның құралы. Құралы мықты болса, ішіндегі затта берік болмақ. «Сау жан сау денеде ғана болады» деген адамзат дүниесінің ескі мәтелі – шын, бұл дұрыс мәтел.

Белгілі қазақ жазушысы, педагог, ғалым М. Әуезов жас ұрпақтың арасында салауатты өмір салтын мәселесін тыс қалдырмағандығын атап өту қажет. Қызылорда қаласында басылып шыққан 1-баспалдақ-бастауыш мектептердің қазақ шәкірттері үшін орыс тілінен оқуға арналған «Жаңа ауыл» атты кітап хрестоматиясын айтуға болады. Бұл хрестоматияның «Денсаулықты сақтау» атты бөлімінде М.Әуезов жас ұрпақтың дене және санитарлық біліміне қамқорлық танытып, жастарға жаман әдеттерден жас кезден аулақ болуға шақырып, жеке бас гигиенасы туралы көптеген кеңес берген. Бұл кеңестерді қысқа әңгімелер түрінде береді. Олар: «Тырнақтарыңды тістемендер», «Тістерінді күтіндер», «Мұрындарыңмен тыныстаңдар», т.б. [7, 32-б.].

Адамның денсаулық сақтау мәселелері, оның өмір сүру ұзақтығы барлық уақытта өзекті. Бұл мәселе үнемі ұлттық идеяның бірінші кезектегі мәселесі болып табылады. Бұл қоғам үшін ең маңызды мәселе, оны қоғамды демократияландыру мен ізгілендіру жағдайында халықтың өмір сүру деңгейін арттыру, адам өмірінің тиісті сапалы дамуына қол жеткізу, оны психологиялық тұрғыда қанағаттандыру, әлеуметтік жайлылықты қамтамасыз ету, денсаулықты сақтау, адам туралы ғылымдардың жоғары деңгейдегі қажеттілігі негізінен байқауға болады.

Қоғамды ізгілендіруде, адамға ең жоғары құндылық және табиғаттың бір бөлшегі ретінде қарау, әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеуде және іске асыруда, жеке адамның денсаулық мәселесі мен оның табиғи болмысына көбірек көңіл бөлуді, адамды түрлі онтогенездегі әлеуметтік даму кезеңдеріне әсер ету мүмкіндіктері ретінде қарастырады. Бүгінгі күні адамзаттың алдындағы өткір мәселелердің бірі өзгермелі қоғамда, әлеуметтік және табиғи қоршаған орта жағдайларына бейімделген тұлға ретінде сақтап қалу [8, 4-б.].

Қазақстанда салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары түрлі бағыттарда қарастырылған. Олар халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастырудың ғылыми

негіздерін зерттеу бағыты бойынша Х.К. Сатпаева, Г.Д. Алимжанова, К.И. Адамбеков, А.С. Иманғалиев, М.Б. Сапарбаев; салауатты өмір салтын қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық негіздерін Д.Ф. Акбердиева, К.С. Абишев, Г.А. Нуридинова, С.Н. Сулейменова, Ж.З. Торыбаева, Т.К. Бөлеев, т.б. ғалымдар зерттеген.

Жастардың денсаулығына, салауатты өмір салтына құндылық бағдар және дене шынықтыру арқылы құнды мотивациялық қатынастар қалыптастыру мәселесімен А.В. Кирьякова, В.Н. Шаулина, А.В. Ахаева, Г.А. Минц, А.В. Мартыненко т.б. зерттеушілер айналысқан.

Салауатты өмір салтының қағидалары жеке адамның күнделікті өмірде жүзеге асыруға тиісті ережесі. Салауатты өмір салты (СӨС) – бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Адамның өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ал салауатты өмір салты өмір сүру барысында мақсатты түрде қалыптасады. Қазіргі мәліметтер бойынша денсаулық 53-55%-ға салауатты өмір салтына тәуелді болады екен. Бұдан салауатты өмір салтын ұстанудың қаншалықты маңызды екендігі айқындалды.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Дене шынықтыру және спорт туралы 1999 жылғы 2 желтоқсандағы № 490-І. http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51015814#activate_doc=2
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001113>
- 3 Таникеев М.С. Мир народного спорта. – Алматы: Санат, 1998. - 288с.
- 4 Абай Құнанбаев – Қара сөздер <http://old.abai.kz/node/3>.
- 5 Байтурсинов А.В. В здоровом теле-здоровый дух //Казахский календарь.- Оренбург,1922.- С.23.
- 6 Антология педагогической мысли Казахстана /Сост.К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.
- 7 Тайжанов А.Т. Педагогические взгляды М.Ауезова.-Алма-Ата:Рауан,1990.-72 с.
- 8 Кауашев С.К. ЗОЖ: экология и здоровье человека. /Валеология. Физвоспитание. Спорт. - №5.-2005.-С.3-11

Резюме

В статье раскрывается проблема ценностного отношения к здоровому образу жизни и генезис ее развития. Данная проблема рассматривается в аспекте социальной проблемы, которая развивалась с развитием общества. ЗОЖ, укрепление и развитие, резервы и возможности организма постоянно являются актуальными проблемами. В статье генезис раскрывается путем характеристики трудов казахских просветителей и педагогов.

Resume

The paper reveals the issue of value attitude to a healthy lifestyle and the genesis of its development. This issue is considered in the social problem aspect that has evolved with the development of society. Healthy lifestyles, strengthening and development, reserves and possibilities of the body are constantly relevant issues. The genesis is disclosed in the article by the characteristics of Kazakh educators and teachers's works.

ӘӨЖ 070.4

С. САДЫҚОВ

филология ғылымдарының докторы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті
қазақ филологиясы кафедрасының доценті

МАЙДАНГЕР ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӨШПЕС ЕРЛІГІ БАСПАСӨЗ БЕТІНДЕ

Аннотация

Фашистік Германияның Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуылы ел халықтарының тұрмыс-тіршілігін түбірімен өзгеріске ұшыратты.

Барлық күш-жігерді жауға тойтарыс беруге жұмылдыруда соғыс жағдайына тез икемделген журналистика маңызды рөл атқарды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап әскери тақырып барлық мерзімді басылымдарда басты орын алды, журналистиканың түрлі жанрларындағы материалдары жауынгерлік іс-қимылдарға, өшпес ерліктерге арналды.

Бұл мақалда қазақ журналистикасының майдангер қазақтардың ерліктерін ашып көрсетудегі рөлі сараланады.

Түйін сөздер: сұрапыл соғыс, қазақ публицистикасы, майдангер қазақтар, кеңестік патриотизм, өшпес даңқ, мұқалмас рух.

Гитлердің мәлімдеуінше, бұл соғыс бірінші кезекте идеология мен нәсілдік айырмашылықтардың соғысы, сондықтан ол Кеңес Одағының көптеген халықтарын толық жойғанға дейін ешқандай да аяусыз қаталдықпен жүргізілуі тиіс болды.

КСРО басшылығы алып елдің басына төніп келе жатқан қауіпті алдын-ала сезді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ халық шаруашылығының барлық салалары армия мен майдан қажеттіліктерін қамтамасыз ету жағдайына көшірілді, республикалардың соғысқа жарамды ер-азаматтары елді қорғауға жұмылдырылды. Мысалы, 6,2 миллион халқы бар Қазақстанның 1,2 миллион тұрғыны қан майданға аттанды.

Барлық мемлекеттік институттардың қызметі әскери жағдайға бейімделіп, олардың алдына жауға қарсы тұруды ұйымдастыруға ықпал ету, одан әрі оларды толық жою міндеті қойылды. Баспасөздің орталықтан бастап жергілікті жердегі тұтас жүйесі өзгерістерге ұшырады. Айталық, жалпы одақтық газеттер саны екі есеге дейін қысқарды. Сондай-ақ республикалық, облыстық және аудандық газеттердің де саны мен көлемі шектелді. Нақтылап айтқанда, республикалық, өлкелік және облыстық партиялық газеттер А2 форматында аптасына бес рет екі бет болып шыға бастады. Аудандық газеттер де екі беттік А3 форматында апталық басылымға айналды.

Қабылданған шешімдер бірінші кезекте солдаттар мен офицерлердің моральдық және жауынгерлік рухын көтеру мақсатымен әскери баспасөз жүйесін құруға бағытталды. Мысалы, соғыс жылдарында қазақ тілінде жиырмаға жуық майдандық, армиялық және дивизиондық газеттер шығып тұрды. Олардың кейбірі былай аталды: «Қызыләскер ақиқаты» (3-Белорусс майданы), «Отан намысы үшін» (1-Украин майданы), «Жауды жоюға» (Брянск майданы), «Отан үшін ұрысқа» (Волхов майданы) және басқалар [1]. Кеңес халқы мен шетелге жедел ақпарат жеткізіп отыру мақсатымен кеңестік ақпараттық бюро құрылды. Газет, радиохабарлары редакциялары мен ақпарат агенттіктеріне жүздеген журналистер, жазушылар, ақындар, суретшілер жіберілді.

Қазақ халқының хаты майдан мен тылдың байланысын бұрынғыдан да күшейтіп, шындай түсті. Жаумен шайқасып жатқан сан мың қазақ ұлдары туған еліне, партия мен үкімет органдарына, өзі өскен коллективтерге талай хаттар жазды.

Антқа берікпіз. Сертті орындау ежелгі салтымыз. Атам қазақ жаудан қайтқан емес. Ата-бабаның ежелгі жауынгерлік дәстүріне кір келтірмейміз, даңқына дақ түсірмейміз. Отан үшін жан пидә! Міне, хаттардың негізгі мазмұны осы.

«Социалистік Қазақстан» газетінің 1943 жылғы 4 шілдедегі нөміріне Ленин орденді және Қызыл ту орденді Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының жауынгерлерінен, командирлерінен және саяси қызметкерлерінің қазақ халқына хаты жарияланды. Айта кету керек, бұл хатқа қол қоюшылардың бірі гвардия подполковнигі Бауыржан Момышұлы болды. Патриоттық ұлттық сезім, рух мәселесінде мәні зор хаттан үзінді келтірейік: «Қазақ халқы Қызыл армияға таңдаулы ұлдарын беріп, оларды әкелік қамқорлықпен жорыққа жабдықтап, киіндіріп, қаруландырып, ұрысқа не керектің бәрімен қамтамасыз етті.

Отанымыздың жүрегін қыспаққа алып, тұншықтыруға тырысқан жау, қызыл астананы жартылай қоршаған қаһарлы сағатта, Москваның тағдыры шешілер кезде, - совет адамдары соғыстар тарихында болып көрмеген ерлікпен жаудың аласұрған тегеурінін тойтарып, оны күл-талқан етті. Жаудың 50 танк ісінің жолына ұлы тосқауыл болған 28 геройдың теңдесі жоқ қаһармандығын елімізде естімеген жан бар ма екен!

Бізде ұрыстар талқысында Отан соғысы тәжірибелеріне жетілген үздік командирлер өсті. Алматының бұрынғы ғылыми қызметкері, Советтер Союзының Геройы Мәлік Ғабдуллин қатардағы жауынгерден майор болды. Бауыржан Момышұлы өзіміздің көз алдымызда үлкен лейтенанттықтан подполковник болды...

Біз шешуші ұрыстарға әзірленудеміз!

Ата-аналарымыз, әйелдеріміз бен балаларымыз! Алда тұрған сұрапыл ұрыстарда халық сенімін, гвардеецтер деген даңқты атақты ақтап шығамыз деп сіздерге уәде береміз! Біз өзіміздің туған ордамызға тек жеңіспен ғана қайтамыз» [2].

Соғыс жылдарында жауынгер-қазақтардың ерекше адами қасиеттері, ерлігі жөнінде көптеген көрнекті кеңес жазушылары мен публицистері қалам тербеді. Олардың сол тұстағы шығармашылық мұраларында қазақ халқы жөніндегі тебіреніс-толғаныстары, қан майдандағы ерліктері мен тылдағы жанқиярлық еңбектері жарқын көрініс тапқан. Жазушы-публицистер мұндай қасиеттердің күллі

кеңес адамдарына тән екендігін, достық пен бауырластықтың оларды биіктерге көтеріп отырғанын мақтаныш сезімімен жеткізіп отырды.

Осы орайда соғыс жылдарында от-жалынға оранған шығармашылығы арқылы тек кеңес халқының ғана емес, шетелдіктердің де ыстық ықыласына бөленген атақты жазушы-публицист Илья Эренбургтің шығармашылығына ден қойып көрелік.

Ол өзінің көптеген материалдарында неміс-фашист жендеттерімен аяусыз күресіп жатқан халықтар, олардың бойларындағы патриотизмнің қайнар көздері туралы тебіреніспен жазды. Оның жазбаларын барлық кеңес халықтары зор сүйіспеншілікпен қабылдады, материалдары жауға қарсы тасталған бомбадай әсер етті. Әскерилер Эренбург публицистикасының автомат қаруынан кем болмағанын, жауынгерлер шабуылға шыққанда гимнастеркаларының төс қалталарына сол материалдарды салып жүруді дәстүрге айналдырғандықтарын жиі-жиі айтатын болды. Оның публицистикасының жауынгерлік күш-қуатының ықпалды болғаны соншалық, Гитлер оны өзінің жеке жауларының тізіміне енгізді.

Эренбург кеңес патриотизмі жөнінде айта отырып, абстракты түсініктерді пайдаланған жоқ, көпұлтты алып ел халықтарының нақты өкілдерінің мысалдары арқылы өзінің публицистикалық қорытындылары мен тұжырымдарын жасап отырды. Оның бастауларына тоқтала келе былайша толғанды: «... ұлттық сезімнің гүлденуі ұлттық шектеулерге алып келген жоқ, міне, сондықтан да орыс және украиндармен бір сапта тұрып қазақтар, қалмықтар, татарлар, өзбектер, якуттар, грузиндер, армяндар, біздің еліміздің барлық халықтары қазір Ленинградты қорғауда» [3].

Қаламынан тамаша материалдар туындаған публицисті қазақтар жақсы білді. Оларды тек қана партиялық насихатшылар мен үгітшілер ғана емес, қарапайым адамдар да қызыға оқыды. Эренбургтің жалынды сөздері солдаттардың ғана жауынгерлік рухын көтеріп қойған жоқ, сонымен қатар кез келген ұлт өкілінің санасына тегеурінді ықпал етті, олардың бойында өзі мен өз халқына деген мақтаныш сезімін оятты. Еңбек тылында жауға қарсы күресте жанқиярлық танытып жатқан Қазақстан халқы да жазушының осы жолдарынан шабыт алды. Сондай-ақ бұл материалдар қазақстандық журналистика үшін де шынайы сөз зергері мен шешенге тән асқан шеберліктің үлгісі болып, тың тақырыптарға жол ашты, асқақ идеялардың бастау көзіне айналды.

Ол «Өлімнен де күшті» тақырыбымен берілген публицистикалық материалдарының бірінде эсэстік «Шварце кор» газетінің 1942 жылғы 9 шілдедегі нөмірінде жарияланған басмақаладағы «Севастополь», «Ленинград», «Москва», «Воронец» қалаларын қорғаушылардың күші неде? Кескілескен шайқастағы осыншалықты қарсылықтың, қайтпас қайсарлықтың сыры неде?» деген сауалдарға қазақ халқы өкілінің мысалында жауап береді.

«Мен бүгін қазақ жауынгерден хат алдым. Соны келтірейін: Қызылармияшы Асқар Лекеров былай жазады: «Сіздің «Июнь» атты мақалаңыз менің ойыма көп нәрселерді түсірді. Мен тар да дымқыл жертөледе отырғанмын, алайда дәл осы сәтте әлемнің үлкен театрында отырғандай әсерде болдым. Көз алдымнан қазақ халқының өмірі экрандағыдай өтіп жатты... 1941 жылғы июнді есіме түсірдім. Мен сол кезде өзімнің туған колхозымда едім. Мен өзімнің туған өлкемді, туған жерімді, өзімнің Батпағымды сүйемін. Батпақ өзенінде шомылғым келеді... Мен өзім сізге, Эренбург жолдас, турасын айтайын: жауды жеңген соң өмір сүргім келеді. Алайда жаумен кескілескен шайқас кезінде мен бәрін де ұмытып кетем.

Мені бір ғана ой толғандырады: қанқұйлы жендеттерді аяусыз қыру ғана. Қаным басыма шабады. Қарапайым ғана кішкентай қазақ жеңілмейтін алып жауынгерге айналады» [4].

«Осы қарапайым, жүрек сезімімен жазылған хат, - деп жалғастырады публицист, – біздің жауынгерлеріміздің күшін айғақтап тұр. Асқар Лекеров қарапайым қазақтың қасиетті де қиян-кескі шайқаста жеңілмейтін әрі мұқалмайтын күшке айналып кететінін жан-жүрегімен айтады. Бұл шындық. Қазақ, не орыс, не украин болсын – олардың бәрі де жеңілмейтін әрі мұқалмайтын біртұтас халыққа айналады. Бұл бізге жаңа сынақтың ауыр күндерінде «біздің халқымыз құрыштай берік, жеңілместей мығым» деп нық сеніммен айтуға мүмкіндік береді».

Қан майданның қайнаған ортасында жазылған материалдары алдымен «Комсомольская правда» газетінде жарияланып, қолдан қолға көшіп отырған жас қазақ публицисі, жауынгер Баубек Бұлқышевтің ойлары И.Эренбургтің ойларымен тығыз астасып жатты. Оның публицистикалық дүниелері республикалық қазақ және орыс тілді газеттерге де іле-шала көшіріліп, аударылып басылды. Ол «Өмір сүргім келеді» атты тақырыппен берілген публицистикалық толғауында сүйген қызы жөнінде былайша толғанады:

«... Мен де өзімнің сүйген қызымды ойлаймын. Шығыс қызы Жаннаны сағынам: Жаным, Жанна, сен тіпті алыстасың. Бірақ суретің қалтамда, ... менің жылы құшағымдасың. Жүрегімді сенің адал махаббатың жылытады.

Жанна, сен қайдасың қазір? Мүмкін екінші сменаға қалып, дәл қазір соғыс заводында жұмыс істеп тұрған шығарсың? Маған оқты көбірек құйып берудің жолында шығарсың. Мүмкін ұзақ түн оқ құйып, қазір ұйықтап жатқан шығарсың? Түсінде өзің құйған снарядтардың немістерді қалай талқандайтынын көріп жатқан шығарсың?

Тыныш ұйықта, жаным! Ұйқың бұзылмасын деп, күзетінде біз тұрмыз мұнда. Мен оқымысты болуды арман етуші едім. Қазіргі күнде сені қорғайтын, өзіміздің Шығысты қорғайтын, өзіміздің Отанды қорғайтын солдатпын. Таңертең соғысқа кіргенде есімде сен боларсың, елім болар.

Менің өмір сүргім келеді. Бірақ фашист неміспен бірге өмір сүре алмаймын. Фашист бар дүние мен үшін тар. ...Біз Шиллерді, Гетені сүйетінбіз, біз оларды қазір де жақсы көреміз» [5].

Жауынгер-публицист жиырмасыншы ғасырда, адам ұлының ой-өрісі ер жеткен мәдениетті ғасырда нәсілшілдік дертімен уланған фашист басқыншыларының адамдық бейнеден айырылғанына күйінеді.

«Біз қашан да гуманист болатынбыз, - деп жалғастырады қазақ жауынгері. – Біз адамды ерекше сүйеміз де, оның өмірі ең қымбат өмір дейміз. Мен адам өмір сүрсе екен, еңбек етіп, өнерін көрсете алса екен деймін. Ал ол Адам өмір сүру үшін, сол адам өмір байлығын жасап алу үшін керек нәрсе ол жаңағы айтқан – фашисті қыру! Осы тілек үшін біз талай құрбан шалармыз, бірақ бұл тілек орындалады да!

Міне, менің қалам, университетім, менің сүйетін Жаннам. Мен сендерге соғыс өртін қақ жарып өтіп келе жатырмын. Әрі асығам. Әрі алқынам. Мен сендерге жеткім келеді. Бірақ дәл жолымда көлденең тосып, автомат ұстаған неміс тұр. Ол мені өлтіргісі келеді. Ол менің жолымды бөгемек болады. Мен сақ болмасам, ол мені өлтіреді де. Онда ол менің барлық туған-туысқандарымды да өлтіреді. Қаламды қиратып, университетімді талқандайды.

Менің туысқандарым өз тағдырларын маған тапсырды. Ол тағдырға мен жауаптымын. Сол жауапты бере аламын да».

Лиризм тұнып тұрған философиялық ой-толғамдарға толы оның майдандық публицистикалық шығармаларын тебіренбей оқу мүмкін емес. Оның от-жалынға оранған дүниелері қазақ тіліне аударылып, баспадан әлденеше рет басылып шықты. Баубек публицистикасының отты үнімен жастардың әлденеше буыны тәрбиеленіп келеді. Қан майданда ерлікпен қаза тапқан қазақ жауынгер-публицисі жинағындағы публицистік дүниелерді тебіренбей оқу мүмкін емес [6].

Баубек Бұлқышев өзінің публицистикалық еңбектері арқылы өз Отанын, өз ұлтын шексіз сүйе білудің ғаламат үлгісін көрсете білді. Сондықтан да оның шығармалары халықтың үлкен ықыласын туғызып, оны зор құрметке бөледі. Ол туған халқының есінде шабуылдың алғы шебінде бара жатқан мәңгі жас күйінде қалды...

Соғыс жылдарында қазақ халқының асқақ гуманизмі әдебиет пен өнерде де астасып жатты. Жыр алыбы Жамбылдың қоршаудағы ленинградтықтарға арналған «Ленинградтық өрендерім» атты үндеу-жыры Ленинград көшелеріне ілініп, жауынгерлер мен халықтың рухын көтерді. Ал Сталинградты қорғаушы қазақ жауынгерлері мен командирлері Қазақстанның халық ақыны Жамбылға хат жазды [7].

Біз бүгін сұрапыл соғыс жылдарында қалам қаруымен ұлы жеңісті жақындата түсуге өлшеусіз үлес қосқан М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Ә. Әбішев, А.Тоқмағамбетов, Б. Бұлқышев, М. Ғабдуллин, Ә. Нұршайықов, Ж. Алтайбаев, С. Мәуленов, Ғ. Орманов, Қ.Жұмалиев, Қ. Сатпаев, С. Баишев, Б. Кенжебаев, Х. Бекхожин, Қ. Шарипов, М. Иманжанов, А. Лекеров, тағы да басқа сандаған асылдарымызды мақтанышпен еске алуға тиіспіз. Ал осынау алып шоғырдың басында жыр алыптары Жамбыл мен Кенен тұрды. Өз шығармаларына қазақ жауынгерлерінің өшпес ерлігін арқау етіп отырған орыс жазушы-публицистері И. Эренбург, К. Симонов, М. Ритман, О. Огнев, З. Кедрин, тағы басқалардың шығармалары қазір де маңызын жоймақ емес.

Сұрапыл соғыс жылдары баспасөздің халықтың өзіндік идентификациялану проблемаларын қалай шешкенін, оның ұлт портретін жасаудағы теңдессіз еңбегін ой елегінен өткізуге бай материал береді. Баспасөз бұл кезеңде «таптық күрес» деп аталатын проблемаларды жайына қалдырды, социализм дамуына қарсы келетін жаулар өз халқының арасынан іздестірілмеді, шыққан әлеуметтік тегіне немесе қоғамдағы алатын орнына қарамастан біртұтас халыққа бірігу, топтасу процесі зор ұйымшылдықпен жүргізілді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Идрисов Р. Казахская военная публицистика. Автореферат дисс... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1970 – С.16.

2 //Социалистік Қазақстан. 1943, 4 шілде, Б. 3.

3 Эренбург И. Сочинения в пяти томах. Т.5. Очерк, статьи. – М., 1954. – С. 756-757.

4 Там же. – С. 193.

5 Бұлқышев Б. Я хочу жить // Комсомольская правда. 1942, 22 ноября, Б.2; Бұлқышев Б. Өмір сүргім келеді // Социалистік Қазақстан. 1942. 29 қараша – Б.4.

6 Бұлқышев Б. Заман біздікі: Проза мен поэзия. – Алматы: Атамұра, 2003. – б-36-беттер.

7 Қазақстанның халық ақынына – Сталинградтың қорғаушыларынан. Майдандағы армия, 17 ноябрь // Социалистік Қазақстан. 1942, 20 қараша, Б.3.

Резюме

Нападение фашистской Германии на Советский Союз в корне изменило весь уклад жизни народов страны. Военная тематика заняла главенствующее место на страницах всех периодических изданий.

В статье широко раскрывается роль казахской журналистики в освещении героического подвига воинов-казахов в годы войны.

Resume

The attack of fascist Germany on the Soviet Union completely changed the lives of the country's peoples. The military subject took the predominating place on the pages of all periodicals.

In the article the role of Kazakh journalism according to the problems of national self-identification of the Kazakh people in the years of World War II is widely revealed.

УДК 951/959 (5 КАЗ)

Г.Б. КАРСАКОВА

магистр истории,

Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова

ПРОЦЕСС ОБРАЗОВАНИЯ ЗЕМСКИХ УЧРЕЖДЕНИЙ НА ПРИМЕРЕ АКМОЛИНСКОГО УЕЗДА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX - НАЧАЛЕ XX ВВ.

Аннотация

Статья посвящена исследованию одной из актуальных проблем Отечественной истории, вопросу образования и развития выборной системы земских учреждений в *Казахстане во второй половине XIX - начале XX вв.* На основе анализа архивных документов был рассмотрен процесс организации местного самоуправления, деятельность земских комитетов, а также был сделан анализ выборной системы в земских учреждениях Акмолинского уезда.

Ключевые слова: земство, реформа, Акмолинский уезд, местное самоуправление.

Органы местного самоуправления становятся предметом специального научного внимания в новейшей отечественной историографии. Институт органов местного самоуправления представляет собой организационную форму объединения местного сообщества, первичный уровень народовластия. Местное самоуправление в силу своей природы выступает связующим звеном между населением и государственными структурами и служит эффективным инструментом локальной политики. Через укрепление институтов местного самоуправления осуществляется формирование механизма взаимодействия общества и государства. Развитие местного самоуправления в этом смысле способствует укреплению государства, его территориальной целостности, снижению вероятности возникновения социальных напряжений и конфликтов,

формированию адаптированной к местным особенностям экономики. Создание земских и городских самоуправлений расширило права и возможности местных образовательных и культурных учреждений, ограничило чиновничье-административную бюрократию, построило сферу общедоступных медицинских и образовательных услуг. В Сибири земские самоуправления были созданы в результате административных реформ Временного правительства 1917 г. Фактически реформа местного самоуправления здесь осуществлялась в период гражданской войны антибольшевистскими правительствами, что предопределило сложность ее проведения. Формирование системы местного самоуправления в Сибири происходило на фоне революции и гражданской войны. Ключевую роль в этом процессе играло законодательство Временного правительства. Принимавшиеся в 1917 г. законодательные акты, декларировавшие «временными актами», «временными положениями», были рассчитаны на последующее утверждение Учредительным собранием. Они охватывали все сферы местного самоуправления - земского, городского, казачьего.

Органы самоуправления в России – земства, были введены «Положением о губернских и уездных земских учреждениях» от 1 января 1864 г. Земства являлись выборными и все сословными органами, в которые входили представители дворянства, буржуазии и крестьянства. Однако господствующее положение в них занимали помещики. Распорядительными органами земств были губернские и уездные собрания, а исполнительными – губернские и уездные управы. Однако земская реформа была непоследовательной и половинчатой. Во-первых, она распространялась только на 34 губернии европейской части России. Земская реформа не распространялась на Сибирь, Север, южное Поволжье, на Урал, где почти не было дворянского землевладения, а также на национальные окраины России - Прибалтику, Польшу, Кавказ, Казахстан, Среднюю Азию. В 1911-13 гг. земские учреждения были введены еще в 9-ти западных губерниях и на Урале. Царская бюрократия исходила из того, что если вообще не удалось избежать местного самоуправления, следовательно, нужно вводить его в губерниях с явным преобладанием помещичьего землевладения. Неслучайно поэтому В.И. Ленин в апреле 1913 г. в статье «Купецкие расчеты» писал, что «земства в России целиком отданы в руки крепостников-помещиков» [1, с.91]. Идея введения земских учреждений в Сибири, на Кавказе на различных уровнях обсуждалась еще в начале XX в. Принятый III Думой в январе 1912 г. законопроект «О распространении действия Положения о земских учреждениях на губернии Тобольскую, Томскую, Иркутскую и Енисейскую и Забайкальскую область» в мае того же года был отклонен Государственным Советом. Дальнейшую постановку вопроса о земстве в крае отсрочила начавшаяся в 1914 г. мировая война. Вновь вопрос о земстве в Западной и Восточной Сибири был включен отдельным вопросом лишь в марте 1916 г. на тринадцатом заседании четвертой сессии IV Государственной думы. Однако Правительство и Государственный совет считали введение здесь земства преждевременным, из-за того, что в Сибири нет частной собственности и в особенности крупной, нет служилого поместного дворянства. Препятствием к организации местного самоуправления считали также то, что «сибирское население является недостаточно подготовленным к восприятию земских учреждений по недостатку в нем культурных элементов» [2, с.2703]. До 1917 г. в сибирских губерниях и областях так и не были введены земские учреждения. Акмолинское областное земство сформировалось только в июне 1918 г. Земство вводилось в Тобольской губернии, Алтайской, Томской, Иркутской, Енисейской губерниях, а также в областях Забайкальской, Якутской, за исключением земель «инородцев», кочевых и бродячих аборигенов. Несколько позже земская реформа распространяется на территорию Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Тургайской и Уральской областей [3, с. 315-316]. Земские учреждения функционировали на уровне губерний (областей), уездов и волостей. В их компетенцию входило 22 направления, среди которых наиболее важными были: заведывание земскими повинностями (денежными и натуральными); заведывание

капиталами и другим имуществом земств; борьба с дороговизной (выдача пособий, содействие возникновению потребительских обществ, устройство продовольственных лавок и пекарен); содержание находящихся в их ведении дорог, пристаней, земской почты, телефонной связи, пароходных и иных сообщений на водных путях; заведывание лечебными и социальными учреждениями, пожарными командами, образованием; содействие развитию торговли, кустарным промыслам, создание кредитных учреждений; проведение статистических обследований; участие в организации переселений; поддержание личной и общественной безопасности и руководство милицией. В ведение волостных земств входило «попечение об общественном благоустройстве, о лучшем устройении селений, замощении улиц, водоснабжении, освещении, канализации, общественных садах, прудах, колодцах и т. п.» [4, с.445-447]. Губернские (областные) земские собрания осуществляли раскладку соответствующих сборов в пользу земства между уездами; устанавливали натуральные и денежные повинности «по истреблению вредных для сельского хозяйства насекомых и животных»; определяли число и границы земских волостей. Уездные земские собрания распределяли между волостными земствами повинности, осуществляли раскладку между ними земских сборов; разрешали открытие новых ярмарок, торгов и базаров, перенос их в другую местность, изменение сроков их деятельности; устанавливали таксы за проезд у легковых извозчиков вне городских поселений; утверждали постановления волостных земских собраний об отчуждении и залоге недвижимого имущества, принадлежавшего им и о размер сборов с проезжающих по земским переправам [5, с.449]. В Омске на проходившем 23-25 июня 1917 г. уездном съезде волостных и станичных депутатов принимается решение об избрании уездного земского комитета (6 чел.) с возложением на него временно функций земской управы. При этом представители от казачьих станиц высказались за образование единого для крестьян и казаков земства [6, с.66]. Однако, 2-й войсковой круг Сибирского казачьего войска (10-21 сентября) принял постановление ввести на его территории «ввести двухстепенные земские учреждения: Войсковое земство и станичное земство с тем, чтобы проживающие в пределах станичного земства разночинцы (в том числе и кочевое население) имели полное право участия в земстве, но число гласных и членов управы от разночинцев должно быть не более половины общего числа гласных. Причем председатели земского собрания и земской управы должны быть из казаков» [7, с.108].

Возникновение в Акмолинском уезде органа Земского Управления в лице функционирующей Уездной Земской управы произошло в совершенно исключительных обстоятельствах в сравнении с другими уездами Акмолинской области. Закон 21 и 25 мая и 17 июня 1917 г. о введении земских учреждений в Сибири, в Акмолинском уезде не удалось провести в жизнь по следующим причинам. С 16 июля 1917 г. в уезде был образован Уездный Комитет по введению Земства, который хотя и приступил немедленно к работам по выборам волостных и уездных земских гласных, но однако к концу года выбора эти под давлением начавшейся уже большевистской пропаганды, не были проведены полностью по всему уезду. На 20 января 1918 г. был назначен созыв первого Уездного Земского собрания из наличного числа избранных гласных, но собрание это не состоялось, вследствие разгона его большевиками, которые вслед затем захватили всю власть в свои руки и, вместо ожидаемого населением Земства, появились совдепы и исполнительные комитеты, первым делом которых было упразднение и разгон всех только что образованных волостных земских собраний и волостных земских управ и замена их советскими исполнительными комитетами. На этом собственно и закончилась первая стадия работы по введению земства в Акмолинском уезде или, проще говоря, все усилия местных деятелей по введению земства были сведены к нулю.

Среди населения, как русского, так и киргизского, началась экономическая и политическая разруха и народная жизнь, выбившись из обычных колеи, пошла хаотичным путем. Все нормальные основы человеческого общежития были нарушены, никакой власти население не признавало, налогов не платило, началось царство произвола и

всезможных насилий над личностью и имуществом тех граждан, которые имели гражданское мужество и смелость возвышать свой голос в пользу правопорядка и законности. В таком положении находилось дело вплоть до падения большевистской власти, свержение которой здесь, в гор. Акмолинске произошло 3 июня (21 мая) 1918 г. и тогда же был избран Временный Комитет по управлению городом и станицей, который и взял на себя обязанность организовать власть в уезде. С этой целью Временный Комитет 4 июня (22 мая) разослал по всем волостям особое воззвание к населению о переизбрании волостных земских управ и о избрании по 2 представителя от русских, по 1 представителю от киргизских волостей для участия на уездном съезде, созываемом для организации Уездной власти.

Съезд выборных представителей от населения уезда был назначен на 6 июня старого стиля, и к этому числу в гор. Акмолинск собрались представители почти от всех русских волостей, а также и от ближайших к городу киргизских волостей. Всего на уездном Съезде 6 июня 1918 г. с представителями города и станицы участвовало 105 делегатов. Съезд этот в заседании 7 июня 1918 г., приняв во внимание, что выборы уездных земских гласных в Акмолинском уезде в 1917 г. не были полностью проведены, а также что таковые производились под давлением большевистской пропаганды постановил: Происходившие в 1917 г. выборы уездных земских гласных признать аннулированными и в текущем 1918 году произвести новые выборы. Настоящий же съезд представителей от русских и киргизского населения, избранных на основе равного и всеобщего голосования, считать заменяющим уездные Земские собрания, присвоившие все права и функции таковой. Причем по вопросу об исполнительном органе уездной власти постановлено: образовать Акмолинскую Уездную. Временную Земскую Управу, в состав которой на правах членов Управы вошли 4 представителя от русских волостей, 4 - от киргизских, 4 - от городских, 4 - от станицы и 1 от Спасских заводов, всего 17 человек. На обязанность организованной таким порядком Уездной Земской Управы было возложено дальнейшее проведение мероприятий по Земству и вообще устройство земской жизни среди населения Акмолинского уезда. На этом же съезде были произведены выборы 12 представителей в областное Земское собрание, по прибытии которых в г. Омск на областное земское собрание возник вопрос о законности их полномочий на право участия в чрезвычайном областном земском собрании в качестве областных земских гласных с решающими голосами. Вопрос этот был внесен на рассмотрение Совета Министров Временного Сибирского правительства и последним, как это видно из журнала Чрезвычайного областного земского собрания от 17 июля 1918 г., разрешен в положительном смысле. Вследствие сложения некоторыми членами Управы своих полномочий, в составе Уездной Земской Управы состояло 11 членов. Волостные Земства образованы также с отступлением от закона 1917 г., потому что Волостные земские управы во всех русских волостях были избраны не волостными земскими собраниями, а волостными сходами. В киргизских же волостях продолжают до сих пор функционировать так называемые Волостные Комитеты, избранные на волостных сходах в 1917-1918 гг. Все эти временные органы самоуправления будут заменены Волостными Земскими правами на предстоящих выборах уездного и волостных Земств. Означенные выборы Уездная Земская Управа полагает произвести в течение января и февраля месяцев 1919 года, и предварительные работы по выборам во всх русских волостях уже закончены и остается организовать только Окружные Избирательные Комиссии.

Из киргизских волостей точных данных о ходе работы по выборам не получено и, хотя для направления дела и осведомления населения о предстоящих выборах в земство туда и командированы члены Уездного Земской Управы и особые инструктора, но в виду отсутствия в зимнее время правильного сообщения с киргизскими волостями и громадной разбросанностью киргизских зимовок, Уездная Земская управа лишена возможности принять какие-либо существенные меры к немедленному проведению в киргизских волостях выборов в полном объеме [8, с.152].

Список литературы

- 1 Ленин В.И. Купецкие расчеты // ПСС. Т. 23. - С. 91).
- 2 Государственная Дума. Стенографические отчеты. Созыв 4-й. Сессия 4. – СПб., 1916. - С. 270.
- 3 (Организация самоуправления в Тобольской губернии (вторая половина XIX - начало XX вв.). Сборник документов и материалов. Тюмень, 1995. - С. 315-316.
- 4 Местное самоуправление на Алтае 1747-1919. Сборник документов. Барнаул, 2003. - С. 445-447.
- 5 Местное самоуправление на Алтае 1747-1919. Сборник документов. Барнаул, 2003. - С. 448-449.
- 6 Съезды, конференции и совещания социально-классовых, политических, религиозных, национальных организаций в в Ақмолинской области (март 1917 - ноябрь 1918 гг.). - Томск, 1992. - С. 66.
- 7 Съезды, конференции и совещания социально-классовых, политических, религиозных, национальных организаций в в Ақмолинской области (март 1917 - ноябрь 1918 гг.). - Томск, 1992. -С. 108.
- 8 Каженова Г.Т. Северо-Восточный Казахстан в годы Гражданского противостояния (1917-1921 гг.) Сборник документов и материалов. Алматы, 2015. (г. Ақмолинск 11 января 1919 г. (ГИАОО. Ф. 1617. Оп. 1. Д. 140. Л. 19. Заверенная копия).

Түйін

Мақалада Отан тарихының өзекті мәселелерінің бірі – XIX ғасырдың 2-ші жартысы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы земдік мекемелердегі сайлау жүйесінің пайда болуы мен дамуы мәселесі қарастырылған. Мұрағат құжаттарын талдау негізінде жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру процесіне, земдік комитеттердің қызметіне, сондай-ақ Ақмола уезінің земдік мекемелеріндегі сайлау жүйесіне талдау жасалды.

Resume

This article is dedicated to researching one of the topical problems in Domestic History and the question of forming and developing an elected system in land establishments in the second half of the 19th and at the beginning of the 20th centuries in Kazakhstan. On the basis of archive documents analysis the process of organizing the local self-government and the activity of the land establishments were considered. Elected system analysis in the land establishments of Akmola district was also made.

ӘОЖ 8 82 82.0 82.02

Қ. АЛПЫСБАЕВ

филология ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН КЕЛГЕН ОЙ-САНА ЕРКІНДІГІ
(қазақ әдебиетін дәуірлеудегі тарихи бетбұрыс)

Аннотация

Мақалада тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуге қатысты жаңа көзқарастар қарастырылады.

Түйін сөздер: әдебиет тарихы, ой-сана еркіндігі, он томдық.

Ғасырлар бойғы отарлық шырмаудан босап, тәуелсіздікке қол жеткізу азат сананың алға шығуына, өмірге жаңаша көзқараспен қарауға жол ашты. Бұғауға түскен ой, «шеңбер» ішінде ғана қалыптасқан сана еркіндікке шықты. Ой бағдары жаңа арнаға бұрылды, сараптау аумағы, пікір байламы жаңаша бет түзеді. Бағалау мен байыптау, зерделеу мен зерттеу нысанасы да коммунистік идеология құрсауынан арылды. Ұзақ жылдар бойы саясат «қамауында жатқан» ұлтымыздың ұлы тұлғаларының есімі қайта оралып, еңбектері ел игілігіне қызмет істей бастады. Олар Әлихан Бөкейхан бастаған ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының ұлттық оянуының, зиялылықпен ілгерілеуінің, әлемдік аренада ой жарысының, өнер салыстыруының ірі өкілдері, арыстар тобы еді.

Идеологиялық құрсаудан алғашқы болып шыққан есім, Абайдың өз үніндей, артына қалдырған ізіндей Шәкәрім туған халқымен қайта қауышты.

Қазақ жұртының 20 ғасыр басындағы ақыл, ой, парасаты, көрер көзі, қайыспас патриоты, бағдаршысы Ахмет Байтұрсынов қайта тіріліп, үзіліп қалған арман-ісін қайта жалғастыра бастады.

Ғасыр басында айтылған «Оян қазақтың» мәні дәл бүгінге арналғандай. Аяулы перзенттерімен бірге тұншыққандай болған қазақ халқы М.Дулатовтың «Оян қазағына» сыздаған жүрекпен құлақ түреді бүгін.

Заман рухы жаңартқан, уақыт айбыны тазартқан көңіл күшімен, ұрпақ пейілімен ортамызға қайта оралған Ж. Аймауытов өткен дәуір, сол кезең елесін әсем бояу-нақышымен алдымызға жайып сап, қызықты хикая, шындық сырлар шерте бастады.

Жылдар қатпарында көміліп, саясат бұғауына, әміршілдік зынданына салынса да, алыс қиырдан естілгендей талмаусырап жететін әсем сазды, сұлу ырғақты, мейірбан жүректі, тұңғыық ойлы, «мөлдір сезім биік парасат иесі» [1,65-6]. Мағжан үні түн-түнектен арылып, ашық аспан астында өзі махаббатпен ынтыға жырлаған туған даласының адырлы өзек, асқар тауларын жаңғырта аралап кетті.

Бұдан өзге де азаттық идеясымен қаруланып, ұлтының болашағы үшін опат болған ондаған аяулы азаматтарымыздың есімдері қайта тіріліп жатуы «сауатсыз халық» болғанымыз санаға сіңіріліп күмілжіп келген тұстарымыздың дұрыс

еместігіне көз жеткізді, рухани тарихымыздың жұтаң беттерін толтыра бастады, ой-өрісімізді кеңейте түсті.

Ел өміріндегі ұлы өзгеріс сананы тазартып, қоғамдық көзқарасты жаңартуға мүдделі етті. Тарих қайта жазылуға тиіс болды, өнер бағасы өзгеше сипат ала бастады. Ал Қазақстанның тәуелсідігі салтанат құрып, ел тізгіні қолымызға еркін тигені кең айдынға шыққандай әсер беріп, ойлау шеңберіміздің ұлғая түскені де шындық. Ғылым дамуы жаңа арна тартып, рухани құндылықтар жаңаша бағалана бастады. Жаңа жүйе бағыты өзге қоғамдық ғылымдар сияқты әдебиеттану ғылымының алдына да жаңа міндеттер қойды. Көптен бері пікір талас объектісі болып келген қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мен дәуірлеу мәселесі де қайта қарала бастады. Бұл орайда қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мен дәуірлеу мәселесін жаңаша жазуды алғашқылардың бірі болып қолға алған Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ғалымдары еді. Қазақ университеті ғалымдарының оқулық ретінде «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» деген атпен шығарған екі томдық өз кезінің сұранысына дер кезінде жауап берген жаңа бағытта жазылған іргелі зерттеулердің бірі болып қалды. Бұған дейінгі әдебиет тарихын дәуірлеумен салыстырғанда университет ғалымдары өзіндік бағыт ұстанған. Олар қазақ әдебиеті тарихын былайша жүйелейді: «Ертедегі көшпелі тайпалар тарихы», «Ежелгі түрік әдебиеті (VI-XV)», «Қазақтың төл әдебиеті (XV-XVIII)», «XIX ғасыр әдебиеті», «Жаңа жазба әдебиет», «Жиырмамыншы ғасыр басындағы әдебиет», «Кеңес дәуіріндегі әдебиет», «Шетелдегі қазақ әдебиеті» бөлімдеріне жіктелген

Алайда бұл екі томдықта да қазақ әдебиетінің тарихы түгел қамтылмаған. Әлі де нақтылай түсетін тұстары, толықтыратын жерлері бар. Жоғарыда айтқанымыздай өзіндік бағыты бар бұл екі томдық «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» да толыққанды қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы ізденістің бір көрінісі деуге болады.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихында барлық талапқа сай орындалған, ғасырлар бойы жинақталған әдеби мұраның тұңғыш рет тұтастай ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, ұлттық мүдде, көзқарас тұрғысынан сараланған, тек тарихилық принципін қажеттілігінен келіп туындайтын концепцияға ғана емес, әлем әдебиетінің және ұлттық көркем ой мен мәдениеттің даму заңдылықтарына негізделіп 2000 жылдары әдеби мұра бағдарламасы бойынша жаңадан жазылған он томдық «қазақ әдебиетінің тарихы» болды.

Әдебиеттің он томдық жаңа тарихы кеңестік кезеңде қалыптасқан дәуірлеу жүйесіндегі кей тұстарды сақтағанымен негізінен көркем сөз эволюциясы бойынша жаңаша кезеңдерге бөлінген. Олар:

- 1 том - қазақ фольклорының тарихы,
- 2 том – ежелгі және орта ғасырлардағы әдебиет,
- 3 том – Алтын Орда және қазақ хандығы кезеңіндегі қазақ әдебиеті,
- 4 том – XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдебиеті (1800 – 1850),
- 5 том – XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеті (1850 – 1900),
- 6 том – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті (1901 – 1917),
- 7 том – XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиеті,
- 8 том – XX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақ әдебиеті,
- 9 том – XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ әдебиеті ,
- 10 том – тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті.

Он томдықтың алғашқы томы ұлттық фольклорымыздың мыңдаған жылдар бойғы даму жолдарын көрсетуге, оның жекелеген жанрларының туу, қалыптасу,

өркендеп-өзгеру үдерістерін айқындауға арналған. Бұрын әдебиеттің бір саласы деп қарастырылып келген фольклордың әдебиеттен бұрын пайда болған, әдебиеттің түп төркіні болып табылатыны ескеріле отырып, оның әдебиеттен өзгеше бір көркемдік жүйе екендігі, әдебиеттен бөлек құбылыс болғандығы сараланады. Соған орай фольклордың өзіне тән даму жолдары, ерекшеліктері байыпталады. ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.А. Қасқабасов кезінде «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында: «Біріншіден, бұл – көне заманның дүниетанымы әрі оның мәдениеті. Екіншіден, бұл – халық тұрмысының бір бөлшегі, салт-санасы. Үшіншіден, ол – сөз өнері» [2], – деп айтқанындай ұжымдық монографияда үш түрлі сипатқа ие болған фольклор аясында бүкіл қазақ сөз өнерінің түрлері мен ерекшеліктері, бағзыдан бері жүріп өткен жолы ажыратылмай тұтас көрсетілген. Мұнда көне заманғы мифтен бастап ерте заманға тән аңшылық, мергеншілік, терімшілік, егіншілікке байланысты ескі нанымдар мен ұғымдар, байырғы ғұрып-салттар фольклорлық тұрғыдан зерттеліп, жаңаша пайымдалады. Бұл орайда бұрынғыдан мүлде бөлек жаңа тұжырымдамаға сәйкес бодандық кездегідей емес, әдебиеттану әдістемесінің әлемдік тәжірибесіне арқа сүйей отырып, жалтақтамай жазылғандығы байқалып тұр. Кеңес уақытында фольклор деп негізінен ауызша шыққан әдеби шығармалар ғана айтылғаны белгілі. Осыған орай монографияда әлемдік үрдісте халықтың музыкасы да, әні де, күйі де, биі де, қолөнері де, діни нанымдары мен әдет-ғұрпы да түгелдей фольклорға жатқызылатыны байыпталған.

«Ежелгі заманғы рухани мәдениет», «Орта ғасырлардағы фольклор», «Жаңа дәуірдегі фольклор» сияқты үш дәуірге жіктелетін қазақ фольклорының тарихындағы әр бөлім іштей тағы да тарауларға бөлінген. Айталық, бірінші бөлім «Еңбек фольклоры», «Ғұрыптық фольклор», «Байырғы фольклор» деген тарауларға бөлініп, әр тарау тағы да іштей жанрлық жағынан түрленген. Он томдықта қазақ фольклоры хронологиялық принциппен даму үстінде тарихи тұрғыдан алғаш рет қарастырылып отыр дей аламыз. Бұған дейін қазақ ауыз әдебиеті негізінен жанрлық жүйе бойынша зерттеліп келгені белгілі. Ал аталып отырған басылымда ауыз әдебиетінің есте жоқ ескі ескі замандарда адамдардың тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімдері аясында пайда болғаны, оның бірте-бірте даму барысында формалық, мазмұндық жағынан жетіле түсіп, ұлт руханиятының асыл қазынасына айналғаны байыпталған.

Ауыз әдебиеті үлгілерін хронологиялық тұрғыдан даму үстінде қарастыра отырып, оларды тақырыптарға бөліп, іштей жанрларға жіктеуін – бұл томның басты жаңалығы деуге болады. Бұл орайда «Ғұрыптық фольклор» аталған екінші тарау маусымдық, отбасылық, магиялық болып, олар ары қарай жанрлық түрлерге бөлінгенін, ауыз әдебиетінің бұрын жеке жанр ретінде аталмаған, зерттеу нысанына айналмай келген бірсыпыра түрлерінің зерттеу нысанына айналғанына көз жеткіземіз. Сондай-ақ, отбасылық ғұрып фольклоры үйлену, балалар, жерлеу ғұрып фольклоры, ал магиялық арбау, жалбарыну, алғыс, бата, қарғыс, ант, бәдік, бақсы сарыны болып жіктелгені, «Байырғы фольклордың» миф, хикая, этиологиялық ертегі, қиял-ғажайып ертегі, көне эпос, жұмбақ түрлері ажыратылғаны еңбектің тың зертеуден тұратынын көрсетеді.

«Орта ғасырлардағы фольклордың» жіктелуі де бұрынғыларды қайталамайтын тың пайымдаудан тұрады. «Түркі жазбаларындағы фольклор» және «Қазақ хандығы кезіндегі фольклор» атты тараулардан тұратын бұл бөлімнің

алғашқы тарауында түркі халықтарына ортақ ауыз әдебиеті жайлы ойлар ортаға салынған.

Халықтың ежелгі тұрмыс-тіршілігінен бастау алған ауыз әдебиеті күні бүгінге дейін халықпен бірге жасасып келеді. Қазақ фольклорының XVIII-XIX және XX ғасырлардағы дамуы деген мәселе «Жаңа дәуірдегі фольклор» аталған үшінші бөлімде қарастырылған. Әр ғасыр бойынша жеке-жеке тараулар арнай отырып, ауыз әдебиетінің халықпен бірге жасай беретіндігін бүгінгі фольклордағы жаңа үлгілерін талдау барысында түсіндіріледі. Соған орай ауыз әдебиеті де – даму үстіндегі категория екені байыпталады.

Өткен ғасырдың соңғы ширегінен бастап фольклор саласы біршама тыңғылықты зерттеле бастағаны, алайда олар да партиялық, таптық тұрғыдан қарастырылғаны өтірік емес. Сол кездегі орталық қалаларда білім алып, әлемдік әдебиеттанудағы ұстаным, жаңаша көзқараспен қаруланып келген фольклоршы жас ғалымдардың батыл ізденістері нәтижесінде тоталитарлық жүйе дәуірлеп тұрған сол кездің өзінде эпос, ертегі, дастан, тарихи жырлар мен ғашықтық жырлардың әр деңгейде жаңаша байыпталғаны ұжымдық монографияда жақсы нышан тұрғысынан түгелдей ескеріліп, көрініс табуы, сонымен қатар тұңғыш рет «Қазақ фольклорының статусы және оның теориялық негіздері» деген тарауша берілгені еңбектің сапалық белгілерінің бірі деуге болады. Ертегінің өзі бұрынғыдай үш емес, бес түрге бөлініп қарастырылыпты. Бұрынғы әдебиет тарихтарында айтылмаған этиологиялық (себеп-салдарлық) және батырлық ертегілер деп аталатын екі түрі томда жаңадан қосылып, көне эпос та жаңадан зерттеліпті. Екінші бөлімде бұрын арнайы зерттелмеген ежелгі түркі жазбаларындағы фольклорлық мәтіндер, Оғыз-Қыпшақ дәуіріндегі, Алтын Орда тұсындағы фольклорлық үлгілер қарастырылып, олар орта ғасырлар фольклорына жатқызылуы да монографияның тың жаңалықтарының бірі. Қазақ хандығы кезіндегі фольклор да жеке сөз болған. Монографияға енген эпсана, хикая тәрізді фольклорлық жанрлар соңғы кездегі зерттеулердің нәтижесі екені белгілі. Ал XVIII, XIX, XX ғасырларды қамтитын әдебиет үлгілері жаңа дәуірдегі фольклор ретінде қарастырылған. Сонымен қатар новеллалық ертегі, сатиралық ертегі, күй аңызы, тарихи жыр, тарихи өлең, дастан сияқты жанрлар да осы әдебиет тарихында алғаш назарға алынып отыр дей аламыз.

Он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томы ежелгі дәуір мен орта ғасырлар әдебиетіне арналған. «Ежелгі дәуір мен орта ғасыр әдебиеті» деп аталған бұл томда түркілердің арғы тегі боп есептелетін сақ, ғұн, үйсін дәуірлерінен келіп жеткен әңгіме, жырлар мен аңыздар, солардың сюжеттері зерттелген. Бұл орайда алғаш рет филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Келімбетов зерттеп жүйелеуі негізінде «Түркі дәуіріне дейінгі әдебиет жәдігерлері» деген атпен жеке бөліп қарастылғаны көрініп тұр. Бұл орайда, мысалы, «Алып Ер Тоңға» атты, «Шу» батыр туралы сақтардың, «Аттила», «Көк бөрі», «Ергенекон, «Хуастуанифт» дастандары жайындағы ғұндардың қаһармандық, батырлық дастандары ежіктеле талданып, олардың тарихи құндылықтарына баса назар аударылады.

«Түркі дәуіріндегі әдебиетте» «Күлтегін», «Тоныкөк», оғыз-қыпшақ заманындағы әдебиет бойынша «Оғызнама», «Қорқыт ата». Әл-Фарабидің мұрасы, қарахандықтар тұсындағы әдебиет бойынша Ж. Баласағұнның, М. Қашқаридің, Қ.А. Иассаuidің, С. Бақырғанидың, А. Йүнекийдің өмір жолдары мен шығармашылықтары талданып, таныстырылған. Бұл орайда ерекше айтуға

болатын нәрсе аталған тұлғалар шығармашылығы туралы осы монографияда ғана ғылыми жүйеленіп, толыққанда зерттелгені.

Ал қазақ әдебиетінің тарихы өте ертеден, ежелгі дәуірлерден басталатындығы бүгінгі күні толық мойындалған мәселе екені талас тудырмайтыны сөзсіз. Бұл ойымызға он томдықтың осы екінші кітабы толық айғақ бола алады деп ойлаймыз. Ғылыми монографияның бағыты мен мақсаты туралы кітапта: «зерттеудің негізгі мақсаты – сақтар, ғұндар дәуіріндегі ерлік дастандары және Түрік қағанаты тұсында жазылған қаһармандық жырлар мен қазақтың батырлық жырлары сан ғасырлар бойы бір сәтке де үзілмей, жалғасып келе жатқан байланыс бар екенін мазмұн, форма, стиль, көріктеу құралдары тұрғысынан ашып көрсету; ислам дәуірі әдебиетіндегі гуманистік идеялар мен эстетикалық, дидактикалық ой-пікірлер бертін келе қазақ жыраулары поэзиясынан өзінің көркемдік дәстүр жалғастығын тапқанын, әрі жаңа тарихи жағдайда этикалық-дидактикалық мазмұндағы поэзия одан әрі дами түскенін нақты деректер негізінде дәлелдеп көрсету» [3, 12-б], – деп айқын көрсетілген.

Он томдықтағы «Алтын Орда және Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» деп аталған XIII-XVIII аралығындағы алты ғасырды қамтитын үшінші том «Алтын Орда дәуірі әдебиеті» және «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» деген екі бөлімнен тұрады. Кешегі кеңестік кезеңде қалыптасқан социалстік реализм талаптары негізінде баға беруден арылып, «евроцентристік» көзқарастан тазарып, еркін ой, азат сана тұрғысынан саралағанда Алтын Орда дәуірі қиратып-күйретумен ғана емес, қалалардың өсуімен де, сыртқы саяси және сауда қызметінің жандануымен де, жазу-сызу мен әдебиеттің дамуымен де көрінетіні айқын. Алтын Орда дәуірінде Қыпшақ даласындағы түркі халықтарының әдебиеті ерекше жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін көруге болады. «Кодекс Куманикус» сияқты авторы беймәлім ескерткіштерді, сондай-ақ Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Құтбтың «Хұсрау-Шырын», Сәйф Сарайдың «Гүлистан би-т-түрки», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха», Рабғузидің «Қиссас-ул әнбия» атты шығармалары соның жарқын айғағы деуге болады. Хорезми, Сайф Сарай, Мысырдағы қыпшақ әдебиетінің ірі өкілі Құтб, Дүрбек, Әли, Мұхаммед Хайдар Дулати, Әбілһазы Бахадүр, Қадырғали Жалайыр, Захириддин Мұхамед Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати, Дана Хикаясы, т.б. монографияда жеке тараулар берілген. Шығармаларын оғыз-қыпшақ, парсы тілдерінде жазған бұлар Алтын Орда тұсында жазба әдебиеттің өркен жаюына негіз болған тарихи тұлғалар еді. Сонымен қатар олар түркі халықтарының көпшілігі бөлініп шықпаған, дербес ұлт, мемлекет болып, қалыптаса қоймаған кезде жасағаны рас. Соған орай бұларды туған жеріне, болмаса тілінің жақындығына қарап, бір ғана ұлттың өкілі деп, меншіктеуге болмайды. Сондықтан монографияда бұл кезең әдебиетін «Алтын Орда әдебиеті» атап, сол кезде осы хандық құрамында болған халықтарға ортақ мұра ретінде қарастыруы өте негізді деп білеміз.

«Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» деген екінші бөлімде авторлық ауыз әдебиетінің өкілдері: Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа, Бұқар жырау, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара туындылары зерделенеді. Бұл тұстағы бір жаңалық – аталып отырған кезең поэзиясы ескі сүрлеуден шығып, «авторлық ауыз әдебиеті» деген мүлде жаңа атаумен берілуі. Өйткені, бұрын ауызша шығарылып, ауызша айтылып келген әдеби мұраның барлығы фольклорға жатқызылып зерттелгенін білеміз. Сондай-ақ тұңғыш рет билер мен шешендер шығармашылығы әдеби мұра ретінде қарастырылып, Төле би,

Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым шешен, Ақтайлақ би, Бөлтіріктердің бүгінге дейін белгілі болған мұралары сөз болады. Бұлайша қазақтың шешендік өнері жайлы тараудың беріліліп, оған тұңғыш рет әдеби шығарма тұрғысынан баға берілуі әдебиет тарихының тағы бір жаңалығы деп қарау ләзім. Өйткені Кеңестік кезеңде би-шешендер феодализм заманының билеушілері, мүддесін қорғаушылары, жыршылары деп есептеліп, шығармашылықтары идеялық жағынан халыққа жат саналып келгені белгілі. Терең ойға құрылған тапқыр сөздері халық мұңын жеткізуге арналған, қара қылды қақ жарып ақиқатты айтуға тырысқан олар шындығында теңдесі жоқ синкретті өнердің иелері екені, әдебиет өкілдері болып табылатыны талас тудырмасы қақ.

Он томдықтың «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті» деген елу жылдағы (1800-1850) әдебиет қамтылған төртінші томда Көтеш пен Шал ақыннан бастап Қобылан, Жанак, Абыл, Түбек, Сабырбай, Дулат Бабатайұлы, Махамбет, Шернияз, Шөже, Орынбай, Шортанбай, Сүйінбай, Ұлбике, Нұрымдардың шығармалары сөз болады. Бұл топтағы ақындар шығармашылығы да жоғарыда айтылған ұстаным бойынша «авторлық ауыз әдебиетіне» жатқызылады.

Он томдықтағы «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті» деген бесінші том аталып отырған елу жылдағы (1851-1900) әдеби даму заңдылықтарының басты ерекшеліктерін саралап көрсетуге, сол кезеңде өмір сүрген ақындардың мұраларын талдап зерделеуге арналған. Бұл орайда бұрынғы зерттеу жұмыстарына да әдіснамалық тұрғыдан назар аудара отырып, көптеген әдеби мұралар жаңа көзқарас тұрғысынан бағаланғаны байқалады. Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары рухани дүниенің жаңғыруына талпыныс, зерттеушілердің дүниетаным тұжырымдары тарихи шындыққа сәйкестігі, көркемдік шындық пен тарихи шындықтың аражігіне көңіл бөлінгендігі монографияда жақсы көрініс тапқан. Жаңа әдебиет пен дәстүрлі әдебиеттің өзара үндестігі мен көркемдік-эстетикалық бағыттарының аражігі ескеріліп сөз болды. Сөз болып отырған кезеңде ұлттық әдебиетті әлемдік деңгейге көтерген Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардың даралық қасиеттері бүгінгі күн талабына сай талданып, олардың ұлттық әдебиет өрісін кеңейтіп, өресін биіктеткен жаңашылдығы терең пайыммен зерделенеді.

Бұл жаңа жазба әдебиетіміз басталған кезең болғандықтан Абай, Шоқан, Ыбырай бастаған ағартушы демократтық бағытпен бірге осы кездерде сал-серілер поэзиясы, діни ағартушылық ағым да, авторлық ауыз әдебиет те қатар дамыды. Ақан сері Қорамсаұлы, Біржан сал Қожағұлұлы секілді сал-серілердің, Мұрат Мөңкеұлы, Ақмолла Мұхамедиярұлы, Мұсабек Байзақұлы, Шәді Жәңгірұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы сияқты діни ағартушылардың шығармашылықтары жеке тарауларда сөз болып, Базар Оңдасынұлы, Мұсабек Байзақұлы, Ақтан Керейұлы, Әріп Тәңірбергенұлы, Әсет Найманбайұлы, Шәңгерей Бөкейұлы, Ырым Мұсабайұлы, Нұржан Наушабайұлы, Әсет Найманбаевтардың әдеби мұралары жан-жақты талданған.

Он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» екі кітаптан тұратын алтыншы томы XX ғасырдың басындағы әдебиетке арналған. Бірінші кітапта Әлихан Бөкейхан, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев шығармашылықтары туралы зерттеулер топтастырылған. Алтыншы томның екінші кітабында Міржақып Дулатұлы, Ғұмар Қараш, Мұхамаметжан Сералин, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жиенғали Тілепбергенов, Бернияз Күлеев,

Тайыр Жомартбаев, Спандияр Көбеев, Нарманбет Орманбетұлы шығармалары сараланып, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған поэзия сарапқа салынады.

Бұл тұс қазақ халқының шын мәніндегі ояну дәуірі еді. Қазақша, орысша оқыған азаматтар көбейе бастаған, орталық қалаларда оқып жоғары білім алған буынның молайып зиялы қауым қалыптаса бастаған жылдар еді. Олар өздерінің алдындағы негізгі мақсат-міндеті ретінде халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтауды, заман тынысын түсіндіріп, озық ел қатарына жетудің жолдарын, тәуелсіздікке ұмтылу идеяларын насихаттау істерін бірінші кезекке қойды және тікелей қолға алды. Әсіресе, әдебиет қатты серпін алды. Қаламгерлер өздерінің шығармалары арқылы келеңсіз жайларды өткір сынады, ұлт болмысындағы кемшіліктерді кейіпкер бейнесі арқылы көрсетуді көздеді, көркем образбен беруді басшылыққа алды. Бұл идеяның ұраны «Оян, қазақ!» болды. Кешегі Кеңестік дәуірде есімдері мен шығармашылық мұралары саясат қамауында болған бұл шоғыр Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлері болатын. Айтып өткеніміздей олар ұзақ жылдар бойы социализм идеяларына жат саналып есімдері де, шығармалары аталмай жабық жатты. Ал қайта құру кезінде басталып, одан кейін тәуелсіздік алған тұста жалғасқан зерттеулерде олардың іс-әрекеттері негізінен саяси, әлеуметтік жағынан сөз етіліп келген болатын. Қазақ әдебиеті тарихындағы осы олқылық жаңа он томдықта барынша толықтырылған.

Монографияда олардың көркем сөзімізге, ұлттық әдебиетке қосқан үлесіне, шеберлік қырларына баса көңіл бөлінген. Мұнда ХХ ғасырдың басындағы әдеби даму заңдылықтарының басты ерекшеліктері сараланады, сол кезеңде өмір сүрген ақындардың мұралары талданып зерделенеді. ХХ ғасырдың басындағы көркем шығармалардың да қазақ әдебиетінің тарихында елеулі із қалдырғаны, сондай-ақ олар ХХ ғасырдың бастауында тұрып әдебиеттің одан әрі дамуына жол ашқаны байыпталады. Кеңестік кезеңдегі қорқау саясаттың салдарынан зерттелмей қалған, зерттелсе де тұрпайы социологиялық бағытта теріс бағаланып келген кезең әдебиеті мүмкіндігінше толық қамтыла көрініс тапқны байқалады. Бұл кезең әдебиеті кітапта «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Абайдың әдеби мектебі», «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған поэзия» атты үш тарауға бөлініп қарастырылған. Ә. Бөкейхан, Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ғ. Қараш, М. Сералин, М. Ж. Көпейұлы, Ж. Тілепбергенов, Б. Күлеев, Т. Жомартбаев, С. Көбеев, Н. Орманбетұлы, С. Торайғырұлы, С. Дөнентайұлы шығармашылықтары арнайы сөз болған. Сөйтіп, Алаш ұранды кезеңнің көркемдік шындығы зерделенген қазақ әдебиетінің ұлы көші одан әрі қанат жайғаны, Абай мектебі, Абай дәстүрі мен дүниетанымы осы кезден бастап жаңа қазақ әдебиетінің алтын арқауына айналғаны, қазақ әдебиеті жанрлық, түрлік тұрғыдан, мазмұн мен халықтық мұрат жағынан жедел өсіп өркендегені жан-жақты байыпталған. Әдебиеттің көркемдік сапасы артып, тәжірибе молая түскені де, қоғам мен әдебиет байланысы да, әдеби байланыс та өрістей түскені кітапта байыпты ғылыми деңгейде зерделенген. Тұтастай алғанда, Қазақ әдебиеті тарихының алтыншы томы осы кезең туралы бұрынғы әдебиет тарихымен салыстырғанда түбірлі өзгерістерге толы екенін ерекше айтамыз. Бұл орайда ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен қазақ ұлттық тарихы арасындағы жанды байланысқа баса назар аударылғаны, содан өрбитін көркемдік шындық пен тарихи шындық көрінісіне ерекше көңіл бөлінгені де зерттеу сапасын айқындап тұр. Жаңа реалистік, демократтық-ағартушылық әдебиет пен дәстүрлі әдебиеттің өзара үндестігі мен

көркемдік-эстетикалық бағыттары да жан-жақты сөз болған. Сондай-ақ, қазақ әдебиетінің он томдық тарихында орын тепкен «Абайдың әдеби мектебі» деген үлкен тарау да бұрынғы әдебиет тарихында сөз етілмеген болатын. Сондықтан бұл зерттеу еңбекті де монографиядағы жақсы жаңалықтардың бірі деп қарауға болады.

Он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» жетінші томы Қазақ кеңес әдебиетінің алғашқы жиырма үш жылдық (1917-1940) кезеңіне арналған. Ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тарихындағы ең бір нәзік иірімді, қайшылыққа толы кезеңнің бірі осы жылдар болғаны ақиқат. Соған байланысты шындыққа негізделген ғылыми бағасын ала алмай келген бұл кезеңдегі қазақ әдебиеті азат санамен қайта тексеріліп, ақиқаттың салтанат құруы тәуелсіздікке қол жеткізудің нәтижесі екені сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде бұрынғы әдебиет тарихында саяси қыспақтың шеңберінен, партиялық принцитен шыға алмаған іс-әрекеттің жаңғырған жаңа көзқарастағы ойлармен алмасуы бұл томның да түбірлі өзгеріске толы екенін байқатады. Сондай-ақ бұл томның алдыңғы томдарға қарағанда құрылымдық өзгешілігі бар. Мұндағы негізгі өзгешелік әдеби шығармалар проза, поэзия, драматургия, әдеби сын жанрлары бойынша жеке салаларға бөлініп талданады да сол арқылы сөз болып отырған кезең әдебиетіне шолу жасалады.

Мысалы поэзияға арналған тарауда отызыншы жылдардағы поэзияның социалистік реализмнің қыспағына түсіп, заман тынысын көрсетуге талпынысы бүгінгі күн тұрғысынан зерделеніп, көркемдік дәстүр, көркемдік таным мәселелері пайымдалады. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян», С.Сейфуллиннің «Көкшетау», С. Мұқановтың «Сұлушаш», І. Жансүгіровтің «Күйші», «Құлагер», И.Байзақовтың «Құралай сұлу» т.б. поэмалардың мазмұны, образдардың көркемдік әлемі, ақындық ізденістердің ерекшеліктері сөз болады. 20-жылдардағы әдеби бағыттың екі жүйесін белгілеген С. Сейфуллин мен М. Жұмабаев және халық ақындары шығармалары, олардың өмірді тану мен бейнелеу принциптері, көркемдік табыстары мен заман қайшылығынан туған олқылықтары байыпталады. Осы сияқты проза, драматургия, әдеби-сын салалары кезегімен сөз болады. Содан соң барып Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин тәрізді жазба әдебиет классиктерінің, Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Иса Байзақов т.б. секілді авторлық ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармашылығы сарапталады.

Сегізінші томда қазақ әдебиеті тарихының кеңестік дәуірінің 1941 мен 1956 жылдар аралығын қамтитын екінші кезеңіне арналған. Яғни Отан соғысы және соғыстан кейінгі дәуір. Өзіндік ерекшелігі бар бұл кезеңнің жеке том арналып зерттелуі заңды. Өйткені 41-45 жылдар аралығында халық бастан кешірген соғыс алапаты, соғыстан кейінгі саяси жүйедегі өзгерістер әдебиет әлеміне де өз әсерін тигізгені сөзсіз. Соған орай бар болғаны он бес жыл аралығын қамтитын өзгеше келбеті бар кезеңнің жеке бөлініп алып қаралуы да қисынды шешім. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Ғали Орманов, Қасым Аманжолов, Қалижан Бекқожин сынды көрнекті тұлғалар өмірі мен шығармашылығы портреттік сипатта зерттелген. Он томдықтағы тағы бір жанымды жаңалық – осы сегізінші томнан бастап «Әдеби байланыстарға», өзге мемлекеттегі, нақтылы айтқанда Қытай мен Монғолиядағы қазақтар жасаған әдебиет туралы толымды мағлұмат берілуі.

Қазақ әдебиеті тарихының кеңестік дәуірінің соңғы үшінші кезеңі (1956-1990) тоғызыншы томда қарастырылған.

Жалпы кеңестік кезең әдебиетінде шолулық мақалалардың молырақ берілуі әдебиеттің мүмкіндігінше толығырақ қамтылуын қамтамасыз еткен. Тоғызыншы томда «Орыс тілді қазақ әдебиетіне» орын берілуі де осы кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму өрісін көрсететін, уақыт тынысынан хабар беретін шындық.

Оныншы том «Қазақ әдебиетінің тарихы. Тәуелсіздік кезеңі» (1991-2001) жөнінде сараптама жасауға арналған. Мұнда егемендік алғаннан кейінгі он жылғы қазақ әдебиетінің даму жолдары сөз болып, әр саланың жай-күйі туралы мол мағлұматтар алуға болады. Қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің елеулі шығармалары негізгі шолуда және жанрлық жүйемен түзілген тарауларда кең арнада талдау жасалғандықтан әдеттегі портреттік тұрғыдағы мақалалар берілмеген.

Он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» академиялық басылымының екінші томынан бастап, әрқайсысында библиографиялық көрсеткіш берілген. Сондай-ақ, төртінші, бесінші томдарда қосымша бар. Жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы томдарда «Әдеби өмір шежіресінің» орын тебуі еңбектің ғылыми сапасын арттырып тұр.

Қорыта келгенде, он томдық академиялық «Қазақ әдебиетінің тарихы» сан ғасырлық қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан жүйелеген, әдеби мұраны бүгінгі күн биігінен қайта қарап, бағалаған, әдеби-эстетикалық деңгейіміз жөнінде ғылыми тұрғыдан саралап берген іргелі еңбек деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Нұрғалиев Р. Арқау. II том. – Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.

2 Қасқабасов С. // «Егемен Қазақстан», 2009, 28 ақпан.

3 Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 2-том. – Алматы, 2006. – 526 б.

Резюме

В статье рассматриваются новые взгляды на периоды истории казахской литературы в годы становления независимости Казахстана.

Resume

The article deals with new perspectives on the history of the Kazakh literature of the periods in the formative years of Kazakhstan's independence .

ӘОЖ 811.512.122-3:82.091

С.Е. ТАПАНОВА

филология ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ МАХАББАТ ТАҚЫРЫБЫ (Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚЫЛЕК» РОМАНЫ БОЙЫНША)

Аннотация

Мақалада әлеуметтік-психологиялық туындылардағы махаббат тақырыбы қозғалған. Автор әртүрлі сезімдерді бейнелеу арқылы кейіпкерлердің жан дүниесінде болып жатқан психикалық құбылыстардың ішкі күресін ашады.

Түйін сөздер: элеуметтік-психологиялық туындылар, психологиялық роман, жанр, проза, роман, кейіпкер.

Жанрлық атаулардың шартты сипаты бар. Осы мәселені арнайы зерттеуші Л. Гинзбург XVII ғасырда жазылған мадам де Лафеттің «Принцесса Колеквекая», Шодерло де Лаклоның «Манан Лескосьон» атты шығармаларын психологиялық роман санайды [1, 289-б.]. Ол әдебиеттің мазмұн мен пішін жағынан жаңа биікке көтерілуіне айғақ. Гете қаламынан туған «Жас Вертердің қасіреті» – психологиялық роман. М. Лермонтовтың «Біздің заманымыздың қаһарманы» да – аналитикалық роман. Өйткені мұнда ең басты назар өмірдің сыртқы көрінісіне емес, кейіпкердің ішкі дүниесін талдап, бейнелеуге ауған. Ф. Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза», «Ағайынды Карамазовтар», «Мәжнүні» аталмыш жанр талаптарына толық жауап береді. Қазақ әдебиетіндегі психологиялық романның алғашқы әрі үздік үлгісі – Ж. Аймауытовтың «Ақбілегі». Жазушы адам ойы мен сезімінің сан алуан шырғалаңын ғана емес, жақсы тұсы мен мүлде сорақы шақтарын да батыл шыншылдықпен ерекше жағдайларға сай терең қайшылықты сипатта өрнектейді. «Абай жолы», «Оянған өлке», «Ақ жайық», «Қан мен тер», «Ақан сері» т.б.- элеуметтік-психологиялық роман міндеттерін атқарады. А. Нұрманов жазған «Құланның ажалы» психологиялық романның жүгін көтереді. Р. Тоқтаровтың «Бақыт», «Тұлпардың сыны» т.б. туындыларында психологиялық романның шарттарына жүйелі жауап бар. Психологиялық роман ең үздік туынды деген сөз емес. Бұл талант ыңғайын ғана білдіргенмен, қайсыбір дәуірлерде ең биік эстетикалық өлшем қалыптастыруы да мүмкін. Батыс әдебиетінде сана тасқынын мөлшерден тыс қозғау нәтижесінде ой-жүйенің жоқтығы өріс алып, «психологиялық роман» аталған дүниелердің қадір-қасиеті кете бастағаны өтірік емес. Психологиялық роман шындықтан алыстамау керек.

Адам жанының мөлдір күйлерін, сырлы сезімін суреттейтін «мәңгілік» тақырып Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында шынайы көрініс тапқан.

Ж. Аймауытовтың прозалық туындыларында тарих пен қоғам өмірінің мәнді кезеңдерінің көрінісі, жеке бастың тағдыры мен қоғам арасындағы байланыс, характерлер мен сюжеттің элеуметтік-тарихи дәлдемесі, оқиғаның сан қырынан молынан бейнеленіп, кейіпкердің ішкі әлеміне назар салу сияқты элементтер өз шешімін тапқан. Ж. Аймауытұлы – үлкен жазушылық көрегендікпен, сезімталдықпен қазақ халқының әр тобында қандай жақсылық, қандай көзсіздік, қандай бейшаралық, сатқындық бар, бәрін жазушылық таразысына сала білген, жеріне жеткізе айта білген суреткер жазушы.

Романның ең басты кейіпкері – Ақбілек. Шығарма сол басты кейіпкерінің атымен аталған. Бұл табиғи да, заңды да. Романдағы бүкіл оқиға, іс-әрекет, қимыл, қазақ ауылының элеуметтік тіршілігі, халықтың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, адамдар арасындағы түрлі қатынастар, империялық озбырлық – соның бар-баршасы діңгекті образ Ақбілек тағдырына байланысты.

Қызылдардан қашып Қытай асып бара жатқан ақтың бір топ солдатты Алтайдың баурайында отырған қазақтың момын аулына бөрідей тиіп, Мамырбай байдың қызы Ақбілек сұлуды тартып алып кетеді. Пиғылы бөтен, ойы бұзық солдаттар аз күн болса да ермек етіп, бой жазып қалу үшін Ақбілекті атқа салақтатып өңгеріп өз қосындарына алып келеді. Осы жерде қосынның басшысы, «Қара мұрт» атанып кеткен ақ офицер Ақбілекті өзгелерге тигізбей өзі иемденеді де, он екі де бір гүлі ашылмаған, етегін жел көтермеген бейкүнә қызды әйел етеді.

Біраз күннен кейін арттарынан қуып жеткен қызыл әскерлерден бас сауғалап безе қашқан ақтың солдаттары Ақбілекті жұртқа тастап кетеді. Небір азапты бастан өткеріп, өліп-өшіп туған ауылына жетеді.

Қара мұрттың қармауында қалып, тұтқынында болған күндері Ақбілектің ары былғанды, намысы тапталды. Ақтардан құтылып ауылға келгеннен кейін жас ару өрттей қаулаған өсек-аяңның астында қалады. «Орыстың сарқыты» деген атаққа ілініп, «орыс масқаралаған қыз» деген мазакқа ұшырады. Сүйгені, атастырылған жігіті де елдің табасы мен сыпсыңынан қорқып Ақбілектен теріс айналып кетті. Сезімтал қызға мұның бәрі оңай тиген жоқ. Ойда жоқта сап ете түскен тосын жағдайға Ақбілек қорланады, назаланады, лағынет айтады. Қара мұрттан жиренеді. Қара мұрттың айтқанына көнген өзінен де жиіркенеді. Осының барлығы Ақбілектің басынан өткен ұмытылмас азапты күндер сияқты. Ал енді араға сәл уақыт салып, ел арасындағы өсек-аяңға еті үйрене бастаған Ақбілектің ойына басқа түрлі бөтен ойлардың келуін қалай түсінеміз?

Қара мұрттың мұның арына – дақ, өміріне – өшпес таңба түсіріп, сүйгенінен айырып, сүйкімсіз атаққа іліндіргеніне қарамастан, Ақбілек өзімен-өзі оңаша болған уақытта өткен күндері туралы «көзі мөлдіреп қиялға берілгенде» әлгі қара мұрттан жиренгені желге ұшқандай ұмытылып, сол қашқын офицермен болған күндерінің «жиренішті жақтары жоғалып, сұлу жақтары көбейіп-ақ кетеді». Қара мұрттың қылығы есіне түсіп, «күндізгі беймаза қара шыбындай мазасын ала берді» [2, 165-б.], көңілі әлденені іздегендей болады. Бұл не сонда?

Ақбілек басында Қара мұрттың ырқына оң мен түстің арасындай әрі-сәрі күйде, қорғансыз, шарасыз халде еріксіз көнді. Демек, есіл қыздың қайдағы бір «орыстың арам денесін ақ төсіне ойнақ салдырып, ашылмаған қауынын арам пышаққа жарғызуына» [2, 201-б.] осындай қысталаң, қиын ситуация мәжбүр етті. Ал осыдан кейінгі қылығын қалай түсінуге болады? Мына бір үзіндіге көңіл бөлейік: «Қара мұрт Ақбілектің қасынан екі елі айырылмайды... Екеуіне төсекті қағып-сілкіп қостың ірге жағына өзі салып, өзінің сұр шепкенімен қымтап, бауырына басып жатады, ернін жеп қоятындай құшырланып ұзақ сүйіп, қатты қысып, о жер бұ жерін ұстап қытықтандырғанда, Ақбілектің жүрегі аузына тығылып, тамырлары тұтанып, жанып кеткендей, тұла бойы шымырлап, көзін жұмып, өзін-өзі ұмытып, әлсіреп, керіле береді... Содан кейінгіні өзі де білмейді... Басқа бір дүниеге кіргендей болады...» [2,175-б.].

Сыры да белгісіз, сыңайы да мәлімсіз көлденең еркектің қысып-сүйгеніне Ақбілектің есінен айрыла елтіп, өзге дүниені (қорлықты, намысты, ұятты) ұмытып жүре бергеніне таң қаласың. Сонда бұл не? Ғашықтық па? Махаббат па?

Жазушы Ақбілек сынды үлгілі, ұнамды кейіпкерін бір сәттің ішінде үлгісіз, ұнамсыз етіп жібергені қалай? Кей тұстарда тап бір етегі – жел, өкшесі жез жеңілтек ұрғашыны суреттеп отырғандай-ақ, сүйкімді байқампаз, парасатты Ақбілектің біраз уақыттарда «басына келген былғаныш, ұятсыз ойларын» [2, 264-б.] да, мау тартқанын да, нәпсіге еліккенін де, тіпті ең аяғы еркексірегеніне дейін (сүйген жарын аңсағанын емес!) ашып көрсеткені, ашық бейнелегені несі?

Әрине, «жағымды кейіпкердің жаза басқанын, жаңылысқанын, адасқанын көрсетуге болмайды» дейтін әдеби заң жоқ. Және болуға тиісті де емес. Бірақ Ж. Аймауытовтың өзгешелігі мынада. Ж. Аймауытов Ақбілектің «былғаныш ойларын» да, әлденеге әуірі ауып «көңілі еркекті тілегенін» де, беймәлім еркектің еліктіргеніне бойы балқып дөтсіздік көрсеткенін де, бұдан өзге бейдауа қылық-қиғаштарын да - Ақбілектің адасқанын, қателескенін көрсету үшін емес (мұны

Жүсіпбектің авторлық көзқарасынан айқын байқауға болады), әлгінің бәрін әйелдің, яғни Ақбілектің әлібі мен қалыбына, жаны мен жаратылысына, жасы мен жынысына тән табиғи күй-күйбелендер мен табиғи түйсінім-тұшынымдарды шынайы қалпында көрсету үшін келтіреді. Жүсіпбек Аймауытовтың әйелдің жан дүниесі мен тән дүниесіндегі үйлесімдік пен қайшылықтарды да қатар алып, қатар өрбітіп отырады. Міне, әйел табиғатына осылайша тұтас әрі толық қараудың нәтижесінде Ж. Аймауытов қалам ұстағанның бәрі бірдей байқай бермейтін, байқағанмен де мән бере қоймайтын, мән бере қойған күнде де дөп басып тани бермейтін аса талмауыр әрі өте жіңішке мәселенің, яғни еркек пен әйелдің арасындағы тәни тартылыстың сипат-сырын да аша кетеді.

Ақбілектің әдептіліктен асып, өзін масқаралаған қара мұртты естен шығара алмауы, Бекболатпен кездесуін де жиі еске алуы секілді әйелдік әлсіздік танытуы да табиғи заңдылықтан шыққан нанымды оқиға. Осындай толып жатқан олқылықтары мен қайшылықтарына қарамастан, Ақбілекті нағыз қазақ қыздарына тән табиғатымен, мінез-болымысымен, парасатты әйел-ана дәрежесіне жеткізуі сөз жоқ жазушының шеберлігін танытады. Бұл автордың ішкі рухани еркіндігі мен ой бостандығын байқатады. Бір ғажабы бұл қасиеттің сол кезең қаламгерлеріне тән ортақ екендігі. М. Жұмабаевтың Шолпаны («Шолпанның күнәсі»), Ж. Аймауытовтың Ақбілегі («Ақбілек»), М. Әуезовтің Қарагөзі («Қаралы сұлу») ішкі рухани еркіндіктің нәтижесінде дүниеге келген кейіпкерлер.

Өмірінде ешкім бетінен қақпай, бұла болып өсіп келе жатқан Ақбілектің бірден ауыр қайғыға ұшырауы, ол аздай өзінің қара мұрттан жүкті болып қалуы «жығылған үстіне жұдырық» болады. Жас қыздың қасіретке толы қиын да қайшылықты тағдырын еш жеңілдетпеген жазушы оны үлкен психологиялық образ дәрежесіне көтере біледі.

Ақбілек – оқу оқып, білім алып, қатарға қосылған алғашқы қазақ әйелдерінің өкілі. Өйткені, бүгінгі шындыққа салыстыру көзімен қарайды, өз өміріне ризалық білдіре отырып, «оқымаған әйел қор ғой, қапастағы құстай ғой!» [2, 334-б.], дейді.

Камила тағдырын еске түсіріп, оның бақыт жолын іздестіре ат салысады. Ақбілектің жаңа өмір баспалдағының бір сатысы – оқу болса, екінші белесі өзіне адал жар Балташты серік етуі. Көркіне ақылы сай Ақбілек шын сүюдің оты болып жанады. Әйтсе де, әйелдік көңілмен алғаш көргенде Ақбаланы ұнатуы, Балташпен некеге отыру үшін некеге тіркеу орнына келгенде қара мұртты кездестіруі, оған жалт етіп қарауы – тек қана Ақбілектің басындағы мінез емес, бүкіл әйел қауымының басына тән құбылыс жай.

Романдағы Бекболат кезінде Жаманбаланың шотпақ қара қызын менсінбей, Мамырбайдың Ақбілегін елден таңдап айттырған болатын. Осы жолы қалыңдығына жолыққалы шығып келе жатқанда, ақтарға кезігіп, оң иығынан жарақат алады. Бұдан кейін Ақбілектің ағасы Төлеген арқылы ауруханаға жатады. Осында жатып біраз жағдайдан хабардар болады. Ол туралы романда төмендегідей жолдар бар: «Оны қандай жаман адамдарға араластырып, одан қандай жиренейін, жек көрейін, безейін десе де, оны алғаш көргені есіне түскенде, ол ойының бәрі жел құған тұмандай серпіліп, баяғы періштесіндей, Ақбілек көзіне елестейді де тұрады. Оны осылайша ойлаймын деп, үйдегі атын, құсын, мылтығын, аң аулағанын есіне түсірейін дей ме, болмайды. Ат, құс, аң, сейіл-серуен, қызық думан – бәрі де соның айналасында жүргендей көрінеді де тұрады. Бәрін Ақбілек аударып әкеткен тәрізді» [2, 152-б.]. Бұл Бекболаттың Ақбілекке шексіз сенген, таза көңілімен берілген сәті еді. Ақбілектің айналасындағы сан қилы тақырыптағы

сөздерді де тура мағынасында қабылдамай, өзін көріп, тілдескенше жаны байыз таппайды. Ақбілектің жеңгесі Ұрқия арқылы екеуі кездесті де. Жаны «тоят» тапқан соң, көңілі семді. «...ел тұрмай атқа қонды». Орыс офицерінен аяғы ауыр екенін білген соң біржола үмітін үзді.

Ақбілекті ақ солдаттарының алып қашып кетуінің, оны қара мұрт офицердің әйел қып ұстауы – бір қыздың ғана емес, бүкіл елдің ұлттық намысына тиетін ауыртпалық. Қыздың бостандыққа ұмтылғанмен, ел бетін көре алмай қиналуы, әкесінің Ақбілектен қашқақтауы, атастырған күйеуінің тайсақтауы, ел-жұрттың оған бір түрлі аяушылықпен (екінші жағынан, таңсыққұмарлықпен) қарауы – бәрі де қызын алақанына салып, мәпелеп, аялап өсірген қазаққа өлімнен де ауыр. Оның үстіне орысты кәпір деп қарайтын ұғым бар. Ауыл жігіттерінің зорлығы болса, еленбей де қалуы мүмкін нәрсені «кәпірдің қолына түсіп, соған қатын болған» деген сөз тіпті көпіртіп әкетеді. Өйткені ел түсінігінде кәпір атаулының бәрі жау, онымен араласқан, шатасқан елдің бәрі – жат, діннен безген харам. Бүкіл халықты, оның ішінде қазақ қызын осы тұйықтан алып шыққан – ұлы Қазан төңкерісі, Кеңес өкіметі. Ел көзіне көріне алмай, күлкі боп ауылдан кеткен Ақбілек қалаға барып оқып, адам қатарына қосылып, жар тапты, бақытты өмірге қадам басты. Міне, «Ақбілек» романының бүкіл тақырыбы мен идеясы осыған саяды.

Кейіпкердің ішкі өміріне көп үңілу жазушының характер жасау тәсіліне тікелей ықпал жасайды. Ж. Аймауытов ішкі монолог, тура сөздер арқылы кейіпкердің өз логикасы мен дүниетанымын бетінен қақпай отырып олардың өмірлік қағидаларын толығынан тұтастай аша білді. Жазушы адам басындағы белгілі бір жағдайды суреттей отырып, сол жәйттің басы ашық пайымдауға сыймайтын күрделі сәттерін көрсетеді. Мәселен, Ақбілек пен Бекболаттың кездесетін сәтін еске алып көрелік. «Ақберген мен Бекболат Әмір ағасының үйіне түседі. Ұрқия жеңгесі Ақбілекті үйіне шақырып, Бекболат екеуіне бір табақтан дәм жегізеді. Ақбілек барлық қайғы-қасіретін ұмытып, Бекболатты көргеніне, оның қасында отырып бір табақтан ас жегеніне баққытты. «Ет жеп отыр деймісің? Бұлар ырыс жеп отыр ғой!» Бірақ, «оның (Бекболаттың) салалы саусақтарына көзі түскенде қара мұрттың саусағы есіне түсіп, өз ойынан өзі ұялып отыр еді» [2, 27-б.]. Осындай нашар ойлар іштей мазасын алса да, ақыры кейіпкердің көңіл күйін бұзбастан бірте-бірте сейіліп жоқ болады.

«Сезді ме» екен деп Ақбілек шашын сипаған боп шалқайыңқырап Бекболаттың бетіне бір қарады да, көзіне көзі түсіп кетті. Оның көзі «сүйгенім бір сен» деп тұрған тәрізді. Ақбілек: «Мен де сенің жолыңа жаным құрбан» дегендей салалы оң кірпігін қағып, жылтыраған қара көзін бір төңкереді. Екеуі де біріне-бірі көңілі тойды» [2, 272-б.]. Осындай психологиялық шытырман жағдай, адамды суреттеу мен оны тану, ұғыну өрісінің биіктігі Ж.Аймауытов психологизмінің елеулі табыстарының бірі деп санауымыз керек.

Шығармада Бекболат бейнесі адамдық қасиеттері тұрғысынан, өмірге деген өзіндік көзқарасы жағынан көңілге ұялағанымен, махаббат мәселесінде, әсіресе «елден таңдап айттырған» Ақбілегін аялап өтуде жігерлілік жетіспейді. Сондықтан да жазушы Бекболат жайын тәптіштеп жатпайды. Ақбілектің өмір тағдырының кейбір сәттерін суреттеген тұстарында Бекболат бейнесі сүйгеніне шын ғашық, берілген жан сияқты көрінетіні анық. Бұл ретте алғанда, Бекболаттың адами-имандық қырлары келісті-ақ. Бекболат бойындағы екі ұдай сәттер, мазасыз көңіл-күйдің кілті – Ақбілек тағдырымен тамырлас, сабақтас өріс алады. Осы орайда: «Ақбілек трагедияның ішкі жаны болса, Бекболат – сыртқы кескіні. Бекболат –

оқиғаның дүмпуі, жаңғырығы, қасіреттің зардабы, жағдаяттың қисынсыз құрбаны» [3]. Міне, Бекболат бейнесінің табиғаты мен махаббатының шындығы осы.

Адам табиғаттың аясында туып, өскеннен кейін, оның іс-әрекеті, дүниетанымы, жан дүниесі белгілі бір дәрежеде сыртқы ортамен үндесіп жататыны заңды құбылыс. Сондықтан адамды зерттейтін көркем әдебиет үшін табиғат көрінісі – пейзаж маңызды компоненттердің бірі болып саналады.

Жазушы пейзажды қаһарманның ішкі дүниесімен қатар суреттеудің тамаша үлгілерін көрсетеді. «Асуға шыға бергенде, артына бір қарады. Анау тау жылғасындағы ағаш, анау тоғай, анау сай-сала Ақбілектің адамгершілігін аяққа таптаған, абыройын төккен жер. Оларға көзі түскенде күйінген, өкінген, жиренген, әйтеуір, өзегін өртеген, бір жаман сезім пайда болды. Төрдегі таза төсенішті былғап кеткен күшікті желкесінен ұстап, өз тезегіне өзінің тұмсығын тигізсең, қандай жеріп, қыңсылап кейін шегінеді. Артына қарағанда Ақбілек те сол күшік тәрізді болды» [2, 181-б.]. Табиғат қандай тартымды болғанымен, адамның көзі оны көңіл күйі арқылы көреді.

Әр түрлі сезімдерді бейнелеу арқылы кейіпкердің жан дүниесінде болып жатқан психикалық құбылыстардың ішкі күресі ашылады. Авторлық түсіндірме, ортақ төл сөз, ішкі монолог кейіпкердің ішкі әлемін, оның эмоционалдық-психикалық жағдайын ашудың амалы болып табылады. Осы орайда, орыс әдебиеттану ғылымындағы мына пікірді келтіре кетсек: «Арсенал художественных средств освоения внутренней жизни человека весьма богат. Здесь и описания его впечатлений от окружающего и компактные обозначения того, что творится в душе героя, и пространные характеристики его переживаний, и внутренние монологи персонажей, и наконец изображение сновидений и галлюцинаций которые выдают бессознательное в человеке, его подсознание – то, что прячется в глубинах психики и неизвестного ему самому» [1, 175-б.]. Осы әдіс-тәсілдердің ішінен барлығын дерлік жазушы «Ақбілек» романында қолданды деуге болады.

Романда жекелеген бейнелердің монологтары, өмірдегі мұраты мен міндеттері де айқын бедерленген. Мұның өзі әдебиет зерттеушісі, академик Р.Нұрғалидың атап көрсеткеніндей: «Романда кейіпкер, оқиға көп емес, ықшамдылық жинақылық, әсіресе драматизм принциптері ерекше ескерілген. Бір қаракетке қатысып, үзіліп қалатын кейіпкерлердің өзін жазушы даралап есте қалатындай етіп, сомдап соғып береді. Кескін, сөз мақамы, қимыл-қозғалыс – бәрі образ жасауға аса қажет көркемдік құралдар, персонаждардың өзін-өзі сипаттауы – Жүсіпбек Аймауытов жиі қолданатын әдеби тәсілдерінің бірі» [4].

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Гинзбург Л.Я. О психологической прозе. – Л., 1971. – 464 б.
- 2 Аймауытов Ж. Шығармалары. 1989. – 560 б.
- 3 Майтанов Б. «Ақбілек» - психологиялық роман // Жұлдыз. 1992. - №10. - Б.-190-197.
- 4 Нұрғали Р. Сегіз қырлы, бір сырлы. дарын.//Қазақстан комунисі, 1989.- №6.-150б.

Резюме

В статье рассмотрена тема любви в социально-психологических произведениях. Посредством описания разных эмоций автор раскрывает психологические явления внутреннего мира персонажей произведений .

Rezume

The article deals with the theme of love in the psycho-social works. By describing the different emotions, the author reveals the psychological phenomena of the inner world of characters works.

УДК: 801.678

М.И. ОРАЗХАНОВА

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНДЕГІ БУНАҚ ТАБИҒАТЫ

Аннотация

Мақалада қазақ өлеңіндегі бунақ ерекшелігі жан-жақты талданады. Әдебиеттанушы ғалымдарың пікірлері саралана отырып, бунақ табиғаты, өзіндік ерекшелігі нақты мысалдар арқылы танылады. Көп бунақты өлеңдерге талдау жасалады.

Түйін сөздер: поэзия, ақын, өлең теориясы, өлең ырғағы, бунақ саны, бунақты ажырату, тармақ бойында, көп бунақты, құрама тармақты, өзгеше өлшем.

Поэзия, өлең атаулы – қазақтың табиғатына, болмысына жақын дүние. Екі-үш ауыз сөздің басын құрастырып, әу демейтін қазақ кемде-кем. Ақындар өлең арқылы өз сезімдерін, ішкі толғаныстарын, ойларын сыртқа шығарып, оқырмандарын, тыңдармандарын әдемі сезімге, тамаша әсерге бөлеп жатады. Осы сезімдерді тудыруда сөз ойнақылығы, дәлдігі, ұйқасы т.б дүниелермен қатар белгілі бір ырғақты туғызып тұрған бунақтың да өзіндік орны үлкен.

Қазақ әдебиеттану ғылымында өлең теориясы аз зерттелген жоқ. Солардың бастауында тұрған белгілі ғалым А. Байтұрсынов пікіріне жүгінсек, ол: «Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы», – деп көрсетеді [1]. Бұл орынды айтылған пікірді зерттеуші Қ. Жұмалиев те қолдайды. Өз еңбегінде өлең тармақтарын бунаққа бөлгендегі дыбыстардың жылысу, кірігу қасиеттеріне ерекше тоқталады [2, 161-б].

Өлең сөздің теориясын арнайы қарастырған З. Ахметов тармақтың бойындағы бунақ өрнектерінің әрқайсысына жеке талдау жасай келіп, әр тармақтың ішіндегі бунақтар да буын санына негізделіп құрылатындығын ескертеді. [3, 150-б]. Ғалым бұдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтылған В.В. Радловтың «өлең жолының, тармағының осындай бірнеше буыннан тұратын қысқа-қысқа бөлшектерге (қазақша айтқанда бунаққа) бөлінуі қазақ өлеңімен бірге қырғыз, өзбек, түрікмен, татар секілді түркі тілдес халықтардың поэзиясында кең тараған» деген пікірін ерекше атап көрсетеді.

«Сөз өнері» еңбегі арқылы әдебиетші, ізденуші қауымға танымал ғалым З. Қабдолов шумақ та, тармақ та мейлінше шартты нәрсе екенін ескерте келіп, «бәрін туғызып жүрген ырғақ, жалпы адам атаулыға ән салдыртатын, ақын біткенге өлең жаздыртатын – ырғақ» – дей келіп, оның өнерге ғана емес, өмірдің өзіне де тән табиғи нәрсе екендігін айтады [4, 257-б].

Қазақ поэзиясында өлеңдер бір бунақтан басталып, негізінен, төрт бунаққа жетеді. Бірақ, қазіргі дәстүрлі емес санаулы өлеңдерде бес, алты бунаққа жететін үлгілері де кездесуде.

Бунақты ажырату қиын нәрсе емес. Ол үшін өлеңді түсініп, екі-үш қайтара оқу керек. Сонда ғана өлеңдегі бунақ жігі айқындала түседі. Негізінен, дәстүрлі қазақ өлеңдерінде бір шумақ көлеміндегі бунақ сандары, ондағы буын сандары да бірдей болып келеді. Өмірдің өзінде адамның аяқ алысы, жүрек соғысы қандай бірдей болса, өлеңдегі бунақ та, ондағы ырғақ та негізінен біркелкі болып келеді. Өлеңдегі бунақтардың орналасу реті ырғақты туғызып, ондағы бүкіл сырды бойына жинайды. Қазақ өлеңдеріндегі бунақ түрлеріне мысалдар келтірсек:

От,
Оқ,
Жарқ-
жүрк.
Гүмп,
Гүрс,
Шарт-
шұрт. [5, 43-б]

(С. Сейфуллин.)

Жібек түн³//
Бәрі тың³//
Сайраған,³//
Жайнаған³,//
Екі жас³//-
екі мас:³//
Жүрек лас,³//
Көзде жас.³// [6, 85-б]

(М. Жұмабаев. Біраз Фетше)

Сол жұлдыздай⁴//
Жанар болған⁴,//
Соған жаным⁴//
Алаң болған⁴// [7, 202-б]

(Ұ. Есдәулет).

Қанша жүректі⁵//
Нұрланып келдің⁵.//
Қанша теректі⁵//
Ырғалтып келдің⁵.// [8, 56-б]

(Т. Айбергенов. Көктем)

Бір бунақты өлең үлгісі – қазақ өлеңінде сирек кездесетін түр. Бір бунақта бес буынға дейін келе береді. Екі бунақты өлең үлгілеріне көз салсақ:

Жағаны³// жарып ағып⁴,
Тау-тастың³// жанын алып⁴.
Қажырын³// қайта-қайта⁴
Жартасқа³// жанып алып⁴. [9, 54-б]

М. Сарикова. Тау бұлағы.

Бөбек қала⁴// бал тілегі⁴,
Қараңғылық⁴// тәлтіреді⁴.
Гүл етегін⁴// самал желпіп⁴,
Түн етегін⁴// таң түреді⁴. [10, 84-б]

Д. Кәпұлы.

Созылып түннің⁵//етегі³
Ұйқыға батқан⁵// тау іші³.
Ауаны тіліп⁵//өтеді³
Иттердің үрген⁵// дауысы³. [11, 24-б]

Ғ. Жандыбаев

Ата-бабамның⁵// ой тұрағындай⁵,
Атақонысым⁵// – аяулым екен⁵.
Байтақ даламның⁵// бойтұмарындай⁵
Баянауылым⁵//– баянды мекен⁵. [10, 97-б]

Д. Кәпұлы.

Екі бунақты өлең түрінің қазақ поэзиясында бірнеше үлгісі кездеседі. 3+4 немесе, керісінше, 4+3. Сондай-ақ, 4+4 түрі сирек қолданылса, 5+3 түрі жеке де, көбіне 4+3 үлгісімен араласып та қолданыла береді. Қазақ поэзиясында 5+3 және 5+5 құрылымдағы өлеңдер де уақыт еншісі деуге негіз бар. Себебі, ғалым Қ.Жұмалиев: «Әр бунақта буын кемі екеу, көбі төртеу болады. Қазақ өлеңінде бір бунақтағы сөздердің буын саны төрттен аспайды» десе [2, 161-б], зерттеуші З.Ахметов бұл құрылымдағы өлеңдерді екі бунаққа емес, 3+2+3 немесе 3+2+3+2 үлгісінде талдап көрсетеді. «Он буынды тармақтың қазақ поэзиясында қолданылып жүрген түрінің бунақтық өрнегі былай келеді: 3 буын+2 буын+3 буын +2 буын. Мұнда бунақтар ұсақтау және көптеу, сондықтан тармақ ырғағы жағынан бес-бес буыннан екіге бөлінуге бейімдеу тұрады» [3, 148-б] дей келе, «кейде ақындар өз өлеңдерінде буын саны төрттен көп бірлі-жарым сөзді қолдануға ұмтылғанымен, жалпы алғанда бұл қазақ өлең құрылысына тән нәрсе деп санауға болмайды» [3, 153-б] – деп көрсетеді.

Ал өленді 5+3 не 5+5 деп бунақтарға ажырату үлгісі ғалым З.Қабдолов еңбегінде кездеседі. 5+5 үлгісі қолданыста бұрыннан бар, бірақ жиі қолданылмайтын. Дей тұрғанмен, соңғы уақытта жас ақындардың бұл өлең ырғағында еркін жазып жүргендігін қазақ поэзиясынан анық байқауға болады. Және оның зерттеуші З.Ахметов көрсеткен бунақ үлгісіне салуға көнбейтіндігі де өлеңнің өзінен байқалады. Онда «атақонысым», «Баянауылым» деген біріккен сөздердің қолданысы да бүгінгі күн тұрғысынан 3+2 деп ажыратып жатуға көнбейді. Бұл ғалымның айтқанын теріске шығару емес, бүгінгі күнде тіліміздегі сөздердің бірігуі, орфографиялық заңдылықтарымыздың өзгеруі, т.б қырларымыздан өзгеруіміз, дамуымыз қазақ поэзиясында бес буынды бунақтардың тілімізде жиі қолданылуына алып келді.

Үш бунақты өлеңдер:

Төбеде³// найзағай³// жарылып³,

Аспанға³// салды кеп³// сойқанды³.
Қыстағы³// қаймағы³// алынып³,
Өзеннің³// күбісі³// шайқалды³ [12, 20-б].
(Т. Айбергенов. Көктем әуендері)

Таң асылып⁴//Талдының³// қыз беліне⁴
Ән асылып⁴// тырнаның³// белдігіне⁴.
Құлазып тұр⁴// тау іші³ //құлазып қыр⁴
Жабырқап тұр⁴// қарт-қазан,³//күз де міне⁴ [13].
Н. Оразалин.

Арулар³// - әрбір үйдің⁴// шаңырағы⁴
Арулар³// - асыл жарлар⁴//сағыныштар⁴.
Арулар³//- аяулылар,⁴//ардақтылар⁴.
Арулар³// - тіршілікке⁴//күретамыр⁴ [15].
(М. Мақатаев.Арулар)

Төне түсіп⁴// шоқысына⁴//Алтайдың³,
Төгеді кеп⁴// шұғыласын⁴//шаңқай Күн³.
Үн катады⁴// дыбыс шықса⁴// тау тұтас³
Дей ме ұлын:⁴// «күте-күте⁴//қартайдым³ [16, 68-б].
М. Айтқожина. Ескерткіш түбіндегі ой.

Жұбата да алмай⁶⁻¹⁼⁵//жылата да алмай⁶⁻¹⁼⁵// тұр ақ таң³,
Тақтан түссе де⁵// аттан түспеді-ау⁶⁻¹⁼⁵// мына ақпан⁴⁻¹⁼³.
Қаланың үстін⁵// қаптаған сұр бұлт⁵// бейне бір³
Шұбардың үйірі⁶⁻¹⁼⁵// шұбырып жеткен⁵//жырақтан³ [17, 30-б].
Е. Раушанов. Өліара.

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, үш бунақты өлеңдер негізінен 3+3+3, 4+3+4, 3+4+4, 4+4+3, 5+5+3 үлгісінде жиі кездеседі. Бір өлеңдегі бунақ ағындарының түрліше келуі өлең өрнегінің ырғағын түрлендіріп, ерекшелігін аша түседі.

Төрт бунақты өлеңдерді кейде көп бунақты деп те атап жатамыз. Көп бунақты өлеңдерге тек төрт бунақты ғана емес, кездесіп жатса, бес, алты бунақты өлеңдерді де жатқызамыз. Көп бунақты өлеңдерді әдебиеттану ғылымында құрама тармақты өлеңдер деп те айтып жатады: «Он төрт, он бес буынды өлеңдердің тармағы құрама болып келеді, яғни жеті буынды екі тармақтан, не жеті-сегіз буынды екі тармақтан құралған болады» - дейді [3, 147-б]. Әрине, поэзияның дамып, өркендеуіне байланысты ондағы бунақ, ұйқас т.б. да өзгеріске түсіп, дамып отырады. Бүгінгі күнде құрама тармақтардың ара-жігі өзара тұтасып, мағыналық жағынан да, құрылымдық жағынан да біртұтас дүниеге, тармаққа айналған. Үзінділер оқып көрейік:

Мынау жаным⁴// ұнатады⁴// ақ боранын⁴//даланың³
Дала ғажап⁴//үн катады⁴//уіліндей⁴//баланың³.
Ысқырады⁴//жылқышыдай⁴//ат ойнатқан⁴// жондарда³,
Төгіп-төгіп⁴//кұбылтады⁴//күй қанатын⁴//дала мың³ [16, 43-б].

М. Айтқожина.

Жеткен кезде⁴// наурызымыз⁴// жапан біткен⁴// жаңғырар³,
Тұман орнап⁴// тау басын³// аспан үрпі⁴//салбырар³.
Жансыздарға⁴//жан бітіп³// әуен билеп⁴// маңды бар³,
Жер көгеріп⁴// шөп қаулап³// мерейін бір⁴// қандырар³ [18].

Аударған Д. Қанатбаев. (Мактұмқұлы)

Сен жақсы³//көретін³//ең жақсы³//мерейлі³//мезгіл боп³,
Сен жақсы³//көретін³//ең жақсы³// санамда³//сөз бүрлеп³.

Сен жақсы³// көретін³//ең жақсы³// шырайлы³//Күнге ұксап⁴⁻¹⁼³,
Сен жақсы³//көретін³//ең жақсы³// бір айлы³//Түнге ұксап⁴⁻¹⁼³ [19].

Қ. Сарин. Айналайын.

Қазақ поэзиясында өзгеше өлшеммен жазылған өлеңдер мол. Зерттеуші С. Ержанова дәстүрлі емес өлеңдер қатарына ақын Ф. Оңғарсынованың «қызғанып қалма, жаным сен» өлеңін жатқызады. Оны алты бунаққа негізделген 26 буынды өлең үлгісі ретіне ұсынады:

Біреулер менің// қолымды қисса,// жаныма кейде//
Күліп
Кеп, // қызғанып қалма, // жаным сен:

Сен үшін ғана //құрметтеп мені //тұратын шығар//
Жігіттер// қызбалық қылма //жаным сен.

Бұл жөнінде ғалым: «Тармақтардың бунағы біршама әлсіреген, яғни прозаға жақындаған. Ақын қысқа өлшемдерден қашып, прозаның баяндау тәсілін қолданған. ...Өлең жолдары жай сөйлемнен емес, құрмалас сөйлемнен құралған. Тармақтың соңғы бунағындағы пікір айтылып біткенше, тармақ басындағы ойды тыңдаушы ұмытып қалуы мүмкін» - дейді С. Ержанова. [16, 291-б]. Өлеңнің типографиялық жазылуы «Біреулер менің қолымды қисса, жаныма кейде күліп кеп, \\ Қызғанып қалма, жаным, сен! \\ Сен үшін ғана құрметтеп мені тұратын шығар жігіттер,\\ Қызбалық қылма, жаным, сен!\\ үлгісінде болғаны көңілге қонымды. Олай болғанда, 18\8\18\8 (аралас) буынды өлең үлгісіне жатады.

Қазақ өлеңдеріндегі бунақтың саны, ондағы буын сандарын жоғарыдағы өлеңдер арқылы байқадық. Әсіресе, өлеңнің ырғағын айқындауда, оны түрлендіруде бунақтың орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра. 2003. – 208 б.

2 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп. 1969. – 243 б.

3 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. Зерттеу. – Астана: Фолиант. 2002. – 408 б.

4 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат. 2002. – 360 б.

5 Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. -Алматы: Қазығұрт, - 2004. Т 2. Өлеңдер. – 392 б.

6 Жұмабаев М. Сүй жан сәулем. – Алматы: Атамұра. 2002. – 256 б.

7 Есдәулет Ұ. Екі томдық таңдамалы шығармалар, Т.1. Алтын тамыр. – Алматы: Жазушы, 2006. – 392 б.

б.

8 Айбергенов Т. Мен саған ғашық едім. – Алматы: Жазушы, 2002. - 224 б.

9 Сарикова М. Сені ойлаймын. – Алматы: Жазушы, 1982. - 104 б.

- 10 Кәпұлы Д. Бүлдірген ағып түскенше. – Астана: Фолиант. 2011. – 140 б.
- 11 Жандыбаев Ғ. Өткел. – Алматы: Жалын, 1989. - 217 б.
- 12 Оразалин Н. <http://kazadebiet.kz/>
- 13 Мақатаев М. <http://www.kaskasu.kz/>
- 14 Айтқожина М. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1986. - 163 б.
- 15 Раушанов Е. Ғайша бибі. – Алматы: Жазушы, 1991. - 159 б.
- 16 Ержанова С. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. – Алматы: Білім, 2010. – 320 б.

Резюме

В статье всесторонне анализируется особенность стихотворной цезуры в казахской поэзии. Опираясь на исследования ученых-литературоведов, автор раскрывает природу цезуры через многочисленные поэтические примеры.

Resume

In the article the features of poetic caesura is comprehensively analyzed in the Kazakh poetry. Basing on the researches of the literary scholars the author reveals the nature of poetic caesura through numerous examples.

ӘОЖ 82/821(100-87)

Ж.Т. ҚОБЛАНОВ

филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті

ФРАНЧЕСКО ПЕТРАРКА ПОЭЗИЯСЫ

Аннотация

Мақалада Франческо Петрарка туындыларындағы дәуір шындығын, кезең көрінісін ашудағы ақын шеберлігі жан-жақты сөз болады.

Алғашқы гуманистер Петрарка шығармаларында символикалық суреттеу екінші орынға түсіп, реализм бірінші орынға шықты. Оқиғаны типтік түрде, мазмұнды суреттер арқылы бейнелеуге ұмтылу айқын көрінеді.

Қайта өрлеу дәуірі әдебиетінде табиғатты суреттеуде де жаңа мазмұн пайда болды. Мұндай жағдай Данте шығармашылығындағы сияқты ақынның рухани сезімін символдастырмайды, ал өзінің шексіз сұлулығымен адамның арман-сезімін оятушы күшке айналады.

Қайта өрлеу дәуірі қаламгерлерінің шығармаларында адам мен оны қоршаған дүние, адамның шексіз мүмкіндіктері мен күш-қайраты маңызды орын алады. Адамның ішкі сезімдері жаңа жағдайда орта ғасырлық діни өмірге күшті қарсылық көрсетеді. Петрарканың сонеттері осындай рухта жазылған шығармаларға жатады. Автор қаламгердің осындай шеберлік қырларын мақалада толық ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: эклога, пастораль, сонет, дворян, схоластикалық дүниетаным, поэтикалық форма, гуманизм, лирика, антикалық әдебиет, образ, композиция, эпизод, схоластикалық ілім, поэма.

Итальян гуманизмінің негізін салушы Франческо Петрарка өз өмірінің көп бөлігін антикалық мұраларды үйренуге арнаған ғалым, ақын ретінде ерекше даңққа бөленді. Оның әкесі Дантенің жақын досы еді, ол да 1302 жылы қара гвельфтердің қуғынына ұшырап, Флоренциядан қашып, Ареццода бас сауғалайды. Петрарка 1304 жылы осы жерде дүниеге келеді. Әкесі 1312 жылы отбасымен Францияның оңтүстігіндегі папа тұратын Авиньон қаласына қоныс аударып, сол жердегі сарайға қызметке орналасады.

Жас Петрарка болса, қала маңындағы қыстақта жасап, латын тілі мен көне Рим әдебиетін оқып үйренеді. Соңынан ол құқықтанумен айналысады. 1326 жылы ата-анасынан айрылған Петрарка оқуын тастап, Авиньонға келіп діни қызметке орналасады. Бұл жағдай оны папа билігіне жақындастырады. Сарайдағы алаяқтықтар, сатқындықтар, шіркеу мансаптарының сатылуы сияқты жағымсыз әрекеттер ақынның ызасын оятады. Ол діни қызмет атқарғанымен, өте заманагөй адам болатын.

Петрарка өзінің сұлу Лаураға арнаған алғашқы өлең сонеттерімен Рим жұртшылығына таныла бастайды [1, 154-б]. Ғылым-білімге жаны құмар, абыройлы Рим дворяны Джованни Колонна 1330 жылы Петрарканы өз сарайына қызметке шақырып, антик жазушылардың шығармашылығын үйренуіне жағдай туғызады. 1333 жылы ақын Франция, Германия, Фландрияға саяхат жасайды. Бұл саяхаттар Петрарка дүниетанымының кеңеюіне мол әсер етеді. 1337 жылы Римге барып, қаланың тарихи-мәдени ескерткіштерімен танысады. Авиньонға оралған соң, Петрарка бұл қалада қалғысы келмейді. Сондықтан қаладан бес шақырым жердегі Воклюз қыстағына келіп, осы жерде жалғыз өмір сүре бастайды (1337-1341). Бұл жылдар Петрарка шығармашылығының өте жемісті жылдары болды. Петрарканың латын тіліндегі «Африка» поэмасы, Лаураға арнаған көптеген өлеңдері де осы жерде туады. Бұл шығармалар ақынға үлкен даңқ алып келеді. Көне дәуір ақындары дәстүрінде 1341 жылы Капитолийде (Рим) үлкен салтанатпен оған жеңімпаз лавр алқасы тағылды. Осы кезден бастап Петрарка Италия жазушыларының атақты жетекшісіне айналды, оның аты тек Италияға ғана емес, шет елдерге де кең тарады. Папа Климент VI және басқа да дін өкілдері оны шіркеудегі жоғары лауазымға шақырды, бірақ еркіндіктен айырылып қалудан қорыққан ол бұл ұсыныстарды қабылдамады.

Петрарка да Данте сияқты көркем әдебиет майданында өз дәуірінің саяси өміріне әсер ету, отанның ортақ бірлігін қалыптастыру үшін күресті. 1347 жылғы феодалдарға қарсы көтерілістердің хабарын естіген ол дереу оларды құттықтайды. Көтеріліс басшысы Кола ди Риенци көне Рим үлгісінде Римде республикалық билікті жарияланғанда, Петрарка оған арнап «Ұлы рух» атты атақты саяси канцонасын жазып, оны қолдайтындығын ашық білдіреді. Бірақ көп ұзамай Риенци жеңіліске ұшырайды.

XIV ғасырдың 60-жылдарында Петрарка өз замандасы Боккаччомен танысып, онымен достық қатынаста болады. Өмірінің соңғы жиырма жылын ақын Миланда, соңынан Венеция мен Падуде өткізді. Миланда Жованни Висконти қамқорлығында болған Петрарка «Әрқандай бақытсыздыққа қарсы шаралар туралы» (1358-1366) трактатын жаза бастайды. Өмірінің соңында ұлы гуманист Падуге жақын Арква қыстағында жасап, 1374 жылы осы жерде қайтыс болады.

Петрарка - итальян Қайта өрлеу дәуірінің ірі өкілі, дүние жүзі әдебиеті қазынасына мол үлес қосқан гуманист ақын. Ол Цицеронның екі баяндамасын тапты. Антик жазушылар Цицерон мен Вергилийдің шығармаларын жан-жақты оқып үйренді, оларды өзіне ұстаз санайды. Грек жазушыларының шығармаларын латын тіліндегі аудармалардан оқыды. Көне Рим жазушыларының көркемдік әдістерін, пікірлеу негіздерін игерді. Италия әдебиеті латын әдебиетінің жалғасы екендігін дәлелдеп, шығармаларын латын тілінде жазды. Көне классиктер тілін нағыз әдеби тіл деп түсінді.

Петрарканың латын тілінде жазылған «Африка» поэмасы (1338-1342) көне Рим классикалық әдебиетінің ірі туындысы болған Вергилийдің «Энеида» поэмасының әсерінде туды. Аяқталмаған бұл шығармада ақын Римнің ұлттық батыры, Африканы бағындырған Сципионның жеңістерін суреттейді. Петрарка өз поэмасына сюжетті Рим тарихшысы Тит Ливийден алды. Цицеронның «Республика» еңбегінен Сципионның түсі туралы хикаяны пайдаланды. Ақынның дінге қарсы көзқарасы Италияның ұлттық тәуелсіздігін қорғау идеясымен араласып кетеді. Поэмада отансүйгіштік рухты бейнелейтін күшті лирикалық моменттер өте көп.

Петрарка Вергилийдің шопандық поэмасына еліктеп, латынша 12 эклог (антик, соңынан Еуропа поэзиясында шопандық өмірді суреттейтін өлең) та жазады. Пастораль

(қарапайым шопандық тұрмысты жырлайтын өлең түрі) формасындағы бұл өлеңдерге ақын жаңа мазмұн енгізді. Өлеңдердің кейбірінде Рим әміршілерін, папа билігін және оның кемшіліктерін қатты сынға алады. Басқа эклогтары ақынның жеке сезім-толғаныстарын бейнелейді. Лаура қабірі басындағы қайғыны суреттеген эклогтерін осыған жатқызуға болады.

Латын тілінде жазылған прозалық шығармалардың арасында «Атақты адамдар туралы», «Ұмытылмас нәрселер туралы» атты шығармаларының маңызы ерекше. Бірінші кітапта көне дүниенің атақты қолбасшылары Александр Македонский, Ганибал т.б. өмірбаяндары беріледі.

Шығарма көне Рим және оның қаһармандары туралы естеліктерді жаңғырту, осы арқылы адамдарда отансүйгіштік рухты ояту сияқты өзекті мәселелерді көтерді.

«Ұмытылмас нәрселер туралы кітабы» өзінен бұрын өмір сүрген авторлардан көшірілген үзінділер, мысалдар мен даналық сөздерден тұрады.

Философиялық трактаттары Петрарканың қоғамдық-саяси көзқарастарын айқын танытады. Өмір қуанышын, табиғат сұлулығын жырлау, өзге діндерге құрметпен қарау сияқты ойларды айтумен қатар ақын христиан дінінің шырмауынан да шыға алмайды, орта ғасырдың схоластикалық дүниетанымынан қол үзе қоймайды. Бұл жағдай ондағы қайғылы көңіл-күйді күшейте түседі. «Дүниеге ызамен қарау туралы» (1343) деген шығармасында Петрарканың өз дүниетанымы мен түсінігіндегі кемшіліктер байқалады [2, 155-б]. Шығарма Петрарка мен дінбасы Августин арасындағы диалог түрінде баяндалған. Августин – орта ғасырлық діни-аскетизмнің негізін салушылардың бірі. Ол да жас кезінде ғашықтықты өз басынан өткізген. Августин ақындағы әділдікке ұмтылу, шығармашылықпен айналысу, атақ-даңққа бөленіп, ғашықтық сезімге берілу сияқты қасиеттердің уақытша нәрсе екендігін айтып, оны мұндай сезімдерді жеңуге, тек қана «о дүниені» ойлауға үгіттейді. Петрарка Августинмен қызу тартысқа түседі. Ол махаббат пен атақ-абыройдан бас тарта алмайтындығын, Лаураға деген махаббаты оның шабытын оятатынын, ол уақытша емес, мәңгілік жанға ғашық екендігін айтады. Августин Петрарканың Лаураға қатынасының өмірлік махаббат екендігін айтып, онда бұл туралы сенімді пайда етеді. Ақын оның пікіріне қосылуға дайын, бірақ ол бұл дүниенің істерін аяғына дейін жеткізуі керек. Бұдан біз жаңа өзгерістер болып жатқан сол дәуірдегі Петрарка көзқарасындағы қоғамдық-саяси кемшіліктерді көреміз. Дегенмен, ондағы гуманистік сана христиан аскетизмінің догмаларына толығымен бағынбайды. Адамның тұрмыстық, әлеуметтік мәселелері, ақыл-санасы «о дүние» туралы қиял-түсініктерден жоғары тұрады.

Петрарка өзінен бұрын өмір сүрген Прованс жыршылары мен итальян ақындары сияқты махаббат лирикасымен де айналысты. Ол 1327 жылы шіркеудегі ғибадат кезінде бір әдемі, жас әйелді көріп, оған ғашық болады. Өз өлеңдерінде осы сүйген әйелін Лаура есімімен жырлай бастайды. 1348 жылы бұл әйел қайтыс болады, бірақ ақын сол сұлуға арнап жыр жазуын тоқтатпайды. Ақынның сүйіктісі туралы өлеңдері «Канцоньере» («Өлеңдер кітабы») деп аталады. Сонынан Петрарка бұл кітапты «Мадонна Лаураның өмірі» және «Мадонна Лаураның өлімі» деп екі бөлімге бөлген. Шығарманың аты «Канцоньере» болғанымен, жинаққа сонеттер (317 өлең) мен канцондар (29 өлең) енген. Кітапта махаббат тақырыбынан өзге саяси-философиялық өлеңдер де бар. Олардың кейбірінде («Менің Италиям», «Ұлы рух») отансүйгіштік идея жырланса, басқаларында папа билігінің кемшіліктері, діни бұзақылықтар әшкереленді.

Бізге дейін жеткен Лаураға арнаған бірінші өлең 1330 жылы жазылған. Аллегориялық тәсілдер ақынның өз ой-толғамын философиялық абстракциясыз, қарапайым пікірлермен баяндауына кедергілік келтірмейді. Данте әсерімен ол, сүйіктісін мейірімді, айналасындағыларға жақсы әсер етуші жан ретінде көрсеткенімен, Петрарка сұлулықты мейірімділікпен тең деп қабылдамайды. Оның сүйіктісі - Лаураның бойындағы қасиеттер шынайы. Лаура адамды өзіне ынтық ететін сұлу болғанымен, ғашықтыққа селқос қарайтын жан. Сондықтан ақынның сүйіктісі тек қиялда ғана. Шығармада ақын

жүрегіндегі екі түрлі махаббат - көтеріңкі рухани махаббат пен шынайы жауапсыз махаббат ортасындағы қарама-қарсылық өз көрінісін тапқан. Шынайы өмір қайғысы ақынның рухани махаббатқа бой алдыруына жол бермейді.

Ғашығыма деген өртті сөндірмей
Келем жылжып жоғалатын сызыққа,
Он алты жыл қол жетпеді қызыққа,
Соның бәрі өте шыққан бір күндей...

Тағдыр-тасыр, ал махаббат керемет,
Мен өмірден енді нені сұраймын,
Қайтер ем мен көзін жұмса шырайлым,
Ол жоқ жерде тірлік маған не керек!

Қазір мұнда, сәлден кейін андамын,
Жылдамырақ заулар едім бұдан да
Қас қылғандай күш жетпейді әріге.

Он алты жыл. Баяғыша шаңдағым,
Шыбын жаным шарқ ұрады шығанға,
Тағат табар реті жоқ әлі де [3, 29-б].

Жинақтың Лаура өліміне байланысты бөлімінде ол өз сүйіктісінің мейірімсіздігіне өкінбейді, қайта оны жоқтап қайғы-қасіретке батады. Лаура серілік лирикада сомдалған мейірімсіз ханымға мүлде ұқсамайды, керісінше, бетіндегі пердесін алып тастап, ақын зарын тындайды, оны жұбатады, көздерінен аққан жасты орамалымен сүртіп қояды. Данте сияқты Петрарка да өз сүйіктісін ұжмақта деп көрсетеді. Лаураның өлімінен соң ақын жүрегінде туған сезімдер арпалысы аяқталады. Сонда да, Петрарка Лаураны ұмыта алмайды. Жинақ соңында ақын бибі Мәриямнан оның «күналарын» кешіруін өтінуі мұның айқын дәлелі.

Петрарка лирикасының тарихи маңызы өте зор, өйткені, ол Италия поэмасын мистика мен аллегоризмнен тазартты, «күна» деп саналған махаббат пен тұрмыстық мәселелерді жырлауға жол ашты.

Петрарка поэтикалық формаға да ерекше назар аударып, оған мазмұн еркіндігін енгізді. Данте болса форманы пікір білдірудің құралы деп санаған болатын. Петрарка Еуропа поэзиясын жаңа көркем образдармен, жаңа туындылармен байытты, әсіресе, сонет жанрын одан әрі дамытты. Тек махаббат лирикасын ғана емес, сонымен бірге жинағына енген жауынгерлік рухпен суарылған саяси жырлары да мемлекет бірлігін қалыптастыру үшін күрескендердің қолындағы күшті қару ретінде қызмет атқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиеті тарихы (Орта ғасырлардағы Еуропа әдебиеті). Оқулық. Астана. «Фолиант».2008. - 231б.
- 2 Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиетінің тарихы. Алматы, «Дәуір». 2011. – 72б.
- 3 Петрарка Ф. Өлеңдер. Ауд. Қанатбаев Д. Астана. «Аударма», 2002. – 311б.

Резюме

В данной статье широко рассказывается о правде века, представляется открытие зрелищного периода благодаря мастерству Франческо Петрарка. В ранних произведениях Франческо-гуманиста символическое изображение уходит на второе место, а на первое - выходит реализм.

Четко вырисовывается стремление изображения событий в виде типов, содержательных картин. Картины природы стали изображаться по-новому. Так же, как и в произведениях Данте, духовное чувство писателя не символизируется, а переходит в пробуждающую силу бесконечной красоты человеческих мечтаний.

В эпоху Возрождения в произведениях писателя занимают место человек и его окружение, человеческие бескрайние возможности и силы. Внутренние человеческие чувства дают мощное сопротивление религиозной жизни средневековья в новых условиях. Автор всецело показывает грани мастерства писателя.

Resume

This article describes the true picture of the century, a spectacular period is presented thanks to the skills of Francesco Petrarca. In the early works of the humanist Francesco symbolic image goes to the second place, and to realism the first one. The desire of describing events in the form of image types, meaningful pictures clearly emerges in his works. The picture of nature began to be portrayed in a new way. Just as in the works of Dante, the spiritual sense of the writer is not symbolized, but nature awakens the infinite beauty of human dreams.

The role of a human and his environment, human's endless possibilities and power are described in the works of the writers in the Renaissance period. Internal human senses give strong resistance against the religious life of the Middle Ages in the new conditions. The author entirely shows the verge of the writer's skills.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
доценті, филология ғылымдарының кандидаты

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҚ-ПЕН ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Аннотация

Мақалада баспасөз қызметінің БАҚ-пен және қоғамдық ұйымдармен өзара PR жұмыстарын жүргізудегі алға қойған мақсаттары, әдіс-тәсілдері сөз болады. Мекеме имиджін қалыптастыру - баспасөз қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Сол себепті баспасөз қызметінің алға қойған стратегиялық мақсат-мүдделері тікелей қоғамдық ұйымдармен жүргізілетін жұмыстарының мысалында қарастырылады. Мақалада, сондай-ақ БАҚ-пен және қоғамдық ұйымдармен PR жұмысын жүргізудің негізгі принциптері талдана отырып, журналистермен қолайлы әріптестік құру және оны жақсы ыңғайға икемдеу әдістемесі де сөз болады, БАҚ-пен және қоғамдық ұйымдармен бірлікте, белсенділік жағдайында орбитін баспасөз қызметінің кейбір ерекшеліктері қарастырылады.

Түйін сөздер: имидж, баспасөз қызметі, PR, мониторинг, ақпараттық кеңістік

Қайсыбір БАҚ-та да баспасөз қызметі институтының жұмыс істеу қажеттілігін Қазақстанда электронды журналистиканың пайда болуымен, медиа нарығының шапшаң қарқын ала бастағанымен, жедел ақпаратқа деген сұраныстың артуымен түсіндіруге болады. Кей жағдайда баспасөз қызметінің үлесіне PR қызметі мен маркетингтік жауапкершілік те артылып жатады. Сондықтан бұл салаға басшылық жасайтын адам кәсіби құзыретті, тәжірибесі әбден толысқан маман болғаны жөн.

Баспасөз қызметі – әртүрлі саладағы ұйымдарды байланыстырушы нәзік буын. Себебі, әрқилы ұйымдардан келіп түскен әртүрлі жаңалықтардың басын бір арнаға біріктіре отырып, ақпараттандыру кез келген тұлғаның қолынан келе бермес күрделі шаруа.

Осыдан келіп қазіргі баспасөз қызметінің БАҚ-пен жұмыс жүргізу әдіс-тәсілдері туындайды:

1. БАҚ-ты өзара топтарға бөліп, ақпарат кеңістігінде мониторинг жариялау («оппозициялық», «сынауға ғана негізделген», «мәселелерге мән бермейтін» бағыттағы т.б.) және олармен өзара қарым-қатынас жасаудың стратегиялық, тактикалық тәсілдерін түзу;
2. БАҚ өкілдеріне арнап іс-шаралар ұйымдастыру (баспасөз мәслихаттары, брифингтер, баспасөз-турлары т.б.);
3. Адал, ниеті түзу журналистермен жұмыс жүргізу, өзара рәуішті көзқарасқа бағыттау;
4. Ақпараттық себептер туындату;
5. БАҚ-қа арнап материалдар жазу (баспасөз хабарламалары, анонстар, бэкграунддерлер және т.б.);
6. БАҚ бас редакторларымен байланыс орнату;
7. Жедел ақпарат тарату («ақпараттар ағыны»).

Қазіргі баспасөз қызметі қоғаммен байланыстың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланады:

1. Ұйымның беделін арттыру мақсатында қоғамдық орындардың назарын аударуға бағытталған іс-шаралар мен мәтіндер даярлау;

2. Әлеуметтік мәні бар жобаларға қатысу, қоғамдық бастамалар мен қайырымдылық акцияларына қатысу;

3. «Ашық есік» күндерін ұйымдастыру, институттың беделін арттыратын «дөңгелек үстелдер», кеңестер өткізу;

4. Сараптама ұйымдарының өкілдерімен бірлесе жұмыс жүргізу;

5. Белсенді ғаламтор қолданушылармен тығыз байланыс жасай отырып, олардың көзқарасына әсер ету, виртуальды ғаламтор-ұйымдарының аясындағы пікірталастарға қатысу.

Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдармен атқаратын жұмысының әдіс-тәсілдері де бар:

1. Мекеме басшысын әр түрлі қоғамдық-саяси пікірталастарға, мемлекеттік биліктің алаңдарында өтетін форумдарға, талқылауларға, саяси партиялардың, зерттеу орталықтарының жиындарына қатыстыру;

2. Мемлекеттік және жергілікті заңдарды даярлауға ұсыныстар беру;

3. Маңызды әлеуметтік жобалардың іске асырылуына қатысу (демеушілер мен волонтерлер тарту арқылы т.б.);

4. Әр түрлі саяси-ғылыми, кәсіби желілердің пікірталастарына қатысу, оларға өз ұстанымын жеткізу, мекемеге деген тұрақты көзқарасын қалыптастыру;

5. Басқару органдары мен басқарма қызметкерлерін бірлесе жұмыс істеуге шақыру, депутаттарды тұсаукесер шараларға шақырып отыру, ақпараттар алмасып, түсіндірмелер жіберу.

Қазіргі баспасөз-қызметінің бизнес құрылымдармен жасайтын жұмысының түрі мен әдіс-тәсілдерін де айта кетсек болады:

1. Бизнес құрылымдарын, олардың өкілдерімен байланыс жасау арқылы мекеме қызметіне тарту арқылы, өзара пайдалы жұмыстарға пайдалану, тұрақты демеушілік көмек алып отыру;

2. Бірлесіп жұмыс істеудегі жеткен жетістіктер деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін мекеме жанынан құрылған сараптамалық кеңестерге, консультациялық және бақылау кеңестеріне бизнес құрылымдарының өкілдерін шақырып отыру;

3. Баспасөз қызметінің ақпараттық ресурстары мен бизнес құрылымының қаржылық қорын тарту арқылы бірлескен шаралар, әлеуметтік маңызы бар акциялар өткізу, тұрақты байланыс жасау;

Сонымен, көріп отырғанымыздай, баспасөз қызметінің тәжірибесінде оның дәстүрлі ұғымы, қызметі мен міндеті белгілі бір шектеу аясына сыймайды. Қазіргі жағдайда баспасөз қызметіне бұдан да кең қызмет ауқымы енеді, жұмыс аясы күннен-күнге кеңіп келеді. Осыны тиісті бөлім ескеріп, өз жұмыстарында басшылыққа алып отыру керек. Баспасөз қызметінің белсенділігі бағытталған нысанның өзіндік сипатын ескере отырып, мақсатқа жетудің тиімді жолы мен тәсілін таңдауға көмектеседі әрі жұмыстың кең ауқымды тәсілін қолдануды талап етеді. Мақсат - қазіргі баспасөз қызметінің басшылары ақпарат өндіріп қана қоймай, оны сата да білетін, еңбек нарығына айналдыра алатын менеджер айналса деген ой. Осындай мүмкіндік қана мекеменің нәтижелі жұмысын қамтамасыз ете алады. Ал бұл сыртқы субъектілермен нәтижелі жұмыс жүргізгенде ғана іске асады. Мұндай қадам мынаны айқындайды: баспасөз қызметінің ауқымында басқа

да гуманитарлық кәсіп саласымен айналысатын жұмыс түрлері, тәсілдері болады. Сондықтан бұдан да кеңірек байланыс жасайтын аудиторияларды, баспасөз қызметіне әсер етіп, ықпал жасайтын ортаны айқындай білу керек.

Баспасөз қызметіне деген мұндай көзқарастың жағымды да, жағымсыз да әсері болады. Сол себепті аталған мәселеге ерекше ұқыптылықпен қараған жөн.

Енді PR қызметіне «үшінші жақ» болып кімдер кіре алады және олар қандай рөл атқара алады, соған келейік.

1. Билік және басқару органдары

Бұл субъектілердің БАҚ-пен және баспасөз қызметімен бірлесіп әрекет етуінің ұнамды немесе кері әсері болады. Мәселен, баспасөз қызметі конструктивті қарым-қатынас жасау жүйесін атқарады да, аймақтағы әкімшілік тарапынан қолдау іздейді (қалалық, жергілікті т.б.). Сол себепті БАҚ-пен бірлесіп жұмыс істеу үшін түрлі тұсаукесерлерге, қайырымдылық жұмыстарына, қоғамдық іс-шараларға белсене қатысады. Осындай іс-әрекеттер барысында ғана олармен байланыс жасаудың нәтижесі жақсарады. Әкімшілікпен өзара келіспеушіліктер, дау-дамай туындаған жағдайда мұндай қайшылықтардан қашу керек. Себебі басқа ұйымдардың басшыларына қарағанда жергілікті билік өкілдері қоғамдық пікірлерге басқаша қарайды. Сондықтан олармен ашық қақтығысқа бару пайдадан гөрі зиянын көп әкеледі. Тәжірибе дәлелдегендей, баспасөз қызметтері жергілікті билікпен бірлесіп әрекет етсе ғана, аталған институттарға сенім арта түседі.

2. Жеке тұлғалар

Бұл топтар баспасөз қызметімен, БАҚ-пен белсенді байланыс жасайды. Қай кезде де әлеуметтік белсенділігі жоғары адамдардың тобы болатыны белгілі. Ондай адамдарды өз жағына тартып, пайдаға асыру қоғамдық ұйымдардың БАҚ орындарына деген сенімін арттыра түседі. Аталған топ өкілдерін өз ықпалына тартып, олардың қоғамдық-саяси қызметін арттырып, әлеуметтік бағдар жұмысын тиісті жолға қойған жағдайда ғана: «Бізді қолдаңдар! Бізге ықпал етіңдер! Біз өмірді жақсартамыз!» деген ұрандарды тастауға болады. Мұндай жұмыстар БАҚ таралымына да оң әсер етеді. Әлеуметтік топтарды қолдау, оларға PR мақалалар арнау қай кезде де пайдалы әрі нәтижелі болмақ. Мақсатты аудиторияның сенімін ешуақытта алдамау керек, жергілікті тұрғындардан көмек сұрау да имиджді төмендетеді. Егер шын мәнінде осындай қажеттілік туа қалса әрбір ұсынысқа, әрбір хатқа міндетті түрде жауап беру керек. Олай болмаған жағдайда өз мекемеңе қарсы «қара PR» жаряланатынын естен шығармаған жөн.

3. Бизнес құрылымдары

Бұл субъектілер тапсырыс берушілер тарапынан жиі сынға ұшырап жатады, себебі, басқа ұйымдардың атына жазылған БАҚ-тағы ұнамсыз материалдар анағұрлым мүмкіндігі мол бәсекелестердің де имиджін төмендетіп жатады. Осыған орай, бизнес құрылымдарымен жеке ақпараттық саясат жүргізген кезде, бәсекелестік барлау әдісін қолданған дұрыс. Баспасөз қызметінің басшылары мүмкіндігінше осындай қауіп-қатерді нақты айқындап отырады да, мәселелерді шешудің тиімді жолдарын іздейді. Мұндай шаралар, әдетте, өзінің ерекшелігіне қарай әр түрлі болады: қарсыластардың мақалаларын әшкерелейтін қарсы материалдар ұйымдастырумен қатар, олардың атына қоғамдық қарсы пікір ұйымдастыру немесе сотқа сүйреу сияқты мәселелер туындауы да мүмкін. Бизнес қатынастар кез келген баспасөз қызметіне жанама әсер етеді. Себебі олар үшін көптеген БАҚ-тар пайда табуға негізделген нысан болып табылады. Сондықтан

БАҚ-пен байланыс жасау үшін тек бас редактордың ұстанымына ғана жүгінбей, жекеменшік құрылымдардың саясатына да құлақ асқан жөн.

4. Қоғамдық ұйымдар

Көп жағдайда қоғамдық ұйымдар БАҚ-пен белсенді, тығыз қарым-қатынаста болады (әсіресе өз құқықтарын қорғау мақсатында). Бұл жерде, әсіресе, ішкі істер органдары мен мемлекеттік ұйымдардың баспасөз қызметі туралы сөз болып отыр. Бірақ, көп жағдайда белсенділік бизнес құрылымдарының тарапынан болған «тапсырыстарды» орындауға ғана бағытталады (әсіресе экологиялық бағытта). Мынаны атап өту керек: қоғамдық ұйымдардың Қазақстанда беделі жоғары емес, сондықтан қайсыбір сенсациялық жағдай да қоғамдық пікір туғыза бермейді. Әйтсе де, экологиялық ұйымдар өнім өндірушілер мен өндіріс мекемелерінің арасында айтарлықтай мәселе туындатады [1, 185-б.]. Қоғамдық ұйымдар тарапынан ұйымдастырылған БАҚ материалдары тәуелсіз зерттеулер ретінде халыққа әсер етеді. Сондықтан олардың сын садағына алынған тәуелсіз зерттеулер ұйымның беделіне үлкен қауіп тудыратыны даусыз. Мұндайда қоғамдық ұйымдар үшінші бір араағайындық ұйымдардың көмегінсіз-ақ өз бетінше БАҚ-қа әсер етуі керек. Себебі айтарлықтай мол материалдар қоры болмаса бұл жұмыс нәтиже бермейді. Бұқаралық шаралар жүргізу барысында оппозициялық ұстанымдағы құқық қорғау ұйымдары өзінің негізгі ұстанымынан ауытқып кетеді. Мұндайда қоғамдық ұйымдар қайткенде де БАҚ-тың назарына іліккісі келеді де, мүмкіндігінше рұқсат етілмеген акциялар өткізіп, билік органдарын өздерінің кейбір ұнамсыз әрекеттерімен арандатуға тырысады. Бұл әрекеттер әсіресе ірі мегаполис қалаларда ерекше орын алады.

5. Саяси партиялар

Бұл субъектілердің қызметі әдеттегідей БАҚ жұмысында белсенді көрініс табады және басқа да ұйымдар мен мекемелерден қолдау көріп, оларға ықпал жасайды. Сондықтан оппозициялық партиямен жасалатын қарым-қатынас мекемеге бедел әкелетін жағдайда ғана іске асырылады. Кез келген ахуалда саяси құрылымдармен жасалатын әрекеттер кездейсоқ болмауы керек. Олармен қарым-қатынас басшылармен келісу арқылы іске асырылғаны дұрыс. Себебі ымыраға келмеудің аяғы істің насырға шауып кетуіне әкеліп тіреуі мүмкін.

Сапаға баға беру мәселесі баспасөз қызметі жұмысының басым бағыттарының бірі. Бұл әлі соңына дейін нақтыланып, толық талданбаған жүйе. Баспасөз қызметінің белсенді жетістіктері басшылар тарапынан субъективті көзқарас нәтижесінде пайда болады. Бірақ, қабылданған PR қызметінің нәтижелік рейтингін айқындайтын бағалау шарттары (критерийлері) болмағандықтан, жеке бағалау шарттарын жасауға тура келеді. Бұл мәселені нақтылау үшін баспасөз қызметінің қалай жемісті еңбек етіп жатқанын, қызметкерлеріне қандай баға қою керектігін анықтайтын төмендегідей ортақ өлшемдерді келтіруге болады:

- 1) жетекшілері мен оның мекемесі туралы ескертулердің БАҚ-тағы саны;
- 2) басым бағыттағы мақсатты топтар мен қалың көпшіліктің пікірі;
- 3) ұйым туралы шешім қабылдайтын тиісті өкілдер мен VIP-тұлғалардың, көшбасшылардың мекемеге деген көзқарасы мен пікірі;
- 4) бәсекелестердің мекемеге деген ақпараттық саясатының нәтижесі;
- 5) мекеме табысының артуы (егер олардың мақсаты табыс табу болса), сондай-ақ, олардың сыртқы субъектілердегі аса танымал топтардан әр түрлі қосымша бонустар алуы [2, 74-б.].

Келтірілген шарттардағы тізімдер ең соңғы, нақты тізім болып табылмайды, бірақ бұл талдаудың нақтылығы жайлы тиісті өлшем бола алады. Сондықтан бұл жердегі нәтижелі көмекші құрал - қоғамдық пікірдің маңызын білетін әлеуметтік сауалнамалар. Әлеуметтік зерттеу белсенді ақпараттық талдау жасағанда ғана нәтижелі болмақ. Сол арқылы ғана ұйым мен мекеме жұмысына деген қалың көпшілік пен қоғамның пікірін біле аламыз (әрине, пайызға шаққанда). Ол үшін міндетті түрде көпшілікпен суалнамалар жүргізу керек. Сапалы әлеуметтік сауалнама арқылы баспасөз қызметі жұмысының технологиялық нәтижелілігін біле аламыз. Бұл мақсатта зерттеуші тәуелсіз мамандармен кеңесуі керек. Тек солар арқылы ғана мекеме мен оның баспасөз қызметінің дәрежесін біле аламыз. Алынған ақпаратты міндетті түрде жан-жақты бағалап, төмендегідей қорытынды жасауға болады: жүргізіліп жатқан саясатты сарапшылар қолдап жатыр ма, тұсауы кесілген іс-шара өз мақсатына жетті ме, жұмысты енді қандай бағытта жүргізу керек, бұған тура келетін қандай технологияны таңдаған дұрыс т.б. Әрине, кез келген жағдайда сұхбат алушылар нақты бір мәселені таңдайды. Сұхбат алуға келісім бергенде зерттеудің негізгі мақсатын айту міндетті емес, тек қана өз мекеменді таныстырсаң болғаны. Әр сұхбатта қай мәселеде сарапшылық келісім жоғары тұратынын ескеру керек. Көп жағдайда баспасөз қызметі туралы бағалау сұхбаттың ішіне кірістіріледі, себебі мұнда ақпарат жинаудың шын мәніндегі мақсаты айқын болмауы ойластырылған. Сарапшылардың мақсаты айқын болған сайын қорытындылар мен нұсқаулар нәтижесі жоғары бола түседі. Қазіргі баспасөз қызметі жұмысының түрі мен әдіс-тәсілдері осылайша қорытынды нәтиже шығаруға мүмкіндік береді.

Қайткенде де, негізгі назарды жеке факторға арнау керек, өйткені баспасөз қызметінің жетістіктері мен қорытындылары мекеме жетекшісінің нәтижелі байланыстарына тікелей қатысты болып келеді. Баспасөз қызметінде шенеуніктермен, бас редакторлармен, журналистермен, PR саласындағы мамандармен тығыз байланысы бар кәсіби маман ерекше бағаланады. Қажет болғанда қол ұшын созып, көмек беруге даяр тұратын, сөйтіп, ең күрделі де қиын мәселелерді шешуге атсалысатын маман қай кезде де құнды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Штофф В. А. Моделирование и философия. – М., 1966. – 251 с.
- 2 Фролов И. Т. Гносеологические проблемы моделирования. – М.: Наука, 1961. – 159с.

Резюме

В статье анализируются вопросы, партнерства пресс-служб самыми разными социальными группами и организациями. В первую очередь, это СМИ, обеспечивающие передачу нужной информации населению.

Resume

The author of the article examines some of the issues as partners, the press service performs a variety of social groups and organizations. First of all, it is the media, which failed to enter into its orbit, providing a more or less adequate transfer of the necessary information to certain segments of the population.

**Ә.НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ «МЕН ЖӘНЕ МЕНІҢ ЗАМАНДАСТАРЫМ»
РОМАНЫНДАҒЫ ӨМІРБАЯНДЫҚ ӨРНЕКТЕР**

Аннотация

Мақалада Ә.Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» атты өмірбаяндық романындағы қаламгер замандастарының бейнесін жасаудағы жазушы шығармашылығына тән шеберлік белгілерін саралай көрсетеді.

Жазушының шығармашылық мұрасының табиғаты мен тағылымы, ондағы ақиқат жайттар мен замандастар өмірінің жарқын-сәулелі сәттері, көркемдік-рухани байлығының мән-маңызы ашылған.

Түйін сөздер: очерк, роман, әңгіме, повесть, өмірбаяндық роман, сюжет, композиция, замандас бейнесі

Қаламгер Ә.Нұршайықов замандас бейнесін жасаушы жазушы ретінде кең танымал болды. Өз кезегінде, өз заманында сол қоғамды, сол өмірді жырлаушы жазушылар болмады емес, тіпті көптеп саналды. Алайда, солардың ішінде мәңгілік тақырыпқа бой алдырып, өлмейтін идеяларды қозғаушы, соның ішінде жастар және олардың заманы туралы қалам тербегені аз. Заман және оның адамы деген тақырыпты айтсақ, ауызымызға ең алдымен ілінері – Ә.Нұршайықовтың очерк, әңгіме, повесть, романдары. Өз очерктерінің кейіпкерлері жайында: «Жазушылар одағына келмес бұрын, журналистік қызмет атқарып жүрген кезімде мен көп адамдар туралы очерктер жаздым. Шопан, сауыншы, механизатор, совхоз директоры, комбайнер, партия және совет қызметкерлері менің негізгі кейіпкерлерім болды. Бір қызығы мен очерк жазған адамдар не жоғары наградalara ие болып, не жоғары қызметке көтерілуші еді. Әрине, ол менің сәуегейлігімнен немесе ерекше мистикалық қасиетімнен емес, кездейсоқ сәйкестіктердің салдарынан ғана болатын» [1, 155-б], - дей келе, өз шығармаларының басты жанды жүйелері және олардың заманын тарих арнасына түсіре отырып, адам бейнесінің құндылығын айқындап береді.

Қаламгер өзінің қарапайым өмірдегі замандастарынан бастап ел ағаларына дейін романға арқау етеді. Заманы бір, бірақ әрқайсысының амал-әрекеті бөлек заман адамы өзіндік стильмен дамитыны хақ. Міне, сол мезетте Ә. Нұршайықов әр адамға тән мінез-құлық, белгі, нышан секілді түрлі детальдарды қанықтыра суреттейді.

Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» атты өмірбаяндық романы – тұтас бір дәуірдің жылнамасы секілді. Кейбір шығармалар өзіндік композициялық-сюжеттік құрылысы ап-айқын көрініп тұратын, яғни барлық шығармаларға тән шағын құрылымды болып келеді. Ал бұл роман – композициялық құрылысы шырмалған, өзара біте-қайнасқан, бір-бірімен ажырамас күйде келген біртұтас шығарма. Кейбір романдардан үзінді алып, оны шағын жинақтарға жариялауға болады. Ал «Мен және менің замандастарым» романы - бөлшектеуге келмейтін, сюжеттік желісі бірінен соң бірі қатпарлай жалғасқан. Өйткені шығармада авторлық шегіністер әр сюжет, әр оқиға сайын орындалып отырады. Роман ортасында Бауыржан Момышұлының бейнесі де ашылады. Ол бейне жеке-дара ашылмайды. Автор бір оқиғаны ядро есебінде алады да, соған сәйкес заман адамын топтап бір арнаға жинай қояды. Мысалы, Шымкентте өткен ақындар айтысы конференциясы сюжетін алып қарар болсақ, бірнеше қайраткердің, бірнеше адамның бейнесі жасақталады. «Конференция соңы айтысқа ұласты. Айтыс басталар алдында Бауыржанға сөз берілді. Баукең сөзін тек қана айтыс мәселелесіне арнады. Оның

тәрбиелік, тағылымдық мәні туралы толғады. Өзінің 1942 жылы соғыста жүріп Қазақстан үкіметіне айтысты қалпына келтіру туралы хат жазғанын айтты.

- Сендер қанша тұншықтырсаңдар да, айтыс ешқашан да өлмейді! – деді.

«Өлмейді» деген сөзді Баукең жұртқа ежірейе қарап, қатулы түрде айтты. Зал ду қол соғып жіберді» [1, 270-б], - деген жолдан Бауыржанның халықтың «айтыс» өнеріне деген пікірін көре аламыз. Осы Шымкенттегі айтыс арқылы қаламгер бірнеше адамның бейнесін аша білді. Айтыс аяқталасымен, әділқазы мүшелері бас жүлдені қазақша айтысып отырған орыс қызы Надежда Лушниковаға бермей, басқаға бергенін көрген Бауыржан Момышұлы: «...Ол Мариям Жагорқызы! Ал орыс қызының қазақша суырып салып, айтысқа түсуі деген ешқашан да болған емес! Бұл – феномен! Бұл – чудо! Кеше осы кішкентай сары қыз айтысқа шыққанда осы театрда отырған жұрттың бәрінің сай-сүйегін сырқыратқан жоқ па?! Басқа қай ақынның сөзі Надяның сөзіндей әсер етті? Еткен жоқ! Чудо деген сол! Ендеше, бүгінгі бас бәйге осы Надяға берілуі керек!» [1, 277-б], - деп, қазақ халқы үшін намыстанады, елдің жақсыны көрмей отырғандығы үшін арланады. Бұл сюжеттен де халықтың болмыстық дүниесіне кір келтірмейін деген ниетпен, қазақ елін, тілін, жерін сыйлап тұрған орыс халқына деген зор құрметін байқауға болады. Ә.Нұршайықов романда көптеген танымал адамдардың қызықты өмірбаяндарын қоса береді. Өмірбаяндық роман үшін бұл – қалыпты жағдай.

Шымкент сапарындағы көрген-білген, қызықты оқиғаларды тізе отырып, оған жер-жерден барған делегациялар, Алматыдан келген қонақтар туралы, сол сәттегі ұмытылмас сәттер жайында әңгімелей отырып, айтысқа қатысып, жұлдыздай жарқырап көрінген екі таланттың қазіргі жайын айтып кетеді. «Шымкентте өткен ақындар айтысына және жас ақын-жазушылардың өлкелік екінші конференциясына қатысқан жас таланттардың көпшілігі кейін республикаға белгілі қалам қайраткерлері болып шықты.

Солардың бірі – Надежда Лушникова, бірнеше өлеңдер жинағының авторы болды. 1970 жылы баспадан шыққан «Көңіл хошы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағын алды. ...Төлеген Айбергенов өзінің жалынды өлеңдерімен жалпақ жұртқа мәлім болды. Бірақ, таланты лаулап тұрған шағында – отыз жасында, 1967 жылы дүниеден қайтты. Қайтыс болғаннан кейін оның «Құмдағы мұнаралар» атты өлеңдер жинағына Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді» [1, 305-б], - деген жолдарда Надежда Лушникова мен өте жас кеткен Төлеген Айбергеновтің өмірінен мөлтек сыр төгіледі.

Елге үлгі, жерге пана болған, халқының мақтанышына айналған, бүкіл Кеңес одағына аты жайылған Ыбырай Жақаевтың автор мына сөздерін келтіреді: «Ыбырай Жақаев 1981 жылы 17 қыркүйекте, 91 жасында дүниеден өтті. Өлерінде жалғыз ұлы Сейітбекке мынадай өсиет айтты: «Саған айтарым: қоғамшыл, көпшіл, еңбекшіл бол. Елге айтарым: күрішке ие болсын. Сыр бойынан күріш көшіп кетпесін. Күрішке су, күн, көңіл керек. Ал адамға қажыр, қайрат, қанағат қажет. Бұл үшеуі болмаса адам не азып, не тозып кетеді. Менің бәріңе қалдырар өсиетім осы» деді. Осыны айтты да есіл ер көз жұмды» [1, 306-б]. Бұл жолдардан да автор келер ұрпақтың санасына сіңімді болар, өз уақытында, өз заманында елдің қадіріне айналған тұлғаның талантын паш етеді. Оның нақыл сөзін келтіре отырып, адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдік, ғылыми тілмен айтқанда, дихотомиялық сабақтастық, жарасымдылықты білдіріп тұр.

Ә. Нұршайықовтың өмір жолынан белгілі, бірнеше жыл «Социалистік Қазақстан» газетінде жұмыс істеп, содан кейін Орталық Комитеттің нұсқауымен «Қазақ әдебиеті» газетіне бас редактор ретінде тағайындалады. Оның орынбасары болып бұрынғы қызметтесі Ж. Жұмаханов сайланады.

Ж. Жұмахановтың ғұмырына қатысты: «...өмірінің соңғы сәтіне дейін сол «Мәдениет және тұрмыс» журналында қызмет істеді. «Солдат жолы», «Әлия Молдағұлқызы», «Жазылмаған кітап», «Келін», «Үш бәйтерек», «Замана билігі», «Мен жұмысшымын», «Қаракөз қарындасым» атты повестер мен бірнеше әңгімелер жинақтарын шығарды. «Сокпақ соңы» деген роман жариялады. Оның кезінде баспаға ұсынылмаған Абылай хан

туралы жазған «Сабалақ» атты романының қолжазбасы жазушы қайтыс болғаннан кейін жоғалып кетті» [1, 351-б], - деген мәліметінде сыры ашылмаған, яки ешкімге белгісіз болып, үшті күйлі жоғалған «Сабалақ» романы жайында сөз болады.

Замандас – ол дүниеде өмір сүріп отырған адамның айналасынан, жан-жағынан жиналып, белгілі бір пенденің іс-әрекеті, қимылы, өмір сүру, қызмет істеу секілді өмірлік ізденістер жиынтығынан пайда болатын жандар.

Сол себепті Ә. Нұршайықов өз романында беделді, лауазымды азаматтардан бастап, қарапайым адамдарға дейін суреттейді.

Автор Ә. Нұршайықов 1-кітабында көптеген адамды сынайды, олардың озбыр әрекеттерін, іс-қимыл, пиғылдарын әшкерелейді, заман шындығын ашып көрсетеді. Бірақ, бұл жұмысымызда Ә. Нұршайықовтың замандас бейнесін ашудағы ең классикалық үлгілері ғана мысалға алынып отыр. Қаламгердің студенттік кездегі жолдасы, филология ғылымдарының докторы Мырзабек Дүйсенов жайындағы лиризмге, жылылыққа толы келбеті нағыз әдеби кейіпкерге ұқсайды. Ә. Нұршайықов өз жұмысынан айырылып, қаражат жағы жетіспей, қысымшылық көрген кезде, жолдасы көмектескісі келіп ақша ұсынады, тіпті қарызға ұсынады, бірақ ол алмайды. Бірақ кейін ол жақсы айла табады. Күнде келмейтін Ә. Нұршайықовтың үйіне күн ыстықта қолшатыр, таяқ ұстап, басына шляпа киіп келеді.

«...Есіктен кіре сала ол:

- Әй, балалар, қайсысың барсың, бері келіп менің шляпамды алындар, - дейді.

Оның дауысын естіп балалар: «Мырза аға келді» деп, бірімен-бірі жарысып, есікке қарай жүгіреді. Мырзабек маңғазданып, олардың бірінің қолына шляпасын, екіншісінің қолына қолшатырын ұстатады. Содан кейін: «Мә, табан ақыларың!» деп олардың қолына бір-бір сом металл ақша береді.

Кетерінде ол тағы да есік алдына барып:

- Ә, балалар, менің шляпам мен шатырымды әперіңдер, - деп шіренеді.

Балалар жүгіріп келіп, Мырзабектің дүниелерін қолына ұстатады. Ол заттарын алып, терең қалтасына қолын сұғады да:

- Ой, бәләй!.. – дейді өкінген сияқтанып.
- О не, Мырза аға? – дейді балалар.
- Бір сомдықтарым болмай қалыпты.
- Ой, керегі жоқ, - дейді балалар.
- Неге керегі жоқ? Сендердің ана жақтан жүгіріп келген табан ақыларыңа менің төлеуім керек, - деп ол енді әр баланың қолына үш сомнан ұстатып кетеді.

Сөйтсек, бұл Мырзабектің қулығы екен. Ол мен қызметке кіргенше біздің үйге күн ашықта шляпа киіп, қолшатыр, таяқ ұстап келіп, бізді алдап асырап жүріпті» [1, 339-б], - деген сюжеттен ұлы достықтың кемел тұсын барлап, соның шырқау шыңын көреміз. Жолдасы жұмыс тауып, аяғынан тік тұрып кеткенше, осылай «асырап» жүреді. Достық сезімі – құрмет пен сыйластықтан туындайтын ұлы күш. Достың қадірін жазушы керемет бағалап, қадірлейді.

Жан досы М. Дүйсенов кенеттен жүрегі тоқтап қайтыс болады. Бұл ауыр жағдайды жазушы кітапта терең тебіреніспен суреттейді. Оның әдебиетке сіңірген еңбегі жайында мынадай лирикалық шегініс жасайды: «...Ол қазақ халқына әрі ғалым, әрі жазушы ретінде кеңінен танылды. «Қалыңдық», «Ана махаббаты», «Гүлжан сүйеді», «Меймандар», «Ант» атты және басқа бірнеше әңгімелер мен повестерінің жинақтары жарық көрді. Өмірінің соңғы жылдарын ол табиғат тылсымдары мен көне дүние құпияларынан қызықты сырлар шертетін көп томдық ғылыми-әдеби еңбек жазуға арнады. Оның «Біз – күн перзентіміз» (1984), «Біз аспанның астында» (1986) және «Ғасырлар сыры» (1988) атты алғашқы үш кітабы көзінің тірі кезінде жарық көрді [1, 343-б]. М. Дүйсенов 60 жасқа толуына бір айдың шамасында уақыт қалғанда дүниеден озады. Өлерінің алдында ғана «Ғасырлар сыры» атты ең соңғы кітабы шығып, оның ең алғашқы данасының бірінші бетіне арнайы

үш шумақ өлең жазып Ә.Нұршайықовқа сыйлайды. Ауруханадан шыққаннан кейін бұл кітапты дүкеннен көп етіп сатып алып, достарының бәріне таратып беретінін айтады. Ә. Нұршайықов жазушы замандасы М. Дүйсеновтің ешқашан визит карточкасын ұстамайтынын ескеріп, 60 жылдық тойына қуантайын деп арнайы визит карточкасын жасатады.

Алайда, ол уақытқа жете алмаған Мырзабек Дүйсеновтің 60 жылдық тойында «Ғасырлар сыры» атты кітабының алпыс данасын дүкеннен іздеп жүріп тауып алып, алпыс дана визит карточкасымен қоса жиналған қонақтарға Ә.Нұршайықов пен жары Халима екеуі таратып береді.

Қаламгер сөзіміздің басында айтып кеткендей, бұл еңбекте Ғабит Мүсіреповтің жазушылық-адамдық келбетіне көп көңіл бөледі, оның замануи қырын ашып көрсетеді. Ғ.Мүсіреповтің өз замандасын кіші демей, өзімен құрдас, кәрі демей, бәріне біркелкі қарап, қуанышына қуанып, қайғысына ортақтасқанын баса айтып көрсетеді. Қазақтың аяулы азаматы Ілияс Омаров қайтыс болғанда Ғабиттің жас балаша жылауы, Ысқақ Дүйсенбаев қайтыс болғанда, марқұмның маңдайынан сүюін қаламгер адал азаматтық үннің жарқын бейнесі ретінде көрінгенін мақтанышпен суреттейді. Енді бір жерде «Ғабиден мен Ғабиттің айырмашылығы неде?» деген сұраққа қаламгер өте ұтымды жауап береді:

«...- Ғабит өзінің қатесін сарапқа сала біледі. Жіберген қателерін іштей мойындайды. Бірақ ешкімге айтпайды. Құр мойындап қана қоймайды, соны түзетуге тырысады. Түбегейлеп жүріп түзетеді де. Онысын және жария етпейді.

- Неге олай? – депті достым.
- Бұл – көркем әдебиеттің тәсілі. Жазушы романында адам мінезінің бір қырын көрсетеді де, ар жағын таратып айтпайды. Қандай қорытынды жасауды оқырманның үлесіне қалдырады. Ғабен өмірде де осы әдісті ұстанады.

Шынында да, Ғабит Ғабиден емес, Ғабиден Ғабиттен басқа ғой. Олар бір заманда қол ұстасып, қатар өмір сүргенімен екі түрлі адам, екі басқа азамат. Жазушылық жағынан жолдары және бөлек: Ғабит барлық туындыларын қазақ халқының тарихы мен тарихи адамдарына, оның ауыз әдебиетінің ғажайып кейіпкерлеріне арнады. Ал Ғабиден тек қана бүгінгі күннің жырын жырлады» [1, 434-435 б]. Бұл сюжеттік желіден Ғабит Мүсірепов жанының қатпарлы, өзіндік әлемге құрылған, тылсым күшпен сикырланған дүние екенін көреміз. Ғабит бойындағы «көркем әдебиет тәсілінің» жинақталғанына заман лебі мен замандас келбетінің ықпалының да өзіндік әсері бар деп топшылауға болады.

«Мен және менің замандастарым» өмірбаяндық романының екінші кітабы өте күрделі композициялық құрылымға ие. Ә. Нұршайықов «Мен және менің замандарым» атты өмірбаяндық романында көбінесе «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет істеген кезіндегі оқиғаларды, замандастарды арқау еткен.

Екінші кітаптың басы Ғ. Мүсіреповтің асыл қасиеттеріне арналады. Ә. Нұршайықов оны өз әкесіндей сыйлап, әрқашан мақтан тұтанынын, екеуінің арасында бұрынғыдай емес, жаңа бір сыйластықтың қалыптасқанын айтады.

Қаламгер сөз арасында өз замандастарының жеке қасиеттерінен хабардар беріп, жұрттың көңілін бір көтеріп отырады. Мысалы: «Менің өкшелес інілерімнің ішінде өзгеше сөзуар екі адам бар. Оның №1-і – Тахауи Ахтанов, №2-сі – Мұзафар Әлімбаев. Алдымен ауруханада қасымда жатқан Әлімбаевтан бастайын. «Ертеден шапса кешке озған, таңертең шапса түсте озған – томаға көзді қасқа азбан» деп халық жырларының бірінде айтылатындай, Мұзафар күні бойы қақсап сөйлеуден жалықпайтын жан. Тіпті ол түсінде де сарнап жататын көрінеді. ...Бір жолы ауруханада Тахауимен бірге жаттым. Бөлімшеміз бір, палатамыз екі бөлек болды. Бірақ, ол күніне үш рет біздің палатаға келіп, әңгіме айтуды әдетке айналдырып алды. Біздің палата оған лекция оқитын аудитория іспетті болды» [2, 102-б], - деген көңілді жолдарда замандас інілердің келбеті өзіндік жарасымдылықпен берілген.

Екінші кітап алғашқысына қарағанда композициялық құрылымы жағынан өте күрделі. Мұнда автор соғыс кезінде болған оқиғаға негіздеп «Соғыс кезіндегі қыз немесе Кәмәш» атты ауызша романын жариялайды. Сонымен қатар, «Алыстағы ауданда», «Семинар» секілді танымал очерктерінің бас прототиптері де аталады. Шығарманың өн бойында өз замандастарының, атап айтқанда, ел басшыларының шындық ақиқатқа негіздеп жазылған әзіл шумақтары беріледі.

Екінші кітапта Әзілхан Нұршайықов турасындағы жылы лебіздер, пікірлер беріледі. Атап айтсақ, Рымбек Байсейітовтің, Сақтаған Бәйішевтің, Мұхаметжан Қаратаевтың, Әбділда Тәжібаевтың, Қадыр Мырзалиевтің, Дихан Әбілевтің, Мұхтар Шахановтың, Тұманбай Молдағалиевтің, Мұқан Иманжановтың, Зейнолла Қабдоловтың, Тұрсынбек Кәкішевтің, Сәлима Қалқабаевалардың мазмұнды да мәнді сөздері жиыстырылған [2, 339-342 б].

Екінші кітаптың төртінші бөлімі «Аурухана әңгімелерінің жалғасы» деп аталып, бірнеше тараушаларға бөлінеді. Бұл тарауда да әр жылдар ойларынан біршама хабарлар беріледі. Мәселен, Ә. Нұрпейісов турасындағы басты пікір мынадай: «Нұрпейісовтің «Қан мен терін» Ғабиден екеуіміз оқыдық. Оны жаман шығарма демеймін. Нұрпейісов оны орысша аудармадан қайта қазақшалады дегенге қосылмаймын. Бірақ жақсы шығарма жазу басқаға қиянат жасауға право бермейді. Қиянатшы екенсің, жазушы емессің – жазушы атын жамылған жауыздардың бірісің. Ондай жауыз жазушыларды өз тарихымыздан өз көзімізбен көргенбіз. Құдай енді оның бетін ары қылсын» [3, 12-б], - деген жолдарда Ә. Нұрпейісовтің шығармасына баға бере отырып, жазушылар арасындағы жауыздық мәселесін бір көтереді. Замандас жазушылардың сол уақыттағы жапа шеккен бір кеселі – жікшілдік мәселесіне орай автор үндеу есебінде меңзейді.

Ғ. Мүсірепов Ә. Нұршайықовтың шебер әңгімешіл екенін тамсана мойындай отырып: «Ал мына Әзілханның әңгімелері бір қарағанда кішкентай деталь, жаңағы сіріңке қорабындағы бір тал ши сияқты. Байыптап қарасаң, сол әрбір кішкентай детальда өзіндік өмір жатады. Оның кейбір детальдарын штрих деп атайық дегенім сондықтан» [3, 31-б], - деп, замандас інісінің шығармашылығына зор баға береді. Шығармада Ә. Нұршайықовқа жолданған хаттар, оның шығармалары туралы сын-пікірлер бәрі бейне бір құжаттамалық деңгейде уақыт-уақытымен көрсетілген.

Енді бір айта кететін жайт, шығармада тек қаламгердің өз айналасындағы жазушы достары, қарапайым халық өкілдері ғана емес, майдан шебінде бірге болып, өзара достық, сыйластық жібi әлі үзілмеген замандас өзге ұлт өкілдерінің бейнелері де бар. Романдағы «Роман талқысы», «Бес майдангердің университеттегі кездесуі», «Ақиқат пен аңыз» романын талқылау», «Брест сапары», «Жаңа қаһармандар іздеу», «Ұқтымбаев кім?», «Көкшетау күнделігі немесе шайқастың соңғы күндері» атты бөлімдерде қаламгердің замандас-майдангерлер бейнесі кеңінен көрініс береді.

Романның енді бір кезекті қозғаған тақырыбы – қаламгердің өмірлік жары Халиманың адами қасиеттері. Қаламгер өз жары турасында тек өз атынан баяндап қоймайды, Әбділда Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаевтың атынан сөйлеткізеді. Романдағы ендігі композициялық құрылымның құндылығы – қаламгер замандастардың өзара диалогтық дәрежеде жүзеге асуында. Осылайша роман соңы қаламгер кітабын шығаруға қол ұшын берген азаматтар турасындағы әңгімемен жалғасады. Танымайтын, өмірде көрмеген адамы оның он томдық шығармалар жинағын шығарып беруге уәде береді. Мұның бәрі де жазушы қаламының қасиеттілігін, қадірлілігін көрсететін айрықша белгі, бедерлер.

Сонымен, қазақ әдебиеті тарихына жаңа үн, жаңа белес, жаңа ұғым әкелген «өмірбаяндық роман» жанры өз деңгейінде жазылып, заман адамы мен бейнесін жасауда көсем ізденістер мен көркемдік биік белестерге көтерілді деуге болады. Ә. Нұршайықов заман және замандастары туралы айтып-жазу негізінде өмір шындықтарын, уақыт тынысын кеңінен ашады. Өмір шындығына, көркемдік-рухани мұраттарға еркін енеді. Қоғам, кезең көріністерін жан-жақты ашады. Нәтижесінде, дәуірдің кең тынысын,

замандастардың толымды бейнесін өмір, уақыт шындықтарымен байланыста сенімді суреттейді.

Ә. Нұршайықов шығармашылығындағы замандас бейнесінің сомдалуы мен оның өзіндік қыр-сыры осында жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Нұршайықов А. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. Т.8. – 472 б.

2 Нұршайықов А. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. Т.9. – 344 б.

3 Нұршайықов А. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. Т.10. – 352 б.

Резюме

В статье всесторонне описывается современный облик, человеческая натура, характер, личные качества современников, собственный литературно-творческий рост автора на пути к достижению вершины поисков в романе А. Нуршаихова «Я и мои современники». Были раскрыты природа творческого наследия писателя, ситуации из биографии современников, наполненных смыслом жизни и духовных богатством.

Resume

The article comprehensively described the modern view of human nature, character, personality contemporaries, his own literary and creative growth towards the top of the search in the novel of A.Nurshaihov «I and my contemporaries». The nature of the creative heritage of the writer, situations are full of meaning moments of life of contemporaries, the semantic content of the spiritual riches have been disclosed.

Ә.Д. ҚАБЫЛОВ

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

СЕМСЕР СӨЗДІҢ СЕРПІНІ

Аннотация

Мақалада Ж.Аймауытовтың прозалық шығармаларындағы иронияның стильдік қызметі қарастырылады. Көркем мәтіндегі құрылым түзуші принцип ретінде иронияның жасырын және тура мағынадағы екіұдайлық мәні нақты шығармалардағы көркем бейнелеу арнасында пайымдалады. Жазушының «Қартқожа», «Ақбілек» романдарындағы иронияның қызметі түрлі аспектілерде талданып, көркем прозадағы ирониялық сана көріністері сараланады.

Түйін сөздер: ирония, авторлық баяндау, ирониялық сана, образ, кекесін, концептуалдық мән.

Көркем мәтіндегі құрылым түзуші принцип ретінде ирония өмір философиясын пайымдататын «экзистенциальдық парадокс» түрінде көрініп, астарлап бейнелеу, бүкпелей айту жөнімен оқырманды ойлантуға, автордың ойын түсінуге бейімдейді. Көркем әдебиеттегі астарлы-түспалды басқа амалдардан иронияның бір ерекшелігі – ол керісінше айту жолымен мақұлдап отырғандай болғанмен, басқаша ұғынтуды қолайлайды. Ирония жазушының түрлі мән-мағыналардың, көзқарастардың, үндер мен үндеулердің өзара күрделі қатынастарын пайымдап, оны оқырманға өзгеше жолмен жеткізуге мүмкіндік береді.

Ирониялық мәтіндегі автор мен оқырманның қарым-қатынасы ойындық жағдаятқа құрылады да, айтпақ ойын ақырына дейін айтпау, сөйтіп концептуальдық мәнді оқырманның өз ойымен толықтыратын әлеуетті бос кеңістік түрінде қалдыруды ұстанады. Демек, авторлық ирониялық сана шығармашылық үдеріс үстіндегі сұхбаттасы болып табылатын оқырманның дұрыс қабылдауына иек артады. Сөйтіп, ирония қашан да оқырманның белсенділігін қажет етеді. Оқырмандық қабылдау, оның суреткер шығармашылығына шынайы белсенділікпен қатысуы ғана ирониялық айтылымның шынайы мәнін аша алады.

Жасырын және тура мағыналы екіұдай мәнде болып келетін ирониялық айтылым табиғаты екіұдайлы, «қос үнді» болады. Мұндай поэтикалық қос үнділік, М. Бахтиннің пікірінше, «сөз бен заттың арасында бөгде сөз, бөтен екпін болатын» ирониялық басқаша бағалауға байланысты болмақ [1, 142-б].

Авторлық баяндаудың бір кодыннан күтпеген жерден екіншісіне ауысуы оған дайындықсыз оқырманның санасында орнықпақшы рухани-мәдени құндылықтарды өзгертіп, саналық жаңа арнаға бағыттайды. Бірақ мәнмәтіндегі ой ағысы, көрініс келбеті, баяндау машығына орай оқырман мұны дұрыс сезе алады. Себебі, баяндалатын оқиға, көрінетін көрініс, айтылмақ жай бұл айтылымның (ирониялық айтылымның) мәніне оқырманды бейімдей береді.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ жазушыларынан, әсіресе, Ж. Аймауытов, Б. Майлин, І. Жансүгіров прозасында ирония айқын көрініп

отырды. Қазақ ғалымдары бұл жазушылардың шығармаларындағы сатира мен юмор туралы біршама құнды пікірлер айтып, зерттеулерін жариялады. Б.Майлиннің суреткерлік қолтаңбасындағы сатира мен юмордың орны туралы көптеген ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Қаламгер драматургиясын зерттеген Р.Рүстембекова Б. Майлиннің пьесаларында диалог арқылы комизмді шебер бере алғандығын нақты мысалдармен дәлелдейді. «Ол комизм жазушының юморға шеберлігінен туып жатады. Майлиннің пьесаларындағы юмор мен сатира ең алдымен жазушы творчествосындағы жалпы халықтық тілдің ролін және Майлиннің өзіндік ерекшеліктерін анықтауда аса бағалы», – дейді ол [2, 117-б].

Ал белгілі сатира зерттеуші ғалым Т.Қожакеев А.П. Чехов сатирасы туралы мақаласында: «Адамның жағымсыз әрекет-қылығы мен мінез-психологиясын бірде ишаралап-тұспалдап түйреу, кейде зіл тастап кекету, тағы бірде ашық әжуалау, енді бірде іліп-шалып шенеу, және бірде тура шабуылмен әшкерелеу сияқты Чехов әдістері І. Жансүгіров, Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, С. Адамбеков, Ж. Алтайбаев жазғандарынан айқын аңғарылып отырады», – деп жазды [3,74-б]. Кейбір авторлардың шығармаларында негізінен «айтылмаған нәрсеге қарама-қарсы нәрсе айтылатын» [4, 220-б] ділмарлық (риторикалық) тәсіл түрінде де қолданылады.

Ж.Аймауытов «Қартқожа», «Ақбілек» романдарында иронияны авторлық баяндау арнасында концептуальдық мақсатта, сондай-ақ кейіпкер мінездемесін ашудағы жанама тәсіл ретінде тиімді пайдаланады. Жазушы көбінесе авторлық баяндау машығында ирониялық тыныспен белгілі бір сәттерді шалып өтіп отырады. Кезеңнің идеологиялық талабы десек те, айылуы керек нәрсені осылайша қамти отыру кейінгі қазақ жазушыларына да жұғысты болды. Мысалы, «Қартқожа» романында: «Қартқожа талай қынжылғанда, бар ынтасымен намазды бажайына келтіріп оқып, құдайға жалбарынып көрді; одан қала берсе, пайғамбардан, шадиярдан, әулие, машайықтардан да медет тілеп көрді. Олардың бәрінің құлағы керең болды білем, бәрі де дұғасын естіген жоқ, бәрі де медетінен қарайласқан жоқ. Қайдан қарайласады? Өздері де әлдеқашан топырақ болып, жоғалып кеткен» [5, 28-б], – деген емеуріннен кейіпкерге қатысты, соның мінездемесін толықтыру масатындағы мысқылдық тыныс жатқанын көруге болады.

Ж. Аймауытов баяндау арнасында мысқыл-кекесінді жиі пайдаланып отырады. Ол кей кездері жазушының өзінің баяндау ыңғайын сездіру арқылы юмор мен сатира қатарында орайласып жататын иронияны да қамтиды. Автор баяндалар жайға қатысты түйткілді тұстарды жай ғана сөз арасында шолып өткенмен, соған ирониялық екпін түсіріп, қоғам мен адам бойындағы кемшіліктер мен оғаштықтарды іліп әкетеді.

Осы баяндау арнасындағы ирониялық екпін автордың жай ғана баяндау ыңғайында өзін (автор ретінде) сезіндіруі ғана емес, шығарма сюжетіне қатысы бар жайларды (кейіпкерге мінездеме, оқиға шарты, кезең шындығы) секілді жайларды жинақтап беру қызметіне де келеді: «Бізден гөрі батылдау жазушы болса, болыстың қаладан не бітіріп қайтқанын, енді үшеуі не сөйлесіп отырғанын есітіп тұрған кісіше айтып берер еді. Біреудің ішіндегісін болжайтын қырағылығымыз жоқ. Елдің *«игі жақсыларының»* ішінде қандай алтын жатқанына кісінің миы жете ме? Әлде олар елдің қамын жеп, шара таба алмай, дағдарып отырған шығар. Әлде патшадан келген жақсылық хабарды қалай естіртудің есебін таба алмай отырған шығар – ол арасына көзіміз жетпейді. Аз-маз құлағымыз шалған хабарды қазір айта қоюға «бәленше сүй деп жүр» деген өсектен қорқып, аузымызды бағамыз [5, 83-б]. «Саулы бозінген» дегенді түйе екен деп қалмаңыз.

Түйеден кісі ұн сұрай ма? Бұ қазақтың да жыны бар ғой, әжептәуір кісіні Бозінген деп шығарып. «Бұт жимас» демегеніне де шүкіршілік! «Саулы бозінгеннің кім екенін айта кетеміз бе? Неміз кетіп барады? *Бос сөзге жанымыз құмар ғой*, айтсақ айта кетейік» [5, 195-б].

Мұнда ирониялық назар көп нәрсені аз сөзбен жинақтап беру, айтылмыш нәрсеге мән бергісіз жәйт ретінде көңіл бөлуді қаламаса да, оқырман санасында ерекше тыныспен екпін түсіретін маңызын көрсету амалы ретінде тиімді пайдаланғаны көрінеді.

Кейіпкердің ішкі ойы арқылы соның таным-түсінігі тұрғысынан түрлі құбылыстарға баға беруде кезең шындығы мен ұлттық сөйлеу мен ойлау машығына сәйкес жеңіл кекесін-мысқылды да пайдаланып отыру да Ж.Аймауытовтың қалам мәнеріне тән қасиет: «Ол былтыр крестьянский нашалніктің перуатшігін көрген. Ол қандай еді! Үсті-басы аппақ! Сары ала түйме! Шашын қайырған. Аяғында – әмірқан етік. Нашалніктің алдында аузына-аузы жұқпай судыратқанда, кісілер таң қалмаушы ма еді?! Ол бір стражникпен орысшаласып-орысшаласып, жеңіп кеткені қайда?! (Орысшаласқан кісілердің қай көп сөйлегені, бастырмалатқаны жеңіп кетеді деп жоритын) [5, 28-б].

Ж.Аймауытов халықтық ойлау мәнеріне сәйкес кейде баяндау арасында нәзік иронияға негізделген мысқыл-кекесінді де ширатып отырады, мұндай жағдайда: «...Ол үміт болмаса жардан құлап кететіндей еді. Үш үй жатақтан түзге отырып жатқан бір қатынды көріп, «жолым болды» дегендей, үміті тағы нығайды» [5, 92-б]; «Жаз шыға Қартқожа еліне қайтуға рұқсат сұрады. «Кәрі шешемді көремін» деген соң әрең босатты. Әйтпесе тағы да ұстамақ еді. Қартқожаның шолақ оқуы бітіп қалып, өзінен-өзі ұялып жүргенін Қарашолақ қайдан білсін...» [5, 115-б], – деген нәзік астармен кейіпкер мінездемесін немесе қазіргі психологиялық жағдайын ишаралайтын мән бар.

«Ақбілек» романында автор кейде кейіпкер сөзіне ирониялық реңк дарытып, олардың ішкі ойлары арқылы психологиясын ашады, таным-түсінігін әйгілейді. Бұл орайда романдағы диалогтік қатынасты көруге болады. «Диалогтік қарым-қатынастың тар мағынадағы диалогтік сөйлесімге қарағанда мағынасы кең болады, – деп жазады М. Бахтин, – Шығармадағы терең монологтік сөздердің арасында ұдайы диалогтік қатынас болады», «тұтастықты түсіну қашан да диалогті болмақ» [6, 304-б].

Жазушы шығарма оқиғасын тұтастай бірқалыпты автор атынан баяндамай, кейбір жеке тарауларды кейіпкерлердің өз атынан баяндата отырып, олардың өз ой-танымы мен көзқарасын айқындап беруді қолайлы көреді. Мысалы, романның «Бекболат», «Офицер», «Мұқаш» тарауларында оқиға (өздерін таныстыруы мен көзқарастары да) кейіпкер атынан баяндалып, олардың ішкі ойлары көрінеді. Бекболаттың өз өмірі жайлы ашық баяндауындағы мына жолдар оқырманға ирониялық леппен қабылданады: «Әкем өз маңындағы елдің ұрлығын қымтап, зорлығына болысып, дауын даулап, жесірін жоқтап, шығынын реттеп, бірді бірге соғып жатады. Атқа мініп кетеді, үйде болса, келген кісілермен оңашаланып, сыбырласып жатқаны. Сөйтпесе ел билей алмайды-ау деп ойлаймын. Бірақ оған артық араласпаймын. Ағаммен екеуі тұрғанда, маған сөз не керек, өз ермегім өзімде. Бірақ олар мені әуейі болып кеттің деп, кейде жаратпайды, кейде мен құс алдырып, аң атып келгенде мақтанып та қояды. Өйткені мен ағайын дауына, ру намысына қызбай жүрген жерім жоқ. Төбелес болса жасаққа шығамын, қыз қашқан, қатын кеткен топтардан қалмаймын» [5, 152-б]. Мұндай жолдардағы кейіпкер сөзі оның шын ойын танытып, өзі дұрыс деп таныған ақиқаты түрінде

көрінесе, оқырман тарабынан кейіпкердің мінездемесін толықтыратын ирониялық леппен қабылданады.

«Офицер» тарауындағы сары мұрттың сөзі де оның өз танымын танытып, орыс әскерінің көзқарасын ашып береді әрі кейіпкер ойынан шыққандықтан, тыңдаушы жағынан ирониялықпен қабылданады: «Отанды біз қорғамасақ, орыс күшті жұрт болмаса, осы надан қазақ күн көре алар ма еді? Орыс сияқты жері мол, қолтығы кең жұрттың қол астына қарағанына қазақ тәубе қылу керек қой. Анығында қазақ мемлекетке не пайда келтіріп отыр? Түндік басы жылына төрт сом алым төлегені болмаса, әскерге ылау, азық бергені болмаса бұларда не шығын бар? Тек қымызын ішіп, қарнын сипап, қатынына қарап, борбайын тыр-тыр қасығанды біледі» [5, 153-б]. «Тіршілік деген – арпалысып күнелту деген сөз. Ендеше біз тіршілік қып жүрміз. Бізді қазақ айыптаса, білмегеннен айыптайды» [5, 155-б].

«Мұқаш» тарауындағы Мұқаш секілді жағымсыз кейіпкердің ойы оның психологиясын терең ашып береді, ол автордың (сырттай) баяндауына қарағанда шынайы көрінеді әрі кейіпкердің қандай адам екенін танытады, оның ниет-пиғылы, мақтаншақтығы мен өзімшілдігі, пасықтығы – бәрі танылады: «Өзім бір тұрған заңмын. Орыспен де, қазақпен де сөйлесе кетем. Елде жүрсем де, қалаға барсам да өлмейтін тәріздімін. Адам болған, ел билегендердің менен түк артық жері жоқ. Олар білген өтірік, өсек, ұрлық-қарлық, қулық-сұмдықты мен де білем. Олар сөйлеген сөзді мен де сөйлей аламын. Қайта мен «какой черт, как же, нежоли, неимешь права...» деп орысшаны араластыра соғып жіберуге де әмірім келеді. Алыса кетсе, төбелесе кетсе бір кісіден таяқ жемеймін. ...Арыздаса кетсе – кісінің бір малын жетелеп кетуге жараймын. Енді менің ел адамдарынан қорғалайтын нем бар? Мен неден тайсалам? Жалғыз кемдігім: қағаз танымайтыным ғой. Мендейлер толып жатыр ғой. Әттең, дүние! Қолым хат білсе, Күршім өзенін теріс ағызар ма едім, әлде қайтер ем...»; «Балшабай деген бар, кедейдің пайдасын сөйлейді, балшабайға жазылған кісіні аулынай қылады, болыс қояды, қолына мылтық береді, «панимаешь», мылтық береді, байдың малын, артық қатынын, жерін кедейге тартып әпереді деген лақаптар шыққан соң, жатсам ұйқым, тұрсам күлкім келмейді. Мен де балшабайға жазылып, мылтық алсам деп ойладым да жүрдім. Ойға алғанын істемеген жігіт жігіт пе?» [5, 157-158-б].

Кейіпкер монологінде оның өзіне көңілі толуы мен риза болуы өзі үшін мақтанш болса, сырт көз – оқырманның қабылдауында пасықтық пен аярлықтың үлгісіндей көрінеді. Мұндағы ирониялық қатынас кейіпкер баяндауы мен оқырман қабылдауының арасындағы қайшылықты мәннен, баяндаудағы «дұрыстық» пен қабылдаудағы «терістік» арасындағы кереғарлықтан туындап жатады.

Романдық баяндаудағы жазушының жеке тарауларды кейіпкерлерге баяндатуының өзі де романның жаңашылдық сипатындағы кейіпкердің ішкі толғанысын өз атынан, өзіндік таныммен, ішкі көңіл-күй әуенін аңдатып, бірінші жақтан ашып көреспектік мақсаттан туған.

Ж. Аймауытов ирониясының бір ерекшелігі – жазушы шығармаларында мысқыл-кекесін ұдайы тура қарқын ала бермейді, яғни тікелей әшкерелеушілік-терістеушілік амалдың негізгі түрі болудан гөрі, автордың сыншылдық, терістеушілік баяндау арнасындағы жанама құрал ретінде жолай іліктесе, авторлық-рецепиенттік көзқарас-танымның ығайында селбелесіп отырады.

«Ақбілек романында Бозінген, Ықан, Тықан секілді кейіпкерлердің мінез-құлқы сын объектісі болып, ара-тұра ирониямен іліп-шалынады. Сондай жығымсыз кейіпкерлердің бірі – Мұсабайдың қатыны Бозінген. Оның ауыл үй арасына сөз

таситын өсекшілігін, ауыл қатындары арасында «би болудан да дәмесі бар» адуындығын тура байыптылықпен таныстырумен қатар, ирониямен де шалып отырады: «Өз үйіне түгел естірген соң, бұл хабарды ішіне сыйғыза алмай, Бозінген бошалаған түйеше тайраңдай басып, екі қолын алды-артына құлаштай сермеп, Бірқұлактікіне қарай жөнелді. Ауылды қыдырып жүріп, бірталай жанды құлақтандырған соң, қасына екі қыз, бір қатын ертіп, енді Бозінген Күмсінайдікіне тартты. *Неге десеңіз, Бозінген от басының әйелі емес, бір болыс елдегі әңгімені үйде отырып біліп отыратын, еркектердің партиясына да, дау-шарына да кірісіп кететін, саққұлақ, еті тірі, көшелі кісі зой...*» [5, 197-б].

Бұл арада ирония сатира мен юмор ауқымында келіп, жазушының діттеген зерттеу объектісін дөп басып отырады. Бозінген секілді таңсыққой, өзіндей әйел жанын түсінуден гөрі табалауға дайын тұратын ауыл әйелдерінің бейпіл әдетін сарказммен де осып өтеді: «Орыстар өз аулына да келген, қыз-қатындар тау-тасқа тығылып, өзі де үш солдаттың қолына түсіп қап, бұйырғанын көрген, кіші үйдің қызы содан бері жіңішке ауруға шалдығып, от басында сұлап жататын болған. Сонда да қатын шіркіннің таңсыққойлығы басылған ба?» [5, 197-б].

Бозінген бейнесіне байланысты жазушы иронияны өнімді қолданады, бұл образ эпизодтық кейіпкер болғанымен, жинақтақ мәнге ие. Автордың баяндауында Бозінген қашан да құр мақтан мен бос сөзге үйір, өзі қаншалықты салақ болса да өзгеге мін таққыш ауыл әйелінің бейнесін танытады: «Бозінген Ақбілекті былай қойып, көйлек жайынан қыздармен айтысып кетті. Оның айтуынша, қыздар дым білмейтін боп шықты. Айтжандікі бес есе артық боп кетті. Айтжан қарағы ұзатылмағанда, орыстар «қырылып» қалатын екен, масқаралықтан құда бір сақтапты, өйткені аманында бергенін «өзі» қалапты (екі қабат боп қалғаны есінде жоқ)» [5, 198-б].

«Ақбілек» романында қала адамдарының өкілі, қазақ зиялыларының типтері Ықаң мен Тықаңның мінездемесіне байланысты да ирония ара-тұра белсенді қалып алады. Жазушы жеке бір детальды ерекше екпінмен ирониялап, сол арқылы кейіпкер бейнесінің жеке бір жақтарын ашу арқылы жалпы бітіміне назар салуға бағдарлайды: «...Ықаңның шылым жасап тартқаны үлкен тақуалардың саптанып дәрет алып, намаз оқығанынан бір кейін болған жоқ. Мойындағы бір ауыр міндетті атқарғандай, өмірдің бір мақсаты сол шылымда тұрғандай сонша ықыластанып қойғаны Бекболатқа жат көрінді» [5, 224-б].

Ықаңның шылым тартуын сөз ету арқылы оның өмір деректерін жайып салмай-ақ, ішкі құса, өткенге өкініш, өксікті тағдырға өкпе айтудың орнын шылымның ащы түтінімен басу уәжі ирониямен өткір өзектеледі: «Әлдебіреу Ықаңның шылым тартқанын сонша сөз қылғаны несі десе, жетпегендігі де. Мұнда үлкен мән бар. *Көңіліңді қына, көзіңді торта басса, күйінсең, өкінсең, қайғыңды ұғар, сөзіңді тыңдар жан болмаса, қайғыға қарсы тұруға қайратың жетпесе, ішке толған қапырақты шылым, насыбай, апын, арақ болмағанда немен сейілтер едің?.. «Зәрдің басын зәр алады» деп неге айтыпты? Өлім де, ілім де удың зиянын өзгелерге айта берсін, біз Ықаңның шылымқұмарлығын сөге алмаймыз*» [5, 224-б].

Автор Ықаңның мінездемесін осылайша кекесінмен сездіре отырып, осы типтес тағы бір кейіпкер – Тықаңа ауысады («Енді Ықаң қайдан оңсын? Ащы темекісін бипаздап тартпағанда, Ықаң енді не бітіреді? Қой, Ықаң байғұсты не қыласыз? Тыпаң болмаса?») [5, 224-б]. Бұл орайда Тықаңның мінездемесін ашатын бір детальға ерекше екпін беріп, бір-екі ауыз сөзбен-ақ кейіпкерге тән мінез-машықты жайып салады: «...Тыпаңның жасын адам біліп болуы қиын, өте

құбылмалы еді. Өйткені анкета толтырғанда Тыпаң 45-те болып шығушы еді, жасырақ әйел отырған жерде 30-35-терге түсіп қалушы еді» [5, 225-б].

Кейіпкер мінездемесіне қатысты ирония Ақбілектің өгей шешесі, Мамырбайдың екінші әйелі Өрікке қатысты да қолданылып отырады. Өрікті таныстыруда автор бірден ирониялық баяндауға көшіп, оның «шаруақорлығының» сипаттық ерекшелігін қолы артына біткен сараңдығын таныту арқылы көрсетіп береді: «Өрік шаруақор қатын боп шықты. Шаруақорлығы ғой: белдемшесін байланып, жеңін сыбанып, соғымның ішек-қарнын аршыған қатындарға қолғабыс қылып ішекке жылтаң қарақ май жібермей, бір табакқа бөлек жинады. Ішек-қарыншы қатындардың некесіне басылған шақпақ ет, шажырқай ұйқы, бел тамыр, шолақ кеңірдек, талақ сияқтыларды да: «Бері әкел, бермен!» деп, танауын жетбектеп, астауға сала берді» [5, 290-б].

Осындай бір әулеттегі әйелдер арасындағы қайшылықтардан өрбіген ымырасыздықтың салдарынан орын алған екі жікке бөлінуді де ирониялық санамен саралайды: «*Мамырбай ауылы – екі ұдай партия болды. Бір жағы – Өрік бастатқан көршілердің қатыны, екінші жағы – Ұрқия, Ақбілек бастатқан ауылдың көпшілігі. Ақсақалдікінен ұрттап, жалайтыны бар кедей қатындары тамаққа сатылып, Өрікке ауды. Өз ауыз ашары өзінде, кісіге жалынышты еместері Ұрқия мен Ақбілек жағына шықты. Партия болған соң біреуді аяй ма, бірін-бірі мұқатуға тырысып өтірікті, өсекті өрбіте берді. Кімнің не міні, не жамандығы бар – бәрі де терілді, қазылды. Талай бит астындағы жасырын сырлар жарыққа шықты. Осы қазбалаудың, андысудың салдарынан Ақбілектің екі қабат екені де мәлім болды*» [5, 294-б].

Шығармадағы оқиғаның мәніне апарар жайтты баяндауда автор адам мінез-құлқын ашатын жекелеген детальдарды ирониялық түрде пайдаланып, ойнақы леппен қамтып та отырады: «Шайға қанып, құрыс-тырысы жазылған соң, Әлдекей қайдағы жоқ күлдіргі қулық тауып алып, бәйбішесі өлгелі езу тартпаған ақсақалды күлдірді: *тоқтының етін ақтап жеу керек қой*» [5, 261-б]; «Төрдегілердің шайы күрең, қаймағы кесек болып құйылады. *Мүсірәліден төмен кеткен соң, шай көгілденіп, ар жағынан Семей көріне бастайды*», дастархандағы бауырсақ туралы «*бытырап жайылған тоқтыларға содан кейін азырақ құт қонайын деді*» [5, 277-б]; «Әлдекей жұрттың көңілдегі сөзін біле қояды ғой: «Шіркін, бай десе, бай ғой!» дегенде өзгелері де: «Есеп бар ма?», «Құдай берген кісі ғой!» десті. Иә... Құдай берген кісі ғой!» [5, 280-б].

Ж. Аймауытов романдарында шығарманың баяндау өзегіндегі сюжеттік фрагменттерге қатысты болып келетін, жинақтап баяндауды мысқыл-кекесінмен қамти пайымдап отыратын философиялық-ирониялық рефлексия да кездесіп отырады. Оларда халықтың прозаның, мақал-мәтелдер мен аңыз әңгімелердің дәстүріндегі көркемдік-танымдық, эмоциональдық-экспрессивтік ағыстар контекстегі ойдың ыңғайында авторлық көзқарасты танытудың бір қолайлы амалы болып табылады: «Түн қасарғанмен, күн еркіне қояр ма? Қыз қасарғанмен, күйеу еркіне қояр ма? Өмір қасарғанмен, өлім еркіне қояр ма?» [5, 109-б]; «Елі құрғырдың аузын бассаң, арты сөйлеп тұрады ғой» [5, 158-б]; «Әйел шіркін ұрысқанда қайдағы-жайдағыны қазатын әдеті емес пе» [5, 195-б]; «Қатын шіркін бір жеңіп алған соң, таң атыра ма?» [5, 200-б]; «Алтынай абысындарына мақтанып та қояды. Өйткені ол енді «ұлықтың қатыны ғой» [5, 168-б]; «Есептескен дос болмайды» деп жұрт айтады. Есептеспеген досты көргеніміз жоқ. Сыртына шығармағанмен, екі достың есебі іште жүреді. Есепсіз кетсе, бірін-бірі алдаған,

арбаған боп табылады» [5, 242-б]; «Әрі өз басының, әрі достың пайдасы бірдей табылған соң адам шын дос болып жүреді (әлде шын әлеуметшілдерде де сондай ма екен [5, 242-б]).

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. М., 1975. – 156с.
- 2 Рүстембекова Р. Бейімбет Майлиннің драматургиясы. Алматы. Жазушы, 1969- 120 б.
- 3 Қожакеев Т. Қым-қуыт іздер. Алматы. Санат, 1999. – 172 б.
- 4 Ирония // Философский энциклопедический словарь. М., 1983. – 417 с.
- 5 Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы. Жазушы, 1989. – 371б.
- 6 Бахтин М. Эстетика словесного творчества. М., 1979. – 142с.

Резюме

В статье рассматриваются стилистические функции иронии в прозаических произведениях одного из основоположников казахской литературы Ж.Аймауытова. Анализируется стилеобразующий потенциал иронии в романах писателя «Картқожа» и «Ақбилек».

Resume

In the article the author considers the stylistic functions of irony in the prose works of one of the founders of Kazakh literature Zh. Aymaulytov. Style-forming potential of irony in the novels of the writer «Kartkozha» and «Akbilek» is analysed in the article.

ӘӨЖ 8.81.81'13

Н.М.ҚОҚЫШЕВА

филология ғылымдарының кандидаты,
Еуразия гуманитарлық институтының доценті

А.М.ТОҚПАНОВА

ШҚО Семей қаласы

№47 мектептің ағылшын тілі мұғалімі

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация

Мақала қазіргі әдістеме ғылымында өзектілердің қатарына жататын ағылшын тілін оқыту барысында жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану мәселесіне арналған. Бүгінгі таңда ағылшын тілін оқыту мектептерде дұрыс жолға қойылғаны атала отырып, оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық жаңалықтарды енгізу төрт кезеңнен тұратыны сөз болады, оның әрқайсысына толыққанды сипаттама беріледі.

Түйін сөздер: кәсіби құзыреттілік, коммуникативті оқыту, технологиялар, инновация

Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл.Еліміздің шет елдермен қарым-қатынасымыз күшейіп отырған қазіргі кезде оқушылардың шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті. Демек, балаларымыздың

ағылшын тілін білуі – уақыт талабы. Әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында еліміздің білім беру жүйесіне қазіргі кезде көптеген өзгерістер жүруде. Осыған орай еліміздің мектептерінің оқу үрдісіне инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу белсенді түрде қолға алынып жатыр.

Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру оқушының өзі арқылы, оның іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып жүзеге асырылады. Білім жолы қиын да қастерлі жол. Болашақ жастарды оқыту, оларға тәрбие беру, қазіргі өмір ағысына бейімдеу - ұстаз алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқытудың жаңа педагогикалық инновациялық нысандары мен әдістерін енгізуге, педагог қызметкерлердің тұлғасына, кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда.

Кәсіби құзыреттілік - жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігімен қабілеттілігінің бірлігі. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру. Мектептерде жаңа инновациялық педагогикалық технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Осы жерде ақпараттық құзыреттіліктің де аса маңыздылардың бірі болып табылатындығын атап өту керек, өйткені ақпарат адам өмірінің материалдық ортасын қалыптастырып, тұлғааралық қатынастарды жүзеге асырудың негізгі құралы қызметін атқарады [1].

Қазіргі кезеңде мектептерде ағылшын тілін оқыту дұрыс жолға қойылған. Оқушылардың ағылшын тілін біліп қана қоймай, оның тарихын, ұлттық мәдениетін білуге көп көңіл бөлінеді. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты - шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым-қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты - өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салады.

Оқу-тәрбие үрдісіне педагогикалық жаңалықтарды енгізу төрт кезеңнен тұрады:

I. Жаңа идеяны іздеу. Инновацияларды ұйымдастыру, жаңалықтарды іздестіру

II. Жаңалықтарды ұйымдастыру

III. Жаңалықтарды енгізу. Оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.

IV. Жаңалықтарды бекіту.

Қазіргі таңда барлық орта мектептер жаңа инновациялық оқыту технологиясы бойынша жұмыс істейді. Жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін деңгейлеп, саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау, ақпаратты-коммуникациялы оқыту, жобалап оқыту, коммуникативті оқыту, модульді оқыту технологияларының негізгі қағидалары - балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оның өз бетімен білім алуына ықпал ету, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуға қабілетті, өзіндік пікірін анық, жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру, баланың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады. Компьютерлік көрсетілімдермен жабдықталған және үйрету бағдарламаларында ұсынылған теориялық материал жай қарапайым оқулықтан қолайлырақ болып келеді. Оқушыларда оларды сабаққа дейін де және қайталау немесе өздік үйрену мақсатында да қанша рет болса да пайдалану мүмкіндігі туады [2].

Оқу үрдісін технологияландыру – оқушы мен оның оқу қызметін басты назарда ұстап отырып, бірзділікпен айқын белгіленген мақсаттарға бағытталуы. Оқыту технологиясы – бұл оқушылардың өнімді қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін оқыту жағдайларына, нысандарына, әдістеріне, тәсілдеріне, құралдарына басымдық береді [3,151-6]. Елімізде қолданылып жүрген технологиялар қатарында ағылшын тілін оқытуда

коммуникативті оқыту технологиясының маңызы зор. Қоғам талабына сай шетел тілдерін оқытуда қойылып жүрген ортақ міндет - тілді коммуникативті бағытта үйрету. Коммуникативтік оқыту технологиясының мақсаты: шет тілінде пікір алысуды әңгімелесу арқылы үйрету, оқушылардың өз ойларын еркін жеткізуі және өзара тіл табысып, сөйлеуді дамыту.

Коммуникативті оқыту технологиясы дегеніміз пікір алысуға негізделген әдіс. Коммуникативтік оқыту процесінің тілдік бағытын білдіреді, ол тіл дамыту жұмыстарының бір түрі. Шетел тілін оқытудың коммуникативтігі, интерактивтілігі, аутенттігі тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте болуы үстемдікке ие болуда. Аталған ұстанымдар коммуникативтілік қабілетінің компоненті ретінде мәдениетаралық біліктілікті дамытудың алғышартын жасайды. Шетел тілін дәстүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалды жаттаумен ғана шектеледі. Яғни ол төмендегідей көрініске ие болады: «сөздік қор + қажетті құрылым = тіл». Алайда тілдік құрылымды жаттаумен шектелу тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге толық мүмкіндік бермейді. Шетел тілінде тілдік қарым-қатынасқа түсуге үйрету үшін шынайы, өмірлік жағдаяттар туындату қажет.

Тіл - қарым-қатынас құралы. Тіл игеру арқылы адам айналасындағы дүниені таниды, басқалармен қарым-қатынасқа түсе отырып, оның ой өрісі кеңейеді. Ағылшын тілін үйретудегі негізгі әдістемелік бағыттар - оқу үрдісі оңайдан қиынға қарай бағытталған, тілдік материалдар күнделікті өмір шындығынан алынған және оқу процесінде әбден шындалып, өңделген. Коммуникативтік әдіс ағылшын тілін оқытудағы оқу тәрбие үрдісінің барлық мақсат-міндеттерін қамтиды. Басты көңіл бөлінетін нәрсе - ол сөйлеу және оқу. Оқушылар сөйлеу мен оқуды меңгергеннен кейін жазуды үйренеді. Сөйлеу мен оқу арқылы дұрыс нәтижеге жеткен оқушы өз ортасында ағылшынша еркін сөйлеп, тілді қатынас құралы ретінде пайдаланады.

Коммуникативті технологияны пайдалана отырып сабақ жүргізгенде жұптық, топтық жұмыстардың, ойынның, әннің, жобалау жұмысының маңызы зор. Жұптық жұмыс барысында рөлдік ойындардың берері көп, атап айтқанда, басынан бастап сөйлеу ретінде жүргізілуі, тілдік серіктестің шынайы болуы, өздері ықылас білдіріп, өз еркімен сөйлеуі. Топтық жұмыс кезінде оқушылар өзара пікір алысып, сөйлеу қабілеті артады, топ мүшелері арасында қарым-қатынас күшейіп, ұжым құруға септігін тигізеді, өзгенің де, өзінің де ісін объективті бағалауды үйренеді, оқушылардың іскерлік қабілеті артады. Жоба жұмысын қорғау барысында белгілі тақырып бойынша сұрақ-жауап түрінде пікір алысу, қосымша мәліметтерге сүйене отырып, сөздік қорды молайту, монологты дамыту, мәселелерді анықтау, көтеру және шешу. Оқушының сөйлеу іскерлігін дамыту үшін салыстыра отырып әңгімелесу, мәтін бойынша өз ойын ортаға салу, пікір алмасу, проблемалық сұрақтарды талдау, логикалық ой тұжырымын дамыта отырып сөйлеу, түйіндеу, ситуацияға байланысты сөйлеу, ойындар арқылы сөйлеу, сұраққа жауап беру, қорытындылау, өз пікірін айту сияқты сөйлеудің түрлерін қолдануға болады.

Оқушының оқу іскерлігін дамыту үшін мәтін кеңінен қолданылады. Мәтін - негізгі қарым-қатынас құралы. Мәтінді оқымас бұрын, сұрақтар беріледі. Ол сұрақтар бойынша сол мәтіндегі мәселеге байланысты оқушы не біледі, соны білу керек. Бұл жұмысты топ болып және жұптасып талқылауға болады. Оқушыны еркін сөйлеуге үйрету үшін сөздерді қайталату, оларды еркін қолдана білуге үйрету, грамматикалық материалдарды, сөйлем құрылымын орынды қолдануға үйрету де басты назарда болу керек.

Тыңдап - айту. Сөйлеу үшін тыңдап, түсінудің маңызы зор. Диалогты, әңгімелерді, мәтіндерді тыңдап, одан не түсінгенін анықтау үшін де әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Тыңдауға арналған мәтіндер оқылған тілдік материалға негізделіп құрылады. Оның ішінде 2-5% таныс емес сөздер қосуға болады. Тыңдалған әңгіме бойынша сұраққа жауап алу, сөз мағынасына назар аудару, сөз тіркестерін жазу, мәтінге ат қою, жоспар құру, ауызша қысқаша мәтіннің мазмұнын беру, әңгімеде естігенді өмірмен байланыстыру.

Жазу - сөйлеуге үйренудің басты құралы болып табылады. Жазуды көбінесе грамматикалық жаттығуларды орындағанда, мәтін немесе тақырып туралы не айтқысы келгенін білдіру үшін қолдануға болады. Шетел тілін үйрену тұлғаның рухани жан дүниесін байытады, ой-өрістерін кеңейтеді, көркемдік талғамын тәрбиелейді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді. Оқушының жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасауға бағыт алып отырған бүгінгі білім беру жүйесінде әлемдік стандарттар талабының негізгі компоненттерінің бірі деп танылған көптілдік оқытуға көңіл бөлу бүгінгі заман талабы.

Қорыта айтқанда, ағылшын тілін оқытудағы жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды сабақта қолдану – бұл оның нәтижелілігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым-қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар, өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Зимняя И.А. Компетентный подход в образовании. Проблемы качества образования. – М., 2004. – с. 34-38
2. Особенности использования компьютера в учебном процессе // Республиканский научно-методический журнал. – Алматы, 2007. - №4. – 15-16 с.
3. Оразаева Р.Т., Камза Ж.С. Инновациялық технологияларды қолдану – сапалы білім негізі. // Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың қазіргі мәселелері: Респ. ғыл.-прак. конф. материалдары. – Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2013. – 512 б.
4. Шетел тілін оқыту әдістемесі /Методика обучения иностранному языку. Наурыз – Сәуір. №2 (10) / 2006 ж. - 45-47-бб.

Резюме

В данной статье рассматриваются инновационные педагогические технологии преподавания иностранного языка. Отмечается, что на данном этапе развития образования вопрос изучения английского языка в школах поставлен на должный уровень, внедрение в учебно-воспитательный процесс педагогических новшеств состоит из четырех этапов.

Resume

In this article the innovative pedagogical technologies of teaching a foreign language are considered. It is stated that at the given stage of the education development the issue of learning English at schools has been set at the appropriate level and that the introduction of pedagogical novelties in the educational process consists of four stages.

Б.Ш. БАЕШОВА

филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің аға оқытушысы

Ә.Қ. АБЫЛХАНОВА

журналистика ғылымдарының магистрі,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің аға оқытушысы

САТИРАЛЫҚ ЖАНРЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Аннотация

Мақалада сатиралық жанрлардың жіктелу ерекшеліктері жазылған. Авторлар жанрдың генезисіне тоқталып, сатиралық жанрларға жеке-жеке талдаған. Сонымен қатар өлең, пародия туралы айтылған пікірлер де мақалада келтірілген.

Түйін сөздер: жанр, журналистика, стиль, мерзімді баслым, пародия, карикатура, шарж, пафлет.

Журналист тұлғасы қай дәуірде, қай қоғамда болмасын бұқарамен тығыз байланыс орнатып, болған оқиғаны дер кезінде халыққа жеткізумен ерекшеленіп отырған. Билік пен халық арасындағы алтын көпір, дәнекер тұлға иелері «төртінші билік» саналып жүргені баршаға мәлім. Кәсіби журналист басқа да шығармашыл жандар секілді шығармашылықпен жан-жақты, терең айналысады. Халықтың тілі мен құлағына айналған журналистер өздерінің публицистикалық туындыларына жанрдың әр қырынан келеді.

Жанр (французша *genre* – тек, түр) мәселесі – сөз өнері ғылымында күрделі проблемалардың бірі. Жанр туралы пікірлерді сонау Аристотель заманынан бастап кездестіреміз. Белгілі публицист, профессор Т.Қожакеев жанр дегеніміз – белгілі бір шығарманың көрініс табу формасы деп түйеді. «Жалпы, әр жанр «таза қалыпта» кездесе бермейді. Бір туындыда бірнеше жанр элементтері тоғысып жатады. Кейде олар өмірді барлық күрделілігімен, көп қыртыстылығымен көрсету үшін, творчестволық ой-ниетті әсерлі етіп беру үшін әдейі тоғыстырылады» [1, 8-б].

Журналистика да басқа жанрлар секілді түрлі жанрлардан тұрады. Негізгі жанрлар санатына: ақпараттық хабарлама жанрлар, оқиғалы талдамалы жанрлар, көркем публицистикалық және сатиралық жанрлар бар. Бүгінде иллюстрациялық жанрлар да дамып келеді. Аты айтып тұрғандай барлық жанрлар өзіндік сипаттамаларға, ерекшеліктерге ие. Баршасының өзіндік жазылу ережесі, стилі бар. Мақалаға өзек болғалы отырған сатиралық жанрлардың өзі бірнеше топқа бөліп қарастырылады.

Сатираның бүгінде белгілісі, яғни бұқаралық ақпарат құралдарында жариялатыны да: фельетон, памфлет, пародия, сатиралық түсіндірме, анекдот, т.б. болып табылады. Т. Қожакеев өз еңбектерінде сатираны екі салаға топтастырып қарастырған: сатираның поэзиялық жанрлары (мысал, эпиграмма, пародия, сықақ өлең, шарж, карикатура), сатираның прозалық жанрлары (фельетон, памфлет, сатиралық әңгіме, юморлық әңгіме, сатиралық повесть, сатиралық роман) [1].

Аты жіктелген жанр түрлері журналистика мамандығында білім алатын ЖОО студенттеріне кеңінен оқытылады.

Кейбір зерттеу еңбектерінде сатираны: сатираның поэзиялық жанрлары, прозалық жанрлары деп қарастырып жүр. Алғашқы түріне: мысал, эпиграмма, пародия, сықақ өлең, шарж, карикатура жатса, келесісіне: фельетон, памфлет, сатиралық әңгіме, юморлық әңгіме, сатиралық повесть, сатиралық романды топтастырады.

Мерзімді басылымдарда сатираның өзіндік ролі бар. Бұл жанр атауы француз тілінен аударғанда «парақ, парақша» деген ұғымды білдіреді. «Парақ деп кезінде газеттің астыңғы бөлігін тұтас алып орналасқан қосымша жарияланымды атаған. Зерттеушілер мұндай жарияланымдар топтамасын XVIII ғасырда пайда болған десіп жүр» [2, 118-б]. Сатира жанрының пайда болу тарихы, этимологиясы жайында әр зерттеуші әртүрлі дерек береді. Бір деректе ол латынның «Saturn» - «смесь» аралас деген сөзі. Кейбір теоретиктер жағымсыз құбылысты әшкерелейтін әдеби шығарма деседі. Бір анығы сатира ұғымы өте ерте кезде пайда болған. «Шынында да сатира - алымы да шалымды нәрсе, оның өмір сүру, көрініс табу мүмкіншілігі мол, болмыс-құбылыстарға үнілу, араласу, суреттеу дәрежесі де әр қилы» [3, 6-б].

Мысал өлеңдер бұқарадағы, жеке адамзат баласының бойында болатын жағымсыз, теріс кемшіліктерді, қоғамның көлеңкелі тұстарын астарлап қана сынайды. Адам басындағы жағымсыз жәйттарды жан-жануарлардың, құстардың немесе әлдебір белгілі заттың басында болған оқиға ретінде баяндайды. Айтылар сын астарлы, жұмбақты болып тұрады. Мысал өлең көне жанрлар қатарында. Жанрдың өміршеңдігі сол – бүгінгі күнге дейін мерзімді басылымдарда көптеп жарияланады. Аталмыш жанр қара сөзбен де, қара өлең түрінде де жазылады. Оның қыры сан түрлі, сан алуан.

Пародия да шығармашылық өнердегі көне жанрлардың қатарында. Ол негізінен жекелеген автордың, ұжымның сәтсіз тұстарын әшкерелеу үшін жазылады. Әдетте, бұл жанр шығармашыл жандардың шеберлігін шыңдау мақсатында пайдаланылады. Пародия жазу кез-келген қаламгердің қолынан келе бермесі хақ. «Журналистикада әлдебір саяси тұлғаның іс-әрекеті, әртістердің мінез-құлқы, жазушы шығармаларының олқы тұсы пародия өзегіне айнала алады» [2].

«Карикатура», «шарж» сөздері де әсерлеу деген ұғымнан шыққан. Екі жанрдың да мақсаты – сынау. Объектісі – сынға түскен адам. Карикатура – жағымсыз құбылысты немесе адамдардың мінез-құлықтарын ұнамсыз жағынан сынайтын сатиралық сурет болса, шарж – осы аталған жәйттерді суретпен, мәтінмен жеткізетін жанр түрі. Аталған жанрлар көбіне республикалық «Ара» журналында көптеп жарияланады.

Сатираның көркем жанрларының бірі – фельетонның негізгі объектісі де адамдардың қоғамдағы жат қылықтары, оғаш мінез-құлықтары. Жанрдың басты мақсаты – адам бойындағы көлеңкелі кемшіліктерді дөп басып, оның орын алмауына әсер ету. Фельетонға нақты факті өзек болады. Адам баласының кесірінен қоғамда орын алған жағдайлар әшкереленеді, аты аталып, түсі түстеледі. Аталмыш жанр туралы зерттеуші Т.Қожакеев былай дейді: «Әдебиет пен баспасөз тәжірибесінде жамандыққа жаны қас, жақсылықты ғана іздейтін, азулы да айбынды бір жанр бар. Ол – фельетон. Фельетон жат мінез, жайсыз қылық, кемшілік мінді көрсе-ақ айрын ала салып, оны түйрей қояды, жұрт алдына сүйреп шығарып, қағып-сілкіп, маскара етеді».

Памфлет – гректің «күйдіремін», «жандырамын» деген сөзін білдіреді. Бұл жанр да фельетон секілді бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне қалам тартады. Сондай-ақ, халықаралық және басқа да алуан түрлі тақырыптарға бердей жазыла береді. Памфлетті көбіне жазушы публицистер ғана емес, философтар мен ғалымдар, саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері де кеңінен пайдаланған. «Зерттеушілер бұл жанрдың тууын ежелгі грек мысалшысы Эзоппен байланыстырады. Ал Еуропада памфлет жанрының негізін қалаушы ретінде белгілі француз философы Блез Паскальды («Провинциалға хат») және ағылшын жазушысы Бернард Мандевильді атайды» [2].

Памфлет қазақ жерінде де ертерек етек алған. Оның көрінісі ауыз әдебиетінде деуге толық негіз бар. Айтыс өнеріндегі суырып салма ақындардың еңбегі осы жерде айқын көрінеді. «Памфлетті сатиралық өнердің, таптық айтыс-тартыстың өткір де ықпалды қаруы ретінде әр дәуір, әр халықтың жазушы-публицистері ғана емес, философтары мен ғалымдары, саясат адамдары мен қоғам қайраткерлері, революцияның жалынды жыршылары да жиі пайдаланған» [1].

Біздің қазақ жерінің белгілі публицист-сатириктері де осы жанрларда жиі жазып жүр. Қазақ халқы қашан да күлкіге жақын жүретін, әзілді сүйетін ел. Қазақ сатирасының бүгінгі тынысы уақыт өткен сайын кеңіп келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Т.Қожекеев. Сатиралық жанрлар.-Алматы: Мектеп, 1983. - 215б.
- 2 Б.Сердәлі. Қазіргі газет жанрлары (Оқу құралы).-Алматы: «Нұрлы әлем», 2011.-200б.
- 3 Т.Қожекеев. Сатира негіздері. Оқулық.-Алматы: Санат, 1996. - 464б.

Резюме

В статье рассмотрены особенности классификации сатирических жанров, проанализированы виды сатирического жанра.

Resume

The article describes the features of the classification of satirical genres.

БАСПАСӨЗ ТАҚЫРЫП АТАУЛАРЫНДА ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Аннотация

Мақалада баспасөз тақырып атауларында тұрақты тіркестер жиі қолданылатын тілдік бірлік екені сөз етілді. Ол қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мысалдарды талдау арқылы дәлелденді.

Түйін сөздер: тұрақты тіркес, тақырып атаулары, фразеологиялық тізбек, фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тіркес, номинативті қызмет, стилистикалық қызмет.

Заманауи публицистикада журналистер өз мақала атауларын мейлінше көрікті әрі еліктіргіш ету үшін сан алуан тілдік (және тілдік емес) құралдарды пайдаланады. Осындай құралдардың ішінде жиі кездесетіндері – тұрақты тіркестер.

«Тілдің лексикалық құрамында фразеологизмдер айтулы орынға ие, себебі олар ойды нақты әрі бейнелі түрде жеткізіп, ақиқат өмірдің түрлі қырларынан көрініс береді. Фразеологизмдер шынайы болмыстағы белгілі бір құбылысты белгілеп қана қоймай, оны сипаттап, баға береді» [1, 12-б].

Ағылшын тілі фразеологиясын зерделеген ғалым А.В. Кунин айтқандай: «Фразеология – тілдің қазынасы». Олар сөзге эмоционалдылық пен көркемдік сыйлаумен қатар қандай да бір халықтың мәдениеті мен тұрмысын сипаттайды. Фразеологизмдер көбінесе айқын ұлттық сипатқа ие болады.

Әлемдік лингвистикада бүгінгі күнге дейін фразеологизмдер жайлы біртұтас пікір қалыптасқан жоқ. Кейбір ғалымдар (Л.П. Смит, В.П. Жуков, В.Н.Телия, Н.М. Шанский және т.б.) фразеологияның құрамына тұрақты тіркестерді енгізсе, екіншілері (Н.Н. Амосова, А.М. Бабкин, А.И. Смирницкий және т.б.) тек олардың кейбір топтарын ғана жатқызады. Мақал-мәтелдер, қанатты сөздерді фразеологизмдердің қатарына жатқызуды жөн көрген ғалымдар да табылғанымен, көбі олардың семантикалық және синтаксистік құрылымының фразеологиялық бірліктерден мүлде өзгеше екендігін алға тартып, оларды аталмыш санатқа жатқызбаған. Бұл ретте В.В. Виноградов: «Мақал-мәтелдер сөйлемге тән құрылымға ие және олар жеке сөздердің семантикалық эквиваленті болып табылмайды», –дейді [2].

Фразеология теориясының негізін қалаушы болып саналатын швейцар тіл маманы Ш. Балли алғаш рет өзінің «Француз стилистикасы» атты кітабында сөз тіркестерін жүйелендіріп, бұл еңбекке фразеология жайлы тарауды енгізген. Ол сөз тіркестерінің мынадай түрлерін көрсетеді:

1. еркін сөз тіркестері (les groupements libres) – бір-бірімен тіркескенде де тұрақтылыққа ие болмайтын еркін сөз тіркестері;

2. үйреншікті сөз тіркестері (les groupements usuels) – құрамдас бөліктерінің біршама еркін байланысымен әрі олардың өзгерісіне жол беруімен ерекшеленетін сөз тіркестері (une dangereuse, serieuse maladie – қауіпті, күрделі ауру);

3. фразеологиялық тізбектер (les series phraseologiques) – бірнеше түсінік бір болып жымдасатын сөздер тобы [3, 69-б].

Кейіннен Ш.Балли өз концепциясын қайта қарастырып, «үйреншікті тіркестер мен фразеологиялық тізбектер бар болғаны сөз тіркестерінің аралық түрі болып табылады» деген пікірге келеді. Соның нәтижесінде ол сөз тіркестерінің екі түрін ғана ажыратады:

1. еркін тіркестер;

2. фразеологиялық бірліктер, яғни үнемі бір мағынаны беру үшін нақты бір сөздермен тіркесіп, өздерінің дербес мағыналарынан айырылған сөз тіркестері.

А.В.Кунин: «фразеологиялық бірліктер бұл – семантикасы күрделенген тұрақты тіркестер. Олар адамның ақиқат болмысты танудағы барлық ұғымдардың атауларын қамтамасыз ете алмайтын тілдің лексикалық жүйесіндегі лакуналарды толтырып, көп жағдайда заттар, үрдістер мен құбылыстардың жалғыз аталымы болып табылады. Фразеологизмдердің қалыптасуы ойлау қажеттігі мен тілдің шектелген лексикалық ресурстары арасындағы қайшылықты жеңілдетеді. Ал аталмыш тұрақты тіркестердің лексикалық синонимдері болған жағдайда олар, әдетте, стилистикалық бояуларымен ерекшеленеді», – дейді [4, 4-б].

Шетелдік лингвистикаға келетін болсақ, мұндағы басты даулы мәселе – идиомаларды фразеологизмдерден бөлек қарастыру. А. Naciscione [5] бастаған бір топ зерттеушілер бұл екі тілдік құралдың семантикасы мен құрылымдарына назар аударып отыра, бір-бірінен бөліп жарса, А.В. Кунин [4], Н. Burger [6], А. Langlotz [7], Ch. Fernando [8] идиомаларды дискурс барысында туындаған фразеологиялық бірліктердің вариациясы ретінде қарастыруды жөн санаған. Ч. Фернандо «қарапайым грамматикалық трансформация» терминін қолданып, идиомалар тілдік жүйенің құрамдас бөлігі бола тұра, бастапқы фразеологиялық мағынасынан алысқа кете аламайтындығын және, шын мәнінде, олардың тек қарапайым вариация болып табылатындығын сөз етеді [8, 54-б]. Аталған еңбекте біз осы тұжырымды негізге алып, идиомаларды фразеологиялық бірліктердің құрамында қарастыруды жөн көрдік.

Фразеологиялық бірліктердің классификациясы – тіл білімінің аталмыш саласындағы тағы бір даулы мәселе. Қазақ және орыс лингвистикасында ұзақ жылдардан бері академик В.В. Виноградов ұсынған классификация мығым бекіген. Оған сай фразеологиялық бірліктер фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тіркес болып бөлінеді [2, 147-б].

Ал ағылшын тіл білімінде нақты бекітілген классификация жоқ: мұнда фразеологиялық бірліктердің құрылымы, өздері балама болатын сөз таптары, тақырыптары және т.б. бойынша бөлінеді.

Осыны ескере отыра, біз бұл еңбекте фразеологиялық бірліктерді топтарға бөлмей, олардың атқаратын қызметтеріне сай публицистикалық тақырыпатауларда қолдану ерекшелігіне көңіл бөлуді лайық көрдік.

Көптеген тілші мамандар фразеологиялық бірліктердің табиғатына тән сан түрлі қызметтерді атап көрсеткен. Атап айтқанда:

• *Номинативті қызмет* шынайы болмыс объектілері, түрлі ситуациялармен арақатынаста, сондай-ақ тілдің лексикалық құрамын толықтыру қабілетімен анықталады. Мысалы, «**Қара жүзділіктің белгісі емей немене?**» («Заман-Қазақстан» газеті, кейін З-Қ. – 07.04.1995); «**Қас қағым сәтте...**» («Парасат» журналы, кейін П. – 2003. № 10); «**“Айналайынға” таяқ тастам жер**» («Егемен Қазақстан» газеті, кейін ЕҚ. – 13.11.2009); «**До ядерной бомбы рукой подать**»

(«Российская газета», кейін РГ. – 11.02.2001); «*Скутер Денардьё угнали под носом у полицейских*» (РГ. – 26.03.2013); «*Depth Makes Vancouver a Dark Horse in M.L.S.*» («New York Times», кейін TNYT – 10.03.2012); «*New Delhi hunts for 'black money'*» (TNYT – 21.05.1972).

- *Стилистикалық қызмет* – белгілі бір стилистикалық әсерге жету үшін фразеологиялық бірлікті (ФБ) мақсатты түрде қолдану. Оған экспрессивті бейнелілік, эмоционалдыэкспрессивті және басқа да қосалқы міндеттер тән. Мысалы, «*Буынсыз жерге пышақ ұрмайық*» (П. – 2006. № 10); «*"Крокодилдің көз жасы" немесе монополистер неге жылайды?*» («Жас Алаш» газеті, кейін ЖА. – 11.04.2002); «*Баяғы жармас сол жармас*» («Сарыарқа самалы» газеті, кейін СС. – 27.03.2010); «*Жилье бьет ключом*» (РГ. – 25.03.2013); «*У парней золотые руки*» (РГ. – 12.08.2012); «*Michelangelo's Forbidden Fruit Was a Fig*» (TNYT – 13.03.1989); «*Rockies' Fans and Revenues Are Vanishing Into Thin Air*» (TNYT – 14.06.2005).

- Көп жағдайда журналист мақалада баяндалатын жаңалыққа деген өз көзқарасын жеткізе алмайды, осындайда фразеологиялық бірліктерге тән *бағалаушылық қызмет* көмектеседі. Мысалы, «*«Отырсақ опақ, тұрсақ сопақ» қырғыздарға қайтпек керек?*» («Айқап» газеті, кейін Айқ. – 16.12.2005); «*He всем до лампочки*» (РГ. – 25.11.2005); «*Китай в очередной раз показал ВТО, кто в доме хозяин*» («Комсомольская правда», кейін Ком. П. – 20.06.2012); «*Командир «под мухой»*» (РГ. – 05.08.2003); «*Health Care Is New Darling Of Pork Barrel Spending*» (TNYT – 25.12.2001); «*Looking for missing Flight 370, the 'needle in a haystack'*» («Washington post», кейін TWP – 25.03.2014).

- Фразеологиялық бірліктердің тағы бір қыры – олардың *этнокогнитивті сипаты* [9, 84-б]. Әртүрлі тілдердегі фразеологиялық бірліктердің арасында ортақ ұқсастықтар көп болса да, кейде тіпті бір фразеологиялық бірлік бірнеше тілде де кездессе де (Мысалы, «*Батыр да бір оқтық*» немесе «*Ахиллестің өкшесі*» (ЕҚ. – 17.11.2012); «*Ахиллесова пята Брэда Питта*» (Ком. П. – 05.12.2003), «*Poll: Benghazi is no Achilles heel for Clinton*» (TWP – 04.03.2014)), тұтас бір мәдениеттің қазынасы ретіндегі жеке бір тілде осы ұлтқа, ділге және этномәдениетке ғана тән тұрақты тіркестер болады: «*Бесіктен белі шықпай жатып, өмірден неге түңіледі?*» (ЕҚ. – 26.02.2011). «Бесіктен белі шықпай» тұрақты тіркесі орыс тіліндегі «молоко на губах еще не обсохло» және ағылшын тіліндегі «he is wet behind the ears» немесе «he is still green» тіркестеріне синоним болып табылады. Бірақ біздің ұлт үшін «бесік» қарапайым жиһаз түрі емес, нәрестенің алтын ұясы, кез келген отаудың маңызды бөлшектерінің бірі болып табылады және оған байланысты қазақ халқында бір топ салт-дәстүрлер мен ырымдар бар.

«*Білімнің қара шаңырағында талаптыға нұр жауар*» (З-Қ. – 27.06.2003). «*Шаңырақ*» – киіз үйдің төбесіне құратын шеңбер. Қазақтар үшін ол отаудың, үй ошағының, отбасының символы болып табылады, сондықтан да оның бейнесін мемлекетіміздің елтаңбасынан да байқауымызға болады. Шаңырақ отбасылық жәдігер болып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырса, әкесінің отауының қара шаңырағы ұлдары үшін ерекше қастерлі де құнды болған. Сондықтан бүгінгі таңда «қара шаңырақ» деген тіркестің астарында «сыйлы, құрметті үй» деген мағына жасырынып, ол осы мысалдағыдай ауыспалы мағынада да қолданылуы мүмкін.

«*Қаймағы бұзылмаған қазақ қаласы қиял ма?..*» (ЖА. – 19.04.2003). «*Қаймағы бұзылмаған*» «бастапқы қалыптағы, балғын, өзгеріске ұшырамаған» дегенді білдіреді. Сүт тағамдары ежелден қазақи дастарханның маңызды құрамдас

бөлігі болып саналған. Сүт, қымыз, шұбат, айран, қатық, қаймақ және т.с.с. бір сөзбен «ақ» деп аталған. Және дастарханда жоғарыда аталған өнімдердің біреуі болсын болмауы ойға қонымсыз дүние есептелген. Сүт өнімдерінің осыншалық жоғары маңыздылығы, нәтижесінде, тілде көптеген тұрақты тіркестердің қалыптасуына негіз болды.

«*Қой аузынан шөп алмайтын момын қыздар ұнайды*» («Айғақ» газеті, кейін Айғ. – 17.01.2007). Қазақ халқында момын, ешкімге тиіп кетер зияны жоқ адамды «қой аузынан шөп алмайды» дейді. Осыған ұқсас фразеологиялық бірліктер орыс тілінде де («и мухи не обидит», «воды не замутит»), ағылшын тілінде де («he wouldn't hurt a fly») бар. Қарап тұрсақ, табиғатта зиянсыз, «момын» тіршілік иесі қой ғана емес, десе де қазақ тіліндегі фразеологизмнің «бас қаһарманы» болып аталмыш үй жануарының атануы бекер емес. Ертеден көшпенді өмір салтын ұстанған қазақтардың басты күн көрісі мал шаруашылығы болғаны белгілі. Әсіресе дәл осы қойды өсіріп, күн көретіндердің саны көп болды, өйткені төрт түліктің бұл түрі жем-шөпке де, климаттық жағдайларға да «талғампаз» емес әрі олар өте жуас. Қой жануарының осындай қасиеттері тілімізде «қойдан жуас», «қой аузынан шөп алмас», «қойдан қоңыр», «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» сынды бірқатар фразеологиялық бірліктердің қалыптасып, кең айналымға енуіне негіз болды.

Этнокогнитивті сипатқа ие осындай фразеологиялық бірліктер ресейлік: «*Без царя в голове*» (РГ. – 10.09.2008); «*Первый блин комом*» (РГ. – 01.03.2012); «*Миссия невыполнима: Законодательство в области промышленной безопасности напоминает тришкин кафтан*» (РГ. – 14.02.2012); «*Тетрадки для учеников влетят в копеечку?*» (Ком. П. – 11.08.2008); «*Денисов погнался за длинным рублем в «Анжи»*» (Ком. П. – 17.06.2013) және америкалық мерзімді басылымдарда көптеп кездеседі: «*Explaining quantum computing in plain English*» (TWP – 02.01.2014); «*Bfrom Bull's Foot–Ship-Shape and Bristol Fashion*» (TNYT – 16.08.1896); «*Togrin likea Cheshirecat*» (TNYT – 11.09.1887).

Көріп отырғанымыздай, фразеологиялық бірліктер публицистикалық тақырыпқа ерекше айшықтық сыйлап, күрделі ойды бірнеше сөздің негізінде бейнелі түрде жеткізе алады. Мұндай мақала атаулары оқырмандар тарапынан да жақсы қабылданып, «адресант-адресат» дискурсын бастап беруде зор үлес қосады. Фразеологизмдер өзінің экспрессивтілік, семантикалық қырларынан басқа белгілі деңгейдегі ұлттық танымдық сипатқа да ие. Олардың бұл қасиеті публицистикалық тақырыптың оқырман санасына әсер етушілік қызметінде де көрініс табады әрі реципиенттің белгілі бір халық тілі арқылы оның ұлттық мәдениетімен, өзіндік дүниетанымымен танысып, танымдық ақпараттан сусындауына негіз болады. Сол себепті де фразеологиялық бірліктер бүгінгі күні баспасөз тілінде көптеп пайдаланылатын тілдік бірліктердің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Норкувене К. Фразеологические синонимы-антонимы со значением «внешность человека». –Шяуляй, 2001. – 31с.

2 Виноградов В.В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке // Виноградов В.В. Избр. труды. Лексикология и лексикография. – Москва, 1977. – С. 140-161

3 Балли Ш. Французская стилистика. –Москва, 1961. –328 с.

4 Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка: Уч. пос. для

ин>тов и фак. иностр. яз.– 3-е изд., стереотип./А.В. Кунин. – Дубна: Феникс, 2005. – 488 с.

5 Naciscione A. Phraseological Units in Discourse: Towards Applied Stylistics. – Riga: Latvian Academy of Culture, 2001. – 283 p.

6 Burger H. Phraseology. An International Handbook of Contemporary. Research. Vol.1., Berlin: Walter de Gruyter GmbH & Co, 2007. – 568p.

7 Langlotz A. Idiomatic Creativity: a Cognitive-Linguistic Model of Idiom-Representation and Idiom Variation in English. –Amsterdam and Philadelphia: John Benjamins B.V. 2006. – 325p.

8 Fernando Ch. Idioms and Idiomaticity.– Oxford: Oxford University Press,1996. – 265p.

9 Ерғалиев Қ.С., Асанбаева Е.Б. Қазақстандық, ресейлік және америкалық газет тақырыпаттарында фразеологиялық бірліктердің қолданылу ерекшеліктері //ПМУ хабаршысы С.Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми журналы. Филология сериясы. –2014. - №2. – Б. 79-87

Резюме

В статье рассматриваются фразеологизмы в публицистических заголовках как часто используемые языковые единицы. Приводятся примеры из казахского, русского и английского языков.

Resume

The article deals with idioms in journalistic headlines as the commonly used language units. They were identified in the analysis of the examples in the Kazakh, Russian and English.

ӘОЖ 811.512.122:39

А.А. АҚАЖАНОВА

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университет
қазақ және орыс тілдер кафедрасының
оқытушысы

ОЙ ОЙЫНДАРЫНЫҢ АТАУЛАРЫ

Аннотация

Бұл мақалада, балалардың ойы мен дүниетанымын дамытуға ықпал ететін ойын атауларының жасалу тәсілдері туралы сөз болады.

Түйін сөздер: тоғызқұмалақ, дойбы, байқап қал ойыны, санамақ ойын атауы, жаңылма, жаңылтпаш.

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ойынның түрлері өте көп. Солардың бірі - ой ойындары. Бұл топқа ересектер ойнайтын «Тоғызқұмалақ», «Дойбы» және балалардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтетін ойын атаулары жатады.

Тоғызқұмалақ – ертеден келе жатқан тоғыз ұялы ұлт ойынының атауы [1; 9т.,156-б]. Ол – әлемдегі көне үстел ойындарының бірі. Адамдарды тәрбиелеу, олардың ой-санасын шынықтыру, жетілдіру құралдарының қатарына жататын қиын да қызық ой спорты түрлерінің бірі – қазақтың математикалық *тоғызқұмалақ* ойыны. Бауырлас қырғыз, қазақ, қарақалпақ, алтай халықтарының арасына кең тараған, ерте заманнан бері ұмытылмай келе жатқан бұл ойынның қашан шыққанын, қайдан шыққанын және кімнің ойлап тапқанын дәл айта қою қиын. Қазіргі кезде *тоғызқұмалақ* осыдан 4500 жыл бұрын пайда болды деген көзқарас бар. Мұндай пікірлер қазба жұмыстары қорытындыларына сай жасалған. Тоғызқұмалақ есеп ойыны. Мұнда арифметикалық төрт амалды өте жақсы білетін, еске сақтау қабілеті өте күшті адамдар ғана жеңіске жетеді. Математика ғалымдарының айтуына қарағанда, *тоғыз* саны көптеген арифметикалық жұмбақтар шығаратын ерекше қасиеті бар сан. Ойынның *тоғызқұмалақ* аталуында да сыр бар сияқты. *Тоғызқұмалақ* ойыны туралы оқу құралдары, әдебиеттер баршылық. Тек 1967 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген Т.Сұлтанбековтің «Шахмат. Дойбы. Тоғызқұмалақ» деген кітабынан осы ойынның ауызекі тараған тарихын ғана оқып білуге болады [2]. 1975 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан Ә.Ақшораевтың «Тоғызқұмалақ» атты кітабы – шын мәнінде бұл өнерді тереңдете зерттеген тұңғыш еңбек. Кітапта *тоғызқұмалақтың* тарихы, мән-мазмұны, ойнау ережесі ғана емес, ойынның бүгінгі талабына орай жаңаруын да кеңінен қамтып, ол өзгеріске ғылыми түсінік береді, тоғызқұмалақтың қыр-сырын терең әңгімелейді [3]. 1957 жылы баспадан шыққан М.Тәнекеевтің «Қазақтың ұлттық ойындарында» [4], М.Рақымқұловтың «Тоғызқұмалақ» деген кітапшасында [5], газет-журналдардағы бірден-саран жарияланған материалдарда «Тоғызқұмалақ ойынын тұңғыш рет қойшылар ойлап шығарыпты» делінген. Тоғызқұмалақ «Қойшылар алгебрасы» деп те аталады. Тоғызқұмалақ ерте заманда қойдың құмалағымен ойналып келген. Бұл ойынға күрделі жабдықтардың да керегі болмаған. Екі ойыншыға тоғыз-тоғыздан шұңқыр, құмалақ жинайтын үлкен ұя және әр қайсысы үшін 81-ден барлығы 162 құмалақ қана керек болған. Оны қойшылар жерден қазып-ақ ойнай берген екен. Келе-келе ойын қазақ арасына кеңінен тарап, қалың бұқараның мәдени қажетіне айналған. *Тоғызқұмалақ* ойынының осы уақытқа дейін өзіндік нотациясы болған жоқ. Бұл тұрмақ, Қазан революциясына дейін тоғызқұмалақ ойнайтын тақта да некен-саяқ кездесуші еді. Осының салдарынан өткен замандағы ел ішіндегі үздік ойыншылардың бай, мол тәжірибесі, әдіс-айлалы ойындары, шығармашылық еңбектері олардың іштерінде кетті, жарық көре алмады. Ойын өзінің арифметикалық мүмкіндіктерін толық аша алмай, баяу дамыған. Қазан революциясына дейін қазақ халқы басқа да ұлттық мәдени байлықтармен қатар, тоғызқұмалақ ойынын да ел аузында сақтап келді.

Тоғызқұмалақ ойынының бірнеше түрі бар. Оның балаларға арналған қарапайым түрін «Қоздату», «Бестемше» деп атайды. Мұның өзі тоғызқұмалақтың адамның ой-санасының жетілуіне байланысты күрделене түсетін шытырман, қызық ойын екендігін көрсетеді. *Тоғызқұмалақ* ойынының жолдары көп. Бұл ойынның ерекше бір қасиеті терминдерінде, терминдеріне қарасақ, «бұл нақты мал шаруашылығының тудырған ойыны екен» деуге болады. Шынында, «құмалақ» деген сөзінің өзін алсақ, құмалақ – қойға, түйеге, ешкіге ғана тиісті зат. Ал «көкмойын» деп қазақ көпке дейін ұстатпай ыза

кылған, артынан ұсталғаннан кейін айлар бойы мойынынан бұғалығы түспей, мойыны көгерген жылқыны айтады. Бұғалығы мойнындағы жылқыны оп-оңай ұстап алуға болады. «Аққасқа» деген сөздің де мал шаруашылығымен байланысы күшті. «Атөтпес», «сырлы дала», «жаман үй» дегендерде осылар сияқты.

Тоғызқұмалақ атаулары халық тілінде бұрыннан белгілі тіл бірліктерінің негізінде туып, ауыс мағынада екінші аталымдық сипатта кездеседі. Мәселен, *Тоғызқұмалақ* ойынының тоғыз отауы былай аталады: Солдан оңға қарай *бірінші отауды* «құйрық» я «арт» дейді. Себебі, ондағы құмалақтар көпке дейін өзгермей, түгел қалып отырады. *Екінші отауды* «Тектұрмас» дейді. Себебі, жүріс көбінесе осыдан басталады. *Үшінші отауды* «Атөтпес» дейді. Оның себебі, қарсы жақтың аты бұған түспей кете алмайды. *Төртінші отауды* «жаманүй» дейді. Себебі, қарсы жақтың адамы бұл жерден үнемі жеп отырады. *Бесінші отауды* «Бел» дейді. Бұл екі орталық, аса қауіпті емес. *Алтыншы отауды* «Сары дала» дейді. Себебі бұл жүріске де, «тұзди» алуға да ыңғайлы жер. *Жетінші отауды* «Қосан жылаған» дейді. Оның себебі – бұрынғы заманда Қосан деген ойыншыны тағы бір ойыншы дәл осы 7-ші отауда әлденеше рет «тұздида» отырғызыпты, содан ыза болып жылапты-мыс. *Сегізінші отауды* «Көкмойын» дейді, себебі, мұнда да көптен-көп «тұзди» алынатын көрінеді және бұл жерге көп құмалақ жиналып қала береді. *Тоғызыншы отауды* «Аққасқа»дейді. Себебі, бұл шұңқырда құмалақ көп жатады. Ойыншы бұл отаудан өз құмалағын шығарса-ақ, қарсы жақтың отауына түседі, бірден оған аттап түсу ойыншыға пайдалы болмайды. Өзін жауып кетіп барып жүрсе, әрине, тиімді болады. Соңғы жылдары оның біреуі ғана кеңірек тарауда, жарыс та сол бойынша өткізіледі.

Тоғызқұмалақ атауларын беруде зерттеушілердің пікірінде әртүрлілік байқалады. М.Тәнекеев пен М.Рақымқұлов ойыншылардың ұтқан құмалақтарын жинайтын үлкен орталықтағы ұяны *қазан* десе, қарт ойыншылар оны *орда* дейді. Құмалақты салатын шұңқырларды М.Тәнекеев пен М.Райымқұлов *тау, отау* десе, қарт ойыншылар «ұя» деп атайды. Ұя аттары да әртүрлі айтылып жүр. Біресе «Алды», «Көкмойын», «Жамантай», «Құспек», «Орта», «Қарашелек», «Атаспас», енді бірде «Маңдай», «Көкмойын», «Қандықақпан», «Белбасар», «Бел», «Атсыратар», «Атөтпес», «Көшпелі», «Таңдық» делінеді. Сонымен бірге, ұтқан адамдарды қалай білеміз? 1-ші *тұздық* алған әрі құмалағы көп адамды ұтқан деп есептеу керек сияқты. Қазіргі өткізіліп жүрген ұлт ойындарының бірі «Тоғызқұмалақ» деп аталғанымен, шын мәнінде тоғызқұмалақ емес, *бұзаулатпа* деп аталатын ойын сияқты. *Бұзаулатпаның* тоғызқұмалаққа ұқсастығы да бар. Дегенмен, бұзаулатпаның ойын тәртібі тоғызқұмалақтан өзгеше. Бұрын бұзаулатпаны далада мал бағып жүрген малшылар, бала-шағалар өрісте бір-бірімен кездесе қалғанда, аз-кем уақытты қызықты өткізу үшін ойнайтын. Себебі бұзаулатпаны ойнауға көп уақыт кетпейді.

Бұдан басқа *үлкен тоғызқұмалақ* деген атау бар. Ойынның бұл түрін ойнаудың қилы-қилы тәсілдері болған сияқты. Ертеректе Құду деген ойыншы «алды» деген ұядан бастап жүрген екен. Сол Құду өзімен ойнаған ойыншыларды ұта беріпті. Құду өзі кедей болса да, байлармен, ұлықтармен ойнағанда да, оларды шыдатпапты. Құдуды менсінбеген әлділер оның тоғызқұмалақты «Алды» деген ұядан бастап жүріп, ұтатын әдісін «Құдудың қу

қасқасы» деп атап кеткен екен. Сол кездегі кейбір ойыншылар «алды» ұясынан бастап ойнауды көп қолданбай, өздерінше жаңа әдіс тауыпты, көбінесе «Белбасар» ұясынан бастап ойналатын болыпты. Себебі «Құдудың қу қасқасы» тым әйгілі әдіс болып, көнере бастаса керек. Кейінірек ойыншылар «Белбасар» ұясынан бастап жүруді де елге әбден мәлім әдіс деп санап, «Атаспас» ұясынан бастап жүруді жаңалық етіп енгізеді. «Алды», «Көкмойын», «Жамантай», «Құсбек», «Орта», «Қарашелек», «Атаспас», «Көтей» деп, бір-біріне іргелес жасалған ұяларды атайды. Осы аталған ұялардың алдында ең үлкен бір ұя болады. Оны «Орда» деп атайды. Қазір кейбір ойыншылардың «қазан» деп жүргені – осы «Орда».

Енді біз М. Райымқұловтың кітапшасындағы ұялардың аттарын салыстырып көргенде, мынандай қайшылықтарды байқаймыз: «Алды» – «Маңдай», «Көкмойын» (дұрыс аталған), «Жамантай» – «Қанды қақпан», «Құсбек» – «Белбасар», «Орта» – «Бел», «Қарашелек» – «Атсыратар», «Атаспас» – «Атөтпес», «Белбасар» – «Көшпелі», «Көтей» – «Тандық». М. Рақымқұловтың кітапшасындағы аттардың көпшілігі қазақтың табиғи ой жүйесін құру салтынан, әдетінен шалғай жатқан сияқты. Мысалы, қазақ орталықты «Қазан» деп атамайды, ал «Орда» деп атау қисынға келеді.

Жоғарыда айтылған М. Тәнекеевтің кітапшасында «Тоғызқұмалақ» ойынын жетілдіруге ерекше назар аудару керек» деген дұрыс пікір айтылған. *Тоғызқұмалақ* ойынын жетілдіру үшін, керекті деректерді ел арасынан жинау керек. Қазақ халқының төл өнері – тоғызқұмалқ бүгінде бір ғана ұлттың спорты емес, үлкен бұқаралық спорт түрлері сияқты жұртшылық қолдауын тауып, қазір дәуір талабына сәйкес дамып, өріс алып келеді. *Тоғызқұмалақ* бүкіл түркі халықтарының даналығының туындысы ретінде Орта Азиялық, дүниежүзілік спорт ойындарының төрінен орын алуға лайықты алтын қазына. *Тоғызқұмалақ* ойыны әсіресе Отан соғысынан кейінгі жылдары кеңінен тарай бастады. 1984 жылы Алматыда Қазақ КСР-інің чемпионаты өткізілді. *Тоғызқұмалақ* ойынының ережелері 1949 жылы жарық көрген. 1960 жылдан бастап тоғызқұмалақтан аудандық және облыстық жарыстар өткізіліп тұрды. Бұл жарыстарға Қырғызстан, Алтай өлкесінен де ойыншылар қатынасты [6;125, 126, 142-б].

Тоғызқұмалақ қағидалары басқа тақтай (үстел) ойындарына да түгелдей қатысты. Яғни бұл ойынды басқа халықтар тәжірибесіне де пайдалануға болады. Мұндай негізі бір, ережелері бір ойындарды кең тарату арқылы ұлтаралық ғана емес, халықаралық та ойын ойлап шығаруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта да тоғызқұмалқ ойыны жылдан-жылға халық арасына кең тарап келеді. Тілдік тұрғыдан алғанда *тоғызқұмалақ* атауы халық тілінде ежелден белгілі сөздерден құралған, құрамындағы сөздердің лексикалық құрамы, мағыналары айқын. *Тоғыз* және *құмалақ* сөздерінің тіркесі ауыс мағынада қолданылып, соған шектес, қатысты ұғымды білдіруіне байланысты, келе-келе бірінші аталымдық ойын атауына айналып кеткен. *Тоғыз* сөзі, оның мағынасы көптеген шығыс халықтарында ерекше мәнге ие. Мысалы, моңғолдар 9 санын қасиетті деп есептеп, ханға жіберілетін сыйлық 9 заттан тұратын болған. Сол салт татарларда сақталған: қалыңдыққа берілетін сыйлық 9 заттан тұрады [7;78-б]. *Құмалақ* сөзі де ежелден белгілі М. Қашқарида *қомуқ* «жылқының құмалағы» *қомуқла* «жылқы құмалақтады» [8;ДТС:455-б] түрінде берілген.

Дойбы – ертеден белгілі халық ойынының атауы. Дойбы арнаулы тақтада ойналады. Ол тақта $8 \times 8 = 64$ тең шаршыдан тұрады. Әрбір жеке шаршылар ақ және қара түске боялған. Дойбылар осы шаршылардың қара түстеріне тігіледі. Тақтаны алға дұрыс қою үшін біріне-бірі қарсы отырған ойыншылардың оң қолына тақтаның ақ түсіне боялған шаршысы келуі тиіс. Дойбы тақтасында сегіз көлденең қатар бар да, сегіз тік қатар бар. «Қатар» дегеніміз ақ және қара түске боялған шаршылардың тік немесе көлденең тізбегі. Диаграмма дегеніміз дойбы тақтасының қағазға түскен суреті.

Дойбы тақтасындағы тігінен жатқан сегіз қатар латын әріптерімен, ал көлденең жатқандары бірден сегізге дейінгі реттік санмен белгіленеді. Мұны дойбы тақтасының нотациясы дейді. Тақтаға мұндай белгілер қою тастардың қай жерде тұрғандығын және қандай жағдайда екендігін қағаз бетіне түсіруге, сонымен қатар оқуға мүмкіндік береді.

Дойбыны әрқашан екі адам ойнайды. Кейде бірнеше адамның екі жаққа ойнауларына да болады. Дойбы ойнаушылар үстелдің екі жағына қарама-қарсы отырады да, дойбы тақтасын алдарына дұрыстап қойып, әрқайсысы өз жағынан бірінші қатардан бастап үшінші қатарға шейін (үшінші қатарды қоса) қара түсті шаршыларға он екі тас тігеді. Екі жақтың тастарын бір-бірінен ажырату үшін бір жақтың тасы ақ, екінші жақтың тасы қара түсті болады. Бұларды қысқаша «ақ жағы», «қара жағы» дейді.

Дойбы тастары қарама-қарсы жақтың бірінші қатарына жетіп, биге айналғанша, «жай тастар» деп аталады. Жай тас алға қарай бір шаршыға қарай жүреді. Тасты кейін қарай жүруге болмайды. Егер де бір жақтың тасы екінші жақтың тасына қиғаш қарсы келіп қалса және диагональ бойынша тастың артындағы шаршы бос болса, онда сол бос шаршыға алғашқы тасты қарғытып қойып, қарсы жақтың тасын тақтадан алып тастауға болады. Міне, бұл операцияны «шабыт» немесе «жеу» деп атайды.

«Шабыт» та негізінен жүріске саналады. Бірақ бұл «шабытты жүріс» деп аталады. Қарсы жақтың тасын алға қарай да, артқа қарай да жеуге болады. Бұл шабытты жүрістің жай жүрістен ерекшелігін сипаттайды. Кейде бір таспен бірнеше тасты жеуге болады. Бірнеше тасты бірден жеу «күрделі шабыт» деп аталады. Дойбы ережесінде «түкіріп алу» деген заң жоқ. Ал егер ойыншы өз кезегі келгенде жейтін тасын байқамай басқа бір тас жүре қалса, екінші ойыншы оған тасты жеуді ескертеді. Егер де жай тастар бірнеше жүрістерден кейін немесе шабыттардан кейін қарсыласының бірінші қатарына жетсе, олар өздерінің байырғы күштерінен басқа, жаңа күшке ие болады, яғни олар дойбы ойынының атауы бойынша «биге» айналады. Би болған тастың жүрісі ұзарады. Ол диагональдың ұзын бойымен немесе диагональдың кез келген шаршысына жүре алады. Ойында кездесетін атаулардың түсінігі осындай, олардың бәрі де халық тілінде белгілі сөздердің ауыс мағынасынан туып, екінші аталымдық сипатқа ие болған. Дойбы сөзінің шыққан тегі белгісіз [9;45-46-б].

Ой ойындарының бір тобы балалардың ой-өрісін кеңейтуге, байқампаздығын, аңғарымпаздығын жетілдіруге, сол арқылы тілін, сөздік қорын байтуға арналған. Ой ойындарының мұндай қасиеттері төмендегі ойын атауларының мазмұнынан айқын көрінеді.

Байқап қал ойыны. Ойын көру, ойда сақтау қабілетін жетілдіре түседі [9;24-б]. Ойын атауы *байқап* және *қал* сөздерінің тіркесі шектес ұғымды

білдіруіне байланысты ауыс мағынада ойын атауына айналған. *Байқап қал* жалпы бір нәрсені байқауды емес, нақты нысанды байқауды меңзеп тұр.

Санамақ ойын атауы. Бұл ойынды 1-5 жас аралығындағы балалар жеке-жеке де, топтанып та ойнайды [6;153-б]. Санамақ ойыны мәтіндегі сөздер негізінен балалардың өздеріне таныс сөздер. Тек қазіргі балалар *білеу*, *үскі*, *торқа* сөздерінің мағынасын түсінбеуі мүмкін. *Білеу* – жұқалаң келген қайрақ дегенді және заттың жұп-жұмыр екендігін білдіретін сын есім (*білеудей темір*). *Үскі* – ағаш не былғарыны тесуде қолданылатын іші қуыс біз. *Торқа* – қымбат, бағалы жібек мата дегенді білдіреді. Мәтіндегі әрбір санды айтылуы жағынан соған үндес келетін басқа зат атауларына балап айту сандарды тез үйренуге, есте сақтауға мүмкіндік береді. Былай қарағанда балап айтылатын зат атаулары мен сандардың арасында ешқандай семантикалық байланыс жоқ. Бірақ дыбыстық үндесімдердің аллитерациялық, ассонанстық үйлесімі әрбір тіркестің стильдік-экспрессиялық әсерін күшейтіп тұр. Мысалы, *бір дегенім – білеу* дегенде әрі аллитерация (б-б), әрі ассонанстық (і-і) дыбыстық үйлесім бар. *Үш дегенім – үскі* де солай, ол ассонанстық (ү-ү) және жіңішке буындық үйлесімге негізделген. Осылайша туған стильдік әсер тартымды түрде сандарды тез үйренуге баулиды.

Жаңылма – балаларды зерделілікке, ұқыптылыққа, байқампаздыққа баулитын ойын атауы. Бір топ ойыншылар қол ұстасып, дөңгелене тұрып, ортасынан санамақ айтып, бір баланы ортаға шақырады. Шыққан бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып, кез келген жерден түрлі қимыл жасайды. Мысалы, басын сипайды, көзін қысады, жата қалады. Осы істелген қимылдарды қайталай алмаған ойыншы айыпты болып, өлең айтады, қызықты әңгіме айтып күлдіреді [9;22-б]. *Жаңылма* – етістік түбір «*жаңыл*» сөзіне болымсыздық мән тудыратын -*ма* қосылу арқылы жасалған, халық тілінде белгілі сөз. Ә. Қайдар *жаңыл* сөзінің тарихи тегін *жаң+ыл* деп ажыратады [10;211-б]. М. Қашқарида *жаңыл* осы күнгі белгілі мағынасында берілген [8;ДТС:234-б]. Қазақ тілінде *жаңылма* болымсыздық етістігі шектестік, қатыстық мағынада қолданылуына байланысты заттық сипаты бар номинативті ойын атауына айналған.

Жаңылтпаш – айтуға қиын тиетін сөздерден, сөз тіркестерінен құралған ауыз әдебиетіндегі шағын жанр атауы [1;ҚТТС:3т.,655-б]. *Ән арасында жаңылтпаш, тақпақ, күлдіргі әңгімелер айтылып маз болады* (Т. Ахтанов). *Жаңылтпаш* – қазақ ұлттық ойындарының ерекше түрі, қызықтысы, күлдіргісі, балалардың тіл сындырып, тіл үйренуіне себепші болады. Жаңылтпаштың сөздері, сөз тіркестері адамды жаңылдырарлықтай қиын, көбінесе, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады, қарасөз немесе өлең түрінде айтылады. Жаңылтпаш ойын-сауықтың мәйегі. Ойын тәртібі бойынша басқарушы оның мәтінін айтады да, ойынға қатысушыдан үш рет тез-тез қайталауды сұрайды. Сөз тіркестерінің айтуға қиындығы жаңылдырмай қоймайды, жұртшылықты күлкіге кенелтеді. Бұған көз жеткізу үшін бірнешеуін оқып талдап көрелік. *Суда сең келеді, сең үстінде сегіз серке тең келеді. Сақалын суға мала, сілке, сақалын суға мала, сілке* деген жаңылтпаштағы с дыбысынан басталатын *суда, сең, сегіз, серке, сақалын, сілке* сөздерін екі реттен қайталап айтуда қиындық тудырып, тіл сындырады. Мәтіндегі аллитерациялық (с-с) дыбыстық қайталаулар, *келеді* сөзінің қайталануы әрі жаңылтпаштың тартымдылығын, стильдік әрін күшейтіп тұр. *Көгеріп көк өрік, көп өрік, Ағашта тұр көк өрік көгеріп* деген жаңылтпаштағы *көгеріп, көк өрік, көп өрік* сөздері мен тіркестерінің

қайталануы, бір-біріне тіркес-тіркес келуі бұл сөздердегі аллитерациялық (к-к) және ассонанстық (ө-ө) дыбыстық үйлесімдер жаңылтпаштың стильдік тұрғыда тартымдылығын арттырумен бірге, айтуға қиындығын да тудырып тұрған сияқты.

Бұл ой ойындары баланың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтіп, терең ойлануға, тәртіптілікке, мәдениеттілікке, әділеттілікке, ізгілікке төзімділікке, сабырлылыққа, көп еңбектенуге, діттеген мақсатқа қол жеткізуге, батылдыққа, тез арада дұрыс шешім қабылдауға, жігер - намысты шыңдауға, достық пен отан сүйгіштікке тәрбиелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 тт.-Алматы: Ғылым, 1974-1986.-32 б.
- 2 Сұлтанбеков Т. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ.-Алматы: Қазақстан, 1967. – 219 б.
- 3 Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ.-Алматы: Қазақстан, 1975. – 202 б.
- 4 Танекеев М. Казахские национальные виды спорта и игры. Алма-Ата: Казахстан, 1957. – 60 с.
- 5 Рақымқұлов М. Тоғызқұмалақ.-Алматы 1975. – 58 б.
- 6 Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары.-Алматы: Қайнар, 1994. –144 б.
- 7 Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материале произведений М.Ауэзова).-Алма-Ата: Наука, 1989. – 283 с.
- 8 Древнетюркский словарь.-Ленинград: Наука, Ленингр. отд., 1969. - 676 с.
- 9 Қазақтың ұлттық ойындары. Құраст.: С.Тайжанов, С.І. Қасымбекова.-Алматы, 2004. – 115 б.
- 10 Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке.- Алма-Ата: Наука, 1986. – 323 с.

Резюме

В данной статье идет речь о способах образования наименований игр, способствующих развитию мышления и кругозора детей.

Resume

The ways of forming of the game names promoting the development of thought and outlook of the children are examined in this article.

УДК 336,64

Ю.А.СТАЦУРИНА

кандидат экономических наук, доцент,
заведующая кафедрой «Экономических и математических дисциплин»,
Евразийский гуманитарный институт

К ВОПРОСУ О МЕТОДАХ ФИНАНСИРОВАНИЯ ОСНОВНОГО КАПИТАЛА КОМПАНИЙ (НА ПРИМЕРЕ АО «ИНТЕРГАЗ ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ»)

Аннотация

В статье автором раскрыты некоторые методы финансирования основного капитала компаний, эффективность использования заемного и собственного капитала. Автором отмечено, что одним из альтернативных методов обеспечения необходимой финансовой базы для создания, модернизации, содержания и эксплуатации основного капитала в условиях ограниченности государственных ресурсов является метод государственно-частного партнерства.

Ключевые слова: собственный капитал, заемный капитал, государственно-частное партнерство (ГЧП), финансирование, основной капитал.

В Послании Президента Республики Казахстан к народу «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» подчеркивается, что суть экономической политики нового курса – это всеобъемлющий экономический прагматизм. Фактически, это кардинальная ломка наших сегодняшних взглядов и подходов, благодаря созданию благоприятного инвестиционного климата с целью наращивания экономического потенциала [1, с.2]. Усиление инвестиционной активности в реальном секторе экономики имеет принципиальное значение для обновления производственного потенциала промышленности, строительства, транспорта, связи, сельского хозяйства и других отраслей экономики, в том числе нефтегазовой. Эффективность инвестиций в основной капитал является важнейшим аспектом аналитической работы, так как основной капитал является материальным выражением научно-технического процесса, главного фактора повышения эффективности производства [2, с.31].

Положительная динамика газовой отрасли Казахстана во многом связана с деятельностью компании АО «Интергаз Центральная Азия», созданной в июле 1997 года. Компания осуществляет непосредственное управление газотранспортной системой Казахстана и входит в состав группы компаний АО «КазТрансГаз» (дочерняя АО НК «КазМунайГаз»). Являясь дочерней компанией АО «КазТрансГаз», АО «Интергаз Центральная Азия» обеспечивает управление системой отечественных магистральных газопроводов, транспортировку

природного газа для внутренних потребителей (9 из 14 областей страны) и на экспорт, а также международный транзит газа [3].

Как видно из рисунка 1, компания использует два вида источников, заемные и собственные средства. За анализируемый период только в 2014 году были использованы заемные средства на сумму 82 млрд. тенге, в то время как собственные средства в этом же году составили 57 млрд. тенге. В последующие годы компания использует только собственные средства в капитальные вложения. В 2014 году произошло уменьшение капитальных вложений по сравнению с 2013 годом на 118 млрд. тенге. Такая ситуация связана со снижением финансирования инвестиций именно в основной капитал. В 2013 году были профинансированы объединенный проект «Строительство участков лупинга САЦ4» и строительства ТКЦ-4 «КС Опорная» на сумму 82 млрд. тенге (за счет займов), для обеспечения текущего уровня магистрального газопровода «САЦ», «Макат-Северный Кавказ», «Окарем-Бейнеу» было выделено 57 млрд. тенге. Магистральному газопроводу «Макат-Северный Кавказ» требовалось срочное обновление вследствие изношенности и отсутствия продолжительного ремонта[4]. Именно поэтому компания выделила все свои собственные средства на ремонт и решила взять займы у немецкой компании «MAN TURBO AG».



Рисунок 1 - Состав и структура источников капитальных вложений на АО «Интергаз Центральная Азия» за 2010-2014 гг., в %.

Примечание: - составлено автором на основе источника [3].

